

ЭКОЛОГИЯ НЕГІЗДЕРІ

Ә.С.Сейітқазиев., Қ.М.Мұзбаева.,
Қ.Ә.Сейітқазиева

оку құралы



**Ә.С.Сейітқазиев.,Қ.М.Мұзбаева.,
Қ.Ә.Сейітқазиева**

ЭКОЛОГИЯ НЕГІЗДЕРІ

Оқу қуралы

Алматы 2014

«Сандария» университеті

КІТАПХАНА

Инв.№ 54730

Пікір жазғандар:

Кенжетаев Г.Ж.-т.ғ.д.,профессор,Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжинириング университетінің «Экология»кафедрасының менгерушісі;

Мұстафаев Ж.С.- т.ғ.д.,профессор, М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті «Мелиорация және агрономия »кафедрасының менгерушісі;

Бекбаев Р.Қ.- т.ғ.д.,профессор,ЖШС су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты «Мелиорация және сұғармалы алқаптардың экологиясы» бөлімінің менгерушісі.

Экология негіздері: оку құралы/ Ә.С.Сейітқазиев., Қ.М.Мұзбаева ., Қ.Ә.Сейітқазиева -Алматы ,2014 "Отан" ЖК -2586.

ISBN 9965-356-56-4

Оку құралы жоғары оку орындары университеттерінде , ғылыми-зерттеу институттары мамандарына,5B060800-Экология,5B050609-География,6M060800-Экология, 6M091100-Геоэкология және табиғатты пайдалануды басқару ,Сондай-ак, «Биология» және «Мелиорация және агрономия»бакалавриат , магистратура және PhD докторант мамандықтарына арналған .Сонымен қатар ,қошаган органды қоғау саласындағы мамандарға тәжрибелік және өндірістік жұмыстарды орындауға арналған .Оку құралында қошаган органды корғау Минстрлігінің атмосфералық ауа қабаты мен қошаган органды корғау ,есіресе, өнеркәсіп және мұнай өндіруші өндірістерінен атмосфераға шығарылатын зиянды заттердердің мөлшерін анықтаудың әдістемелік есептеу жолдары карастырылған. Әр бөлімдегі өндірістік және тәжірибелік жұмыстардың орындалу барысында ,нормативтік құжаттарды пайдаланып ,оларды колану тәсілдері бойынша болашақ мамандарға ой салып, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін салыстырып атқарады және өндіріске қажеттісін , колайлылысын тандауға мүмкіндік туады.

Оку құралы Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжинириング университетінің ғылыми Кеңесінде бекітлген (№3,хаттама ,15 наурыз 2011ж.)

© Ә.С.Сейітқазиев., Қ.М.Мұзбаева .,
Қ.Ә Сейітқазиева . - 2014
© "Отан" ЖК, 2014

МАЗМҰНЫ**KІРІСПЕ**

I Адамның биосферамен біртұтастығы

1.1 Адамның биосфераға және климатқа әсері

1.2 Антропогендік ықпалдардың пайда болуы

1.3 Еліміздің экологиялық мәселелері

2 Атмосфералық ауаның ластануы

2.1 Ластағыш заттардың ауада қалыптасуы

2.2 Атмосфералық ауа ластануын бағалау

2.3 Атмосфераға антропогендік әсер ету

2.4 Коршаган орта сапасын бағалау сынектары

2.5 Литосфераны ластаушылардан қорғау

2.6 Коршаган ортага антропогенді әсерді бағалаудың жүйелік адістері

3 Суды пайдаланудың экологиясы

3.1 Табиги сулардың ластануы

3.2 Жер беті және жер асты суларының ластануы

3.3 Су корларының ластануын тазалау әдістері

3.4 Су корларын қорғау

3.5 Су ортасындағы ластағыш заттарды өлшеу

3.6 Қазақстаның су корларының экологиялық мәселелері

3.7 Судың сапасын бағалаудың гидрохимиялық әдістері

4 Өсімдік тіршілігі үшін судың маңызы

4.1 Өсімдіктердегі су алмасудың жалпы сипаттамасы

4.2 Өсімдіктегі су тепе-тендігі

4.3 Өсімдіктердің суды шығындауы- транспирация

4.4 Өсімдікке судың ені және оның есімдік бойымен қозгалысы

4.5 Су ағынының негізгі қозғалтқыштары

4.6 Судың өсімдік бойымен қозгалуы

4.7 Өсімдіктерге судың сінірлілігіне сыртқы орта жағдайларының әсері

4.8 Өсімдіктің күргакшылыққа тәзімділігінің физиологиялық негіздері

5. Коршаган органдың ластануын бағалау

5.1 Топырактың экологиялық құйінің көрсеткіштері және бағалау

5.2 Судың ластану жағдайларын бақылау әдістері

5.3. Коршаган органдың химиялық, биологиялық, радиациялық ластанулары

5.4 Атмосфераның ластануы

5.5 Гидросфераның ластануы

5.6 Литосфераның ластануы

6 Өндіріс және тұрмыстық қалдықтарының сипаттамасы

6.1 Қалдықтардың жіктелу негіздері	138
6.2 Атмосфераға шығарылған қалдықтарды есептеу	144
6.3 Уытты шығарындылардың атмосферада таралуы	146
7 Өнеркәсіп және мұнай өндіруші өндірістерінен атмосферға шығарылатын зиянды заттердің әдістемелік есептеулери	160
7.1 Мұнайдың физика-химиялық қасиеттері	160
7.2 Тұтқырлық, тұтқыр-температуралық және мұнайдың оптикалық қасиеттері	164
7.3. Мұнай-химия және мұнай өндіруші өндірістердің атмосфераға шығарылатын жалпы зиянды заттердің есебі	177
8 Қоршаган ортаға шығарылған ластаушы қалдықтар көздеріне бағалау	206
8.1 Шекті рауалы концентрациялардың есептеудің әдістемелік негізделуі	219
8.2 Ағынды сулардың жинақтаушы тоғандардағы ШРШ есептеу	
8.3 Ландшафттар компоненттерінің экологиялық-мелиоративтік күйін бағалау сынамалары	224
8.3.1 Тұзданған топырактың экологиялық қауіптілік деңгейін анықтау	227
8.4 Адам мен табигат арасындағы қарым-катьнас	234
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	240
	245

Қоршаган ортаның мәселелері әртүрлілігімен бөлінеді, географиялық әрекеттің киындығымен және шұғылдылығымен ерекшеленеді. ХХ ғ. сонына қарай қоршаган ортаның табигатты пайдалануының жоғарлылығы, шектеу қойған сайын экологиялық бумеранг секілді қайталанып отырды. Адамзат әрекетінің, қоғамның индустріалды-тұтынушылыққа көзқарасы, қоршаган ортаның түрлі деңгейдегі иерархиялық нашарлауына, Экологиялық және геоэкологиялық негізде түсіндірілді.

Экологиялық мәселелермен жағдайлардың бағалау критериилері(сынақтары)[1-3]:

Экологиялық мәселелердің себептерін анықтаудың критериилері(сынақтары):

- масштабына байланысты, аумақтың қамтылуы-жергілікті, аумақтық, жаһандық;
- себептері, антропогенді әсерлердің түрлері-табигатты игеру, антропогенді сонымен қатар кешендік, жер шаруашылығы, транспортты және гидротехникалық және т.б.
- нысанның әсері-табигат кешендеріне-атмосфералық, сулы, топыракты, геологиялық, биологиялық және кешендік.
- жағдайының маңыздылығы- өте маңызды (катастрофалық, тоқыраулық), маңызды (шұғыл), аса маңызды емес (конфликті және қуаттылығы);
- антропогенді әрекеттердің себептері-табиги қоршаган ортаға кері әсерлер, әр түрлі масштабтағы табиги әлеуеттің бұзылуы; Әрбір бағаланған аумақ, нақты табиги әлеуетін игеру, «табиги сыйымдылық». Оның бұзылуы экологиялық мәселенің З тобын сипаттайтын:

1. табиги экожүйенің әлеуетімен өзгерістерімен байланысты мәселелер, оның құрылымын сактау шаралары және функциялау антропогенді әсерді қалпына келтіру;
2. белгілі бір аумақтың табиги қорларды артық пайдалану, табиги ортаға туғызатын қауіптердің қоғамдық минералдышикізат өндірістерін және басқада табиги қорларды карастыру;
3. аумақтың экологиялық әлеуетіның төмендеуі, яғни, табиги жүйенің адамның қажеттіліктерін жеткізу (ауада, жарықта, жылуда, таза ауыз су) және жан байлығының еңбек әрекеттерін орындау шаралары. Аумақтың экологиялық әлеуетіның төмендеуі табиги сипаттағы ықпаллар (қауіпті табигат шаралары) және шаруашылық әсерлері.

Экологиялық жағдайдың маңыздылығы экологиялық мәселелердің нәтижесіне байланысты, сонында сипатының қарқындылығы.

Қанағаттанарлық жағдайының көрсеткіші аумақтың табиги

әлеуетінің бұзылмауы. Конфликті ситуация ландшафтагы өзгерістер, сонымен коса қорлардың құрылымы яғни, өзін өзі реттеудегі табиғатты қорғау шараларының жүргізуі.

Шұғыл жағдайлардағы ландшафттың жеке компоненттерінің деградациясы және табиғи қорлардың халықтың өмір сүру сапасын нашарлатуы.

Сын көзді жағдай ортасын аз компенсацияланған компоненттерінің нашарлауы, табиғи қорлардың құлдырауы, халықтың ауруға шалдығуының өмір сүрудің нашарлауы.

Экологиялық тоқырау жағдайы табиғи ортасын компенсацияланбаған өзгерістерінің тәжірибелік және маныздылығының сипаты; табиғи экожүйенің азық -түлікпен қамтамасыздандырылуы; халық денсаулығының күрт төмендеуі және қорлардың азауы, шұғыл шаралар колдануды қажет ететін жағдай.

Аса қауіпті экологиялық жағдай табиғат өзгерісінің қайталанбауы, табиғи қорларды жоғалту, ерекше табиғи нысандардың жоғалуы. Ол жай дамып, антропогенді нагружаның шектен тыс асып кетуі, немесе қауіпті техногенді апаттың АЭС немесе үлкен табиғи көлемдегі апат.

XXIғасындағы әлемдік экологиялық жағдайдың құрылуы, көп зерттеу жұмыстарына байланысты тоқырау көрсеткіштері, жердің географиялық қабатына тәндірген қауіппен планетадағы халық денсаулығының сақталуы. Экологиялық мәселелардың локалды кешендері және оның күрделілігін бағалау жаһандық экологиялық тоқыраудың қоғамда дамуын көрсетеді.

I Адамның биосферамен біртұтастығы

1.1 Адамның биосфераға және климатқа әсері

Адамзат қоғамының қалыптасуының ерте кезендерінде ак адамдардың тіршілік ету жағдайлары мен олардың денсаулығының ерекшеліктерінің арасындағы байланыс байқалған. Осыдан екі мың жылдай бұрын ежелгі кезеңінде ұлы дәрігері Гиппократ (шамамен б.з.д. 460-370) түрлі жерлерді мекендеген тұрғын халықтардың денсаулығына климаттың, судың, жер бедері мен жыл мезгілдерінің тигізетін әсерін сипаттап қана қоймай, Жерорта теңізінің Еуропалық, Азиялық және Африкалық жағалауларын мекендеген халықтарға салыстырмалы антропологиялық сипат берді. Оның еңбектерінде сыртқы ортасын ықпалдары, тіршілік сипаты адамның сезіштік (дене құрылсының) және қызу қандылық қасиеттерінің қалыптасуына белгілі бір ықпалына тигізетін дәлелдейтін көптеген мысалдар бар.

XVII ғасырда түрлі аймақтардағы табиғи және әлеуметтік жағдайлардың сол жерді мекендейтін адамдардың денсаулығына әсерін зерттейтін ғылым – медициналық география пайда болды. Оның негізін итальяндық Б.Рамаццини (1633-1714) қалады.

Ресейде медициналық географияға байланысты алғашқы еңбектер XVIII ғасырдың ортасында жасалды. Осы кезенде егжей-тегжейлі медициналық-географиялық сипаттамалар жасалды, бұл жұмыстарда нақты бір жердің жағдайларының оның тұрғындарының денсаулығына жағымсыз да, жағымды да ықпалы жан-жақты баяндалды. Н.Ф. Реймерстің (1992) пікірінше, адам экологиясы басқа атаумен болса да классикалық биологиялық экологиямен (биоэкологиямен) бір мезгілде дерлік пайда болды. Көптеген жылдар бойы ол екі бағытта қалыптасты – ағза ретіндегі адам экологиясы және әлеуметтік экологиядан үлкен, әрі кең. Бұл бағыт «адам экологиясы» деген атаумен кеңінен дамыды, бұл туралы мәліметтерді И.И. Мечниковтың «Адам табиғаты туралы этюдтер» (1903) және «Оптимизм этюдтері» (1907) атты кітаптарында кездестіруге болады. Орыс дәрігері профессор А.А. Остроумов 1895жылы жарыққа шыққан «Клиникалық дәрістерінде»: «Біздің зерттеу затымыз қалыпты өмірі оның тіршілік ету жағдайларымен бұзылған науқас адам болып табылады» деп жазды.

Адамның ғарышка үшуына, көптеген айлар бойы су астында тіршілік етуге үйренгеніне қарамастан ол коршаған ортасын қатаң айқындалған (эволюциямен) жағдайлары немесе экологиялық ықпалдар: ауаның газды құрамы, тағаммен ассимиляцияланатын заттардың

жынтығы (жарықтану, ылғалдылық алмасуы, температура т.б.) қажет биологиялық түр болып табылады.

Кез- келген тірі организмнің қоршаған орта сапасына қоятын талаптары консервативті. Ықпал тәртіппері өзгергенде, табиги ортаның қандай да бір құрамдас бөліктері организмге қажетті калыптардан ауытқығанда тіршілік әрекетінің бұл ауытқулардың тіршілікпен сәйкес келмеуге дейінгі бұзылыстары болуы мүмкін. Адам биосфераның биотикалыққа кіреді, онда ол продуценттермен коректік тізбек арқылы байланысады. Өзі бірінші және екінші реттік консументтеріне жатады, гетеротрофка жатады, дайын органикалық заттар мен биогенді элементтерді пайдаланады, зат айналымына қатысады. Адам тірі заттардың физикалық – химиялық біртұастық заңына бағынады (В.И. Вернадский). Тірі организмдердің барлық сан алуандығына қарамастан олардың физикалық – химиялық жағынан ұқсастығы соншалық, біреулері үшін зиянды нәрсе басқалары үшін де тіпті әсерсіз бола алмайды.

Адам үшін орта жағдайларының организмнің генетикалық алдын-ала анықталуына сәйкес келу заңы орындалады: организм түрлері оны қоршаған табиги ортада осы түрдің бейімделуінің генетикалық мүмкіндіктеріне ортаның ауытқулары сәйкес келгенде ғана тіршілік ете алады. Эр түр белгілі бір ортада пайда болады және ол әрі қарай енді сол ортада ғана тіршілік етеді. Тіршілік ортасын күрт өзгеруі түрдің генетикалық мүмкіндіктерін тіршіліктің жаңа жағдайларына бейімделуі үшін жеткіліксіз болып шығуына әкеп соғуы мүмкін.

Осыған байланысты адамның табигатты өзгертуі казір тіршілік етіп отырған түрлер үшін, оның ішінде ерекше биологиялық түр болып табылатын өзі үшін де аса қауіпті. Биосфера адам мен басқа да тірі ағзалардың бірден – бір мекен ету ортасы болып табылады. В.И. Вернадский мен басқа да бірқатар ғалымдардың теориясынан биосфераның алмастырылмайтындығы заңы шығады [1-4]. Биосфера – бұл туындаған кез келген ауытқуларды тіршілік ортасының тұрақтылығын қамтамасыз ететін жалғыз жүйе. Қоршаған ортаның тұрақтылығын табиги бірлестіктер құруға үміттенуге ешбір негіз жоқ.

«Адам барлық тірі ағзалар тәрізді ғаламшар аспектісінде тек тіршілік аймағында - биосфера, өзі сонымен берік байланыскан және одан кете алмайтын белгілі бір жер кабатында ғана ойлап, әрекет жасай алады. Оның тіршілік етуі оның атқаратын қызметі болып табылады» (В.И. Вернадский) [6].

Адамның биосферамен біртұастығы ноосфераны құрудың басты мақсатын көрсетеді. Ол биосфераның адам биотикалық түр ретінде пайда болып, өз денсаулығы мен өмірін сақтай отырып, тіршілік ететін типін

сақтап калуда жатыр. Тек адамзаттың саналы әрекеттілігі ғана ғаламдық дамудың басты айқындаушы ықпалына айналады. «Ноосфера – біздін ғаламшарымыздың жаңа геологиялық құбылыс, ал адам – ірі геологиялық қүш» (В.И. Вернадский) [4-6]. Ноосфераны жасауда негізгі екі тәсіл бар: а) бүкіл биосфераның өзгеруіне әкелетін үрдістерді шектеу; б) техносфераны биосферадан толыктай дерлік оқшаулау арқылы оны барынша сақтау. Демек, даму екі бағытта жүре алады.

Атмосфераның ластану көздері мен құрамы. Атмосфера табиги және жасанды (антропогендік) жолмен ластанады.

Табиги ластану – елді мекендерден, қалалардан және өнеркәсіптік нысандардан алыс жерлердегі әр түрлі қоспалардың (газдар, шандар, химиялық заттар) концентрациялары елді мекендерге арналған ШРК тен алде кайда аз (2-3 ессе және одан жоғары) атмосфералық ауа сапасының күші.

Бұл ластанулар табиги үрдістердің нәтижесінде пайда болады (төніздерден, мұхиттардан, колдерден шығатын буланулардан, жанартаулар атылуынан, табигатта болып тұратын циклондар мен антициклондардан, биогеохимиялық провинциялар регионадарынан, табиги радиациялық нұскадан).

Атмосфералық антропогендік (жасанды) ластанулар – адамның шаруашылық қызметі нәтижесінде өнеркәсіптік, энергетикалық, транспорттық және ауылшаруашылық көздерінен зиянды шығарындылардан болған, атмосфера сапасының өзгеруі.

Елді мекендердің ауа алабының антропогендік ластануларының салдары атмосфералық ауа сапасының нашарлануымен білінеді, ал ол қоршаған ортаның басқа нысандарының (топырак, өсімдік) сапасы нашарлануына ықпал жасауы және тұргындар денсаулығының күйіне кері әсері болуы ықтимал.

Жер тұргындарының денсаулығына әсер ететін негізгі ықпалдардың бірі атмосфералық ауа тазалығы болады. Ең таза ауа мұхиттар үстінде болады. Шан тәрізді газ тәрізді қоспалар ауылдық елді мекендер ауа алабында, мұхиттар үстіндегі мөлшерден 10 ессе, орташа қалаларда 35 ессе, ал өнеркәсіптік орындарда 150 ессе көп.

Метеорологиялық жағдайларда қала үстіндегі ауа тынып, тоқырауына ықпал жасайтын кезде атмосфера ластануы жағдайларының адамға, әсіресе ауыр тиетін кездері байқалады.

Ауа ластайтын газдар қоспалары кейде сол газдардың өздерінен қауіпті, өйткені олардың өзара қатынастарында жаңа заттар өзін тудыргандардан каталдау болуы мүмкін. Осындай каталды жаңа зат пайда болу үлгісі – смог (тұтін тұманы).

Тұтін және ете ұсақ қалқыған катты заттар *smog* (ағылш. Smoke – тұтін және fog – тұмен). Тұтіннен шықкан ең ірі катастрофа 1952 жылы Лондонда болды. Төменгі температура мен желдін мұлдем жоқтығына-

байланысты, Лондон 5 күн бойы тұманға оранды. Сонда SO_2 мөлшері 5-10 mg/m^3 жетті. Сол уақыт ішінде 1000-ға жақын адам қырылды. 10000 адам қатты ауырды. Осындай типтегі смогтар Лондон немесе қыс смогы деп аталады.

Смогы атмосфералық ауда күкірт қостотығы мен қалқыган қатты бөлшектер қатысуымен сипатталады және күкірт құрамды отын жануының нәтижесінде болады. Смогтың осы түрінің ең қауіпті компоненті күкірт қышқылы болады. Элемнің үлкен қалаларының үстінде Лос-Анжелестік жаздық фотохимиялық смог пайда болы жиілеуде.

Азот қостотығы, күкірт қостотығы және альдегидтер ультракүлгін сәулелерді сініруге және белсенді күйге енуге кабілетті. Озон түзілуінде ең үлкен орынды азот қостотығыне беріледі.

Адам және биосфера- 1978 жылы ЮНЕСКО -ның 16-Бас сессиясының конференциясында қабылданған халықаралық гылыми-зерттеу бағдарламасы. Бұл бағдарламаға 100-ден аса мемлекет колдау көрсетеді.

Негізгі мақсаты – же шарындағы барлық құрлықтарда адам баласының биосфераға әсерін, ықпалын, табиғаттағы құрделі өзгерістердің адам денсаулығына тигізетін зиянын зерттеу, бакылау және оған дұрыс баға беру. Сондай-ақ оған адамзаттың табиғатқа тигізетін сан қырлы іс-әрекеттері (жерді пайдалану, инженерлі- техникалық жұмыстар, энергия көздерін пайдалану, т.б.), жер шарының биомдарына (орман, тундра, саванналар, дала, шөл-шөлейттер, т.б.) әсері және коршаған ортаға гылыми-техникалық жетістіктердің тигізетін теріс ықпалы туралы сияқты мәселелерді зерттеу де енеді. Ауда алабының ластануына байланысты орман, тогай экожүйелеріндегі өзгерістер, табиғаттағы ауытқулар, табиғи қорлардың сарқылуы, жер қорларының құнсыздануы, яғни, шөлге айналу фактілері және таулы өлкелердегі туризмнің дамуына байланысты туындалған мәселелер жан-жақты қарастырылған.

Климаттың ауыл шаруашылығына тигізетін әсері де ерекше. Бір дақылдарға жылу, екіншілеріне ылғал, үшіншілеріне жарық көбірек керек. Республиканың солтүстік және орталық аудандарындағы климат жағдайлары егін шаруашылығымен айналысуға мүмкіндік береді, ал онтүстік аудандарда суармалы егіншілік дамыған. Бірақ климат жағдайлары адамның шаруашылық әрекетіне барлық уақытта қолайлы емес. Қолайсыз, тіпті зиянды атмосфералық құбылыстарға куанышылық, аңызак, үсік, көктайғақ, шанды дауылдарды жатқызуға болады.

Казакстанның климаты жалпы құрғактығымен ерекше көзге түседі. Әсіресе онтүстікте жаз ете ыстық болады. Құмның беті 60° - 70°C -ка дейін қызады. Мұндай **климат** жағдайы солтүстік аудандарда да жиі болып

тұрады. Күргақ ауаның пайда болуы күшті қызған және тропиктік ауда массасының басым болған кезімен байланысты. Оған ылғалы аз, ыстық қүргақ жел — аңызак тән. Аңызак желді күндердің ұзактығы табиғат аймақтарында түрліше болады: дала аймағына жылына 5-10 күн, шөлдейт аймағына 40, Қызылқұмда 100 күн. Қазақстан жерінде соңғы 20 жыл ішінде куанышылық 4 рет болды. Куанышылық пен аңызак ка карсы күресу үшін қар токтату, орман алқаптарын отыргызу, жер суару және т.б. арнайы агротехникалық шараптар колданылады.

Қазақстанда жылдың жылы мезгілінде байқалатын ерекше атмосфералық құбылыстың бірі — шанды дауыл. Олар желдің жылдамдығына және топырақ жамылғысының сипаттына тығыз байланысты. Шанды дауыл ауда қүргақ кезде, борпылдақ топыракты алапта согатын қатты жел. Олар топырактың үлтапарын үшірып, осімдік тамырларын ашып тастайды, ауда шаруашылығына көп зиян келтіреді. Қазақстанның дала аймағына орташа есептің жылына 20-38 күн шанды дауыл болады. Республиканың онтүстігінде құмды шолдерде, Балқаш көлінің онтүстігіндегі шанды дауыл 55-60 күн болады. Қазақстанның онтүстік-шығыс, шығыс тауларында шанды дауыл негізінен байқалмайды, ойткені олар тастакты және сазды аудандар болып есептеледі.

Кауырт атмосфералық құбылыска үсікте жатады. Үсік көктемнің аяқ кезінде, күздің басында, кейде теріскей жакта жазды күндері арктикалық ауда массасының енүіне байланысты болатын құбылыс. Ауаның температурасы қысқа мерзімде 0°C -тан төмөндеп, топырақ беті тоңазып кетеді. Ол егінге, жеміс ағаштарына көп зиян келтіреді. Қайталап егін егуге, жеміс ағаштарын отыргызуға қосымша каражат және енбек жұмсалады. Үсіктің қауіпті аудандары көбінесе Қазақстанның солтүстік және орталық бөліктері. Мұнда көктемгі үсікке шалдығу ықтималдығы (қарақұмық, жүгері, бидай, кияр, алмұрт, т.б. үшін) он жылдың ішінде 5 жыл, шөл аймағына (макта, жүзім, ғулдер және басқа жеміс тұқымдары үшін) 10 жылда 4 жыл үсік қаупі бар.

Республиканың халық шаруашылығына қолайсыз атмосфералық құбылыстардың бірі көктайғақ (көк мұз). Көбінесе, аязды ауда райынан кейін сіркіреме жауын жауғанда қалыптасады. Әдетте көктемде және күзде ауда райы салқындалп, жер беті 0°C -ка дейін сұнып, мөлдір және көгілдір жұп-жұқа (5 мм) мұзбен жабылады. Мұндай құбылыс мал шаруашылығына, адам баласына зияны үлкен, транспортта апаттар, байланыс және энергия желілерінде үзілістер туғызады. Көктайғақ республиканың онтүстік және орталық аудандарында жиі байқалады. Солтүстік аудандарда көктайғақ сирек байқалатын құбылыс. Республиканың батыс жазықтарында, орталығында және онтүстік-шығысында көктайғақтың қалындығы 15 мм-ге жетеді. Каратай жотасы,

Кыргыз, Іле Алатауларының жел жақ беткейлерінде оның қалыңдығы 22 мм-ге дейін барады.

1.2 Антропогендік ықпалдардың пайда болуы

Антропогендік ықпал деп адамның қызмет әрекетінен жаңа түрде туындастырылған ықпал. Адамның шаруашылық іс – әрекеті салдарынан коршаған ортаның кейбір жерлерінің өзгергені соншалық, табиғи құрауыштарының байланысы басқа болып, бұрынғы кешендермен салыстырғанда жаңа кешендер қалыптасады.

Дүниe жүзіндегі шөлдердің шығу тегі негізінде антропогендік болып саналады. Қазіргі уақытта шөл аумағы 10 млн. шаршы км – ге жетті, бұл бүкіл құрлық аумағының 7 пайзына жуық. Көптеген жер көлемінің өзгеруі шаруашылықтың, мысалы, егіс алқаптарының тым үлкен болуы, олардың дұрыс күтілмеуі, корғаныш орман – тогай белделері мен ықтырма белдеулердің болмауы, құрылым салу. Пайдалы қазбалар өндіру кезінде үстіңгі қабаттың жал жалаңаштануы, мaldың тым көп жайылуы тағы басқа жұмыстардың дұрыс жүргізілмеуі салдарынан орын алды.

Қазіргі кезде антропогендік ықпалдар әсерінің артуынан қурделі экологиялық мәселелер: көшеттің әсері, қышқыл жаңбыр, ормансыздану, ядролық қыс, озон қабатының жұқаруы мен тесілуі, шөлейттену т.б. туындаады. Антропогендік ықпалдарға өнеркәсіп индустріясының барлық салалары, көлік, ауыл шаруашылығы. Орман шаруашылығы, энергетика, атом қаруын сынау, мұнай, газ және тау – кен өндіріс салалары т.б. жатады[4].

Жоғарыда қарастырылған абиотикалық, биотикалық және антропогендік ықпалдардың табиғи қорларды пайдалану үрдістеріне ықпал ететін келген әсерлерін табиғи пайдаланудағы ықпал деп атайды. Табиғи пайдаланудағы ықпал нысандар түрлеріне байланысты үш топка болінеді:

- Табиғи қорларға ықпал жасайтындар;
- Өндірістің өзіне әсер ететіндер (мысалы, ортаның ластануы);
- Табиғат пайдаланушы ретінде адамға әсер тигізетіндер;

Сонымен, экологиялық ықпалдардың топтастырылуын талқылауды аяктай келе, олардың барлығының жиынтығы экожүйенің қасиеттеріне ғана емес, оның даму үрдісіне де басшылық жасайтындығына ерекше назар аудару қажеттігі сөзсіз. Коршаған ортаны корғау мен табиғи қорларды онтайлы жансыз компоненттері арасындағы байланыстардың ғылыми негіздерін ескермей шешуге болмайды.

Антропогендік өндірістік ықпал. Жоғарыда антропогенді ықпалды кен ауқымды мағынада қарастырсақ, енді адам – өндіріс нысаны – коршаған орта жүйесіндегі оның бір негізгі белгінің бірі болып саналатын антропогенді өндірістік ықпалға тоқталған жөн.

Антропогендік өндірістік ықпал(АӨЫ) деп тікелей өндіріс үрдісіне қатысатын қызметкердің денсаулығын ете– мөте қолайсыз зардаптарға ұшырататын және белгілі өндіріс үрдісінің нәтижесінде коршаған ортаны антропогенді өзгерістерге итеруге қабілеті бар ықпалды айтады. Бұл жерде тағы да енбектік, өндірістік әрекетке байланысты ықпал туралы анықтамаға ерекше көніл болініп отырганын еске саламыз. АӨЫ әр түрлі нышандың топтастырады. Өзінің табиғатына байланысты мынадай түрлерге болуғе болады[4-6]:

• Зиянды – әсерлері белгілі жағдайда өндіріс қызметшілерін ауыртатын немесе олардың жұмысқа кабілеттілігін төмендететін антропогендік өндірістік ықпалдар (мысалы, шу, діріл, электромагниттік өрістер, зиянды заттектердің шығындары);

• Кауіпті – әсерлері белгілі жағдайларда өндірісте жұмыс істейтіндерді жаракаттандыратын немесе басқа да денсаулықтарының күрт төмендеуіне апаратын антропогендік өндірістік ықпалдар (электр тогы, белгілі денгейдегі газ түріндегі хлордың мөлшері, шу, діріл және т.б.);

• Ерекше кауіпті – белгілі жағдайда өндірістік апараттар туғызатын, яғни өнеркәсіптік кәсіпорындардың өзіне тиісті энергия қорының талқандататын түрі мен мөлшерінің болінуі, сонымен қатар кейбір шикізат түрлері, аралық өнімдер, алаңында орнатылған технологиялық құрал-жабдықтар апattyқ үрдіске тартылып халыққа, қызметкерлерге, коршаған ортаға және өнеркәсіп кәсіпорынның өзіне алапаттық зардап шектіретін ықпалдарды тудыратын (ионданыратын сәулелену, өрт, жарылыс, көп мөлшерде газ тәрізді хлордың шығуы) антропогендік өндірістік ықпалдар болып табылады.

Зиянды антропогендік өндірістік ықпалдар әдетте детерминдейтін (төмендететін, бұлдіретін), ал кауіпті стохастиялық қасиеті бар ықпалдарға жатады. Егерде АӨЫ айқындалып және талданып, адаммен коршаған ортаның өзара әрекеттерінен үйлесімділікке жеткізетін әдістер мен құралдар жасалып отыrsa, онда өндіріс үрдістері инженерлік-экологиялық тұрғыдан камсыздандырылған болып саналады.

Адам мен коршаған орта арасындағы байланыстарлы үйлесімді ету мәселесін шешу үш бағытта: техникалық, ұйымдастырушылық, әкімшілік, экономикалық, әлеуметтік – күш жұмсалуына назар аудару қажет. Осы жүйелі мәселені келісті заныңдалық негізі бар нормаларды колдана отырып

шешуге болады. Соңғы 50 жылда адамның шаруашылық қызметінің нәтижесінде біздің планетамыздың өзгеру дәрежесі, адамның атты пайдалана бастаған уақыттан, яғни 800 жылмен салыстырғанда әлдекайда жогары.

Коршаған ортаға индустримальды араласудың күшеюін ғылыми-техникалық және акпараттық революциямен байланыстырыды. Ол табигат корларын шектен тыс өндіруден және коршаған ортаның қоқыстармен жан-жақты ластануынан көрінеді.

Нәтижесінде адамзаттың күрт нашарлаған биологиялық жүйелер тиіп, жекелеген жануарлар мен есімдіктердің популяцияларының кемуі мен жойылу, адамзат қоғамы үшін болжанбаган теріс құбылыстарға әкелетін биосферадағы қайтымсыз өзгерістердің қаупі туып отыр.

Ғалымдар табигат корларын қалай болса солай, бейберекет пайдаланудың уақыты өткенін ескертуде. Табигатты пайдалану адамның катысуымен және катысуынсыз коршаған ортада жүретін күрделі үрдістердің барлығын ескере отырып, тек ғылыми негізде жүргізуі тиіс. Басқаша болуы мүмкін де емес, себебі адамның және оның қызметінің табигатқа әсері күшейіп отыр. Қазір «экология» ұғымы адам мен оның өмір сүру ортасына қатысты кеңінен қолданылады және соған бағытталған.

Қазіргі заманғы экологияның «Әлеуметтік» және «Қолданбалы экология» бөлімдері жылдам қарқынмен дамып келеді. Әлеуметтік экология адамзат қоғамы мен коршаған орта арасындағы қатынастады, өндірістік қызметтің коршаған ортаның құрамы мен қасиеттеріне тікелей және жанама әсерін, антропогенді ықпалдардың адамның денсаулығы мен адам популяцияларының гендік корына экологиялық әсерін зерттейді. Ол табигатты тиімді пайдаланудың теориялық негізі болып табылады.

Қолданбалы экология коршаған ортаның практикалық мәселелерін шешу жақтарын қарастырады (коршаған ортанды ластанудан қорғау, табигат корларын тиімді пайдалану, шаруашылықтың әр түрлі салаларындағы әр түрлі салаларындағы технологияларды жетілдіру). Қолданбалы экологияда өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық, химиялық, медициналық және т.б. бағыттар дами бастады. Олай болса, «классикалық экологияда» абиотикалық және биотикалық ықпалаларға және олардың табиги экожүйелердегі әсеріне көп көңіл бөлінеді. Ал «әлеуметтік және қолданбалы экологияда» ең алдымен антропогенді ықпалдар, олардың табиги және әлеуметтік жүйелердегі әсері қарастырылады. Біздің планетамыздың бұл жүйелердің көсілүсі нәтижесінде әлеуметтік-экологиялық жүйелер калыптасты.

Әлеуметтік және қолданбалы экологияның міндеттеріне тек қана жергілікті, аймақтық және әлеуметтік экожүйелердің тиімділігі ғана емес, сонымен қатар, адамды биоәлеуметтік түр ретінде, оның биосфера және экожүйедегі алатын орны мен, оның қоршаган ортага әсер ету ауқымын зерттеу де кіреді.

Қазіргі кездегі адамның өмір сүру ортасы. Адамды коршаған оратының төрт компонентін бөліп көрсетуге болады. Оның үшеуі антропогенді ықпалдардың әсерінен белгілі бір дәрежеде өзгерген табиги орта болып табылады. Тортінші - тек адамзат қоғамына тән әлеуметтік орта.

Табиги орта (Н.Ф. Реймерс бойынша «бірінші табигат»). Бұл адамның әсерінен болмашы өзгеріске үшыраған немесе өзгерістер оның өздігінен қалпына келу және өз-өзін реттеу қабілетін жоймаган оргалар[1-3]. Адамның әсерінен өзгерген табиги орта («екінші орта») немесе квазитабиги (латынша «квази» - үқсас, сондай сиякты). Бұларға егістік танаптары, баулар, жүзімдіктер, саябактар және т.б. жатады. Мұндай орта үзак уақыт барысында өзін-өзі ұстап тұруға қабілетсіз.

Адамның қолымен жасалған орта («үшінші табигат») немесе артетабиги (латынша «арте» - жасанды). Оларға тұрғын және өндірістік ғимараттар, өнеркәсіптік кешендер, қала және т.б. жатады. Бұл ортага қалдықтардың жиналуды, ластану тән, индустримальды қоғамның халқының көп болігі нақ осындағы жасанды немесе техногенді ортада тұрады. Адамның өзгерген және қолдан жасалған ортасы материалдық ортанды құрайды

Әлеуметтік орта. Бұл ортага адамдардың бір-бірімен өзара қарым-қатынасы, психологиялық ахуал, денсаулық сактау, жалпы мәдени байлыктар, материалдық қамтамасыз ету деңгейі және т.б. кіреді. Оның адамға әсері күннен-күнге артып келеді. Адамның ортасына Стокгольм декларациясы (1972 ж.) мынадай анықтама берді: «Адам бір уақытта өзінің ортасының өнімі және оны жасаушы болып табылады». Ол адамның өмір сүруінің физикалық негізі болып табылады және рухани дамуын қамтамасыз ететді. Сондыктан да адамның өмір сүру жағдайларының және адамның негізгі құқықтарын, соның ішінде өмір сүру құқығын жүзеге асыруды екі аспекттің - табиги орта және адам жасаған ортанды маңызы артып отыр. Жер кеңістігінде жүретін табиги үрдістерге әсер ететін тіршілік екені туралы XIX және XX ғасырлар аралығындағы енбектерінде пікірін айтумен қатар дәлелдеген орыс ғалымы В.В. Докучаев.

XX ғасырдың 20 – жылдарында енбектерінде биосфера Жер шарының тірі организмдер жайлайтын бөлігі, ең үлкен экожүйе екенін ғылыми түрде негіздеді және ол бірінші рет тірі организмдердің геологиялық рөлі туралы

биосфера ілімін ұсынды. Ол енбектерінде топырак түзу үрдісі ауа райынан басқа өсімдіктер мен жануарлардың жиынетық әсеріне байланыста екенін көрсетті; тірі организмдердің іс-әрекеті жер қыртысының кейпін өзгертетін ең негізгі ықпал екенін дәлелдеді[4]. Әлемде адамзат тіршілігі бар ортага біздің білуімізше әзірше Жер гана жатады. Табиғат пен оның байлықтары адамдардың өмірі мен қызметінін, олардың тұрақты алеуметтік-экономикалық дамуы әл-куатын арттырудың негізі болып саналады. Сондықтан коршаган ортаны қорғау мәселесі қазіргі заманның маңызды, қажетті мәселелердің бірі.

Коршаган ортаны қорғау дегеніміз табиғат пен адамның өзара қарым-қатынастағы атмосфералық ауаны, суды, жер мен оның қойнауын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін тағы басқа табиғи корларды ұтымды пайдалану, сауықтыру, сапасын жақсарту, молықтыру. Бұл іс-әрекеттердің бәрі мемлекеттер занымен, тиісті нормативтік құқықтық актілермен, азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің белсенді араласуымен, мемлекеттік және мемлекетаралық келісімдермен, конвенциялармен реттеліп жүзеге асырылады.

1.3 Еліміздің экологиялық мәселелері

Экологияның күрт нашарлап кетуі адамдардың табиғатка антропогендік әсерінен болып отыр. Атмосферадагы көмірқышқыл газдардың концентрациясының артуына байланысты климат өзгеріп, температуралың жоғарылауына әкеліп соғады. Энергия көзі ретінде көмір, мұнай, табиғи газды пайдалану нәтижесінде және машиналардың көбейіп индустриялық революциясының өркендеуіне байланысты бұл үрдіс тезірек жүреді.

Жер планетасындағы атмосфераның температурасы арттын болса, планетаның көптеген бөліктерінде құрғакшылық болады, басқа жерлерде жанбыр көп жауып, жерді топан су қаптайды. Полюстегі мәңгі мұздар еріп, аралдар мен жағалауларды мұхиттің мен теңіз сулары басып кетеді. Ауыл шаруашылығының өнімі нашарлап, халықтар мекенін тастап, күн көрістің қамымен басқа жерлерге көшеді.

Табиғатты қорғау мәселесі бүкіл дүниежүзілік мәселеге айналуда. Экологиялық мәселе дегенде ең алдымен Аral, Балхаш, Каспий, Семей касіреттері еске түседі[3-7].

Арал теңізі – Қазақстанның інжу-маржаны. Арал теңізі ірі экологиялық апатка ұшырағанға дейінгі көлемі – 1066 км², терндігі – 30-60м, тұздылығы – 10-12% болған. Қойнауы қасіптік бағалы балықтарға бай, жағасы қоға мен қамысты теңіз еді. Сол кездерде жылына 50-150 мың

балық ауланса, теңіз жағасынан едәуір мөлшерде бұлғын терісі игерілген[3-7].

1966 жылдардан бастап Aral өнірін игеру колға алынды. Осы аймақтагы игерілетін жер көлемі бұрынғыдан Өзбекстан мен Тәжікстан 1,5; Туркменистанды 2,4; Казакстанда 1,7 есеге есті. Ал Амудария мен Сырдария бойындағы халықтың саны 1960-1987 жылдар аралығында 2,2 есеге артты. Халық санының өсуіне орай суға деген қажеттілік те артты. Осыған орай 1970-1980 жылдар аралығында аралға құйылатын су мөлшері азайды. Оның негізгі себептері – антропогендік ықпалдар еді. Екі өзен бойындағы суды мол қажет ететін күріш пен макта өсіру ісі каркынды дамыды.

Оның үстіне ауыл шаруашылығының басқа да салалары барынша дамыды. Өзен бойлары игеріліп, суды ысырапсыз пайдалану жүзеге асты. Маселен, Aralға 1960-1965 жылдар арасында 44 мың м³, ал 1990 жылдары екі есеге қысқарды. Нәтижесінде, Aral теңізінің деңгейі 23 м-ге дейін томенде, оның су айдыны 30-200 км-ге дейін қусырылды. Судың тұздылығы 40%-га дейін артты. Оның үстіне екі өзен бойындағы шаруашылықтарда тыңайтқыштар мен химиялық препараттарды колдану бұрын-сонды болмаған көрсеткішке жетті. Тыңайтқыштарды колдану 10-15 есеге өсken. Осындай антропогендік ықпалдар Aral өнірін экологиялық апатка ұшыратты. Құрғап қалған теңіз түбінен жыл сайын айналға зияндылығы өте жоғары 2 млн. тонна тұзды шандар көтеріліп, желмен тарай бастайды. Сонымен, Aral апатына себеп болған ықпалдарға:

-жергілікті жердің тарихи-табиғи ерекшеліктерін ескермеу;

-ауыл шаруашылығын дұрыс жоспарламау, судың қорын есепке алмау;

-суды өте көп қажет ететін күріш, макта дақылдарын барынша кебейтіп жіберу;

жерді игерудің агротехникалық шараларын сактамау және суды үнемді пайдаланбау;

табиғат корларын пайдаланудағы жіберілген қателіктер мен оны менгерудің ғылыми тұрғыдан негізделмеуі болып табылады.

Осы аталған ықпалдар Aral теңізі экожүйесіндегі тіршілік атаулының экологиялық дағдарыска әкелді. Бұл жағдайлар адам баласының колдан істеген қателігі ретінде дүниежүзіне белгілі болды.

Арал өнірінде туындалап отырған қазіргі экологиялық апаттар нышаны жыл өткен сайын теңіз суын тарылтуда. Оның фаунасы мен флорасы

жойылып бітуге жақын. Топырактың тұздануы өте жылдам жүрде. Арап теңізінде балық өсіру шаруашылығы тоқтатылып, соңғы 1-2 жылда гана қайта колға алынды. Ондағы тұргындардың әлеуметтік жағдайы төмендеп кетті. Теніз тұбінен кетерілген улы тұздардың мөлшері жылына 13-20 млн. тонна деп есептелінеді. Тіптен, тұзды шандар әсері сонау Орта Азия республикалар аумағына жетіп, ауыл шаруашылығына зардабын тигізуде. Арап өніріндегі климаттың өзгеруі шөл белдеменің табиғи ландшафттарын бірте-бірте күрделі әрі қайтымсыз антропогендік экожүйелерге карай ығыстыруды.

Арап өніріндегі антропогендік ықпалдар ондағы тұргындардың салт-дәстүрлеріне, экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етуде. Жұмыссыз қалған балықшылар әлеуметтік жағынан корғаусыз қалып, басқа аймақтарға еріксіз коныс аударуда. Қазіргі Арап өнірінде адамдардың денсаулығы құрт төмендеп кетті. Бұл өнірде соңғы мәліметтер бойынша туберкулез, бүйрекке тас байлану, сары су, өкпе тыныс жолдарының қабынуы, жұқпалы аурулар республиканың басқа өнірімен салыстырғанда жоғары көрсеткішті беріп отыр.

Арап теңізінің болашағы дүниежүзі халықтарының толғандыруды. Оның біржола жойылып кетуі Орта Азия мен Қазақстанды гана емес көптеген Шығыс елдерінің тыныс-тіршілігіне өзгерістер әкелмек. Ал ауытқушылықтар антропогендік экожүйелердің тұраксыздығын тудырады. Арап мәселесі соңғы 10 шакты жылда географ және эколог ғалымдар арасында жиі-жиі пікір-таластар туғызады. Арап мәселесі туралы халықаралық конференциялар үйімдастырылды. Өркениетті елдер қаржылай көмек көрсетуде. Олар негізінен Орта Азия республикалары, Ресей, АҚШ, Жапония, т.б. мемлекеттер.

Арап теңізін құтқару жөнінде бірнеше ғылыми болжамдар мен жобалар бар. Олар:

-Сібір өзендерін Қазақстанға бұру;

-Амудария мен Сырдария өзендерінің суын реттеу арқылы суды молайту;

-Арап теңізін жартылай сақтап қалу;

-Каспий теңізінің суын жасанды канал арқылы әкелу;

-жер асты суларын пайдалану;

-Арап теңізінің өздігінен табиғи реттелуін немесе толысуын күту.

Әрине, бұл жобалар болашактың ісі болғанымен, уақыт талабы оны күттірмейді. Бәрі де қаражатқа тірелуі мүмкін. Ал оның іске асуы адамзат қауымының білімі мен біліктілігіне байланысты екені анық.

Қазіргі кезде Араптың құтқару бағытында батыл да жоспарлы түрде ғылыми негізде жұмыстар жасалуда. «Арап тағдыры – адам тағдыры» болғандықтан, оны сақтап қалу аға ұрпактың болашак алдындағы борышы.

Балхаш көлі – Қазақстандағы ең ірі экожүйелердің бірі. Көл Балхаш – Алакөл ойысында орналасқан. Көлемі – 501 мың км², ұзындығы – 605 км, ені – 974 км аралығында. Ал ең терен жері – 26 м. Бұл көлдің 1970 жылдарындағы сипаты болса, кәрі мұлдем басқаша. Жетісу өзендерінің ішінде Іле, Қаратал, Ақсу және Лепсі өзендерін Балхашқа құяды.

Балхаш көлі шелейт және шөл табиғат белдемдерінде орналасқандықтан, оның климаты шұғыл құбылмалы болып келеді. Су айдынының булануы өте жоғары. Осыған байланысты судың деңгейі тез өзгеріп отырады.

Ұзақ жылдар тіршілігі тұракты болып келген су айдынының қалыпты жағдайы өзгере бастады. Балхаш көлінің экологиялық жағдайының нашарлау себебі Қаратал, Лепсі, Ақсу өзендерінің сол суының Балхаш көліне жетпей сугармалы егістерге жұмсалуынан. Оның үстіне бұрынғы кездерде Аяғөз, Биен, Сарханд және Басқан өзендері Балхашқа құйып, оның табиғи су деңгейін сақтап отырған.

Аталған антропогендік жағдайлар Балхаш көлінің жағдайын шиеленістіріп жіберді. Балхаш экожүйесінің одан әрі нашарлауына Іле өзені бойына салынған Қапшагай сукоймасы да әсер етті. 1970 жылы Қапшагай сукоймасындағы Іле өзенінің суын бөгейтін Қапшагай бөгеті салынды. Оған косымша Іле өзенін коректендіріп отырған Шелек өзені Ілеге құюын токтатты.

Іле – Балхаш алабының ауыл шаруашылығында барынша пайдалануымен 1965-1990 жылдар аралығында Балхашқа құятын судың көлемі 25 %-ға азайды. Іленің орта ағысы мен төмөнгі сағасында Шарын күріш, Шенгелді көкөніс, Ақдала күріш алқаптары пайда болды. Осының бәрі Іле – Балхаш су алабының табиғи жүйесінде қалыптасқан тепе-тендік занын бұзды.

Балхаш экожүйесінің бұзылуының зардаптары. Іле – Балхаш экожүйесіндегі өзгерістер өте сирек кездесетін Іле тогайын, өзен жағасындағы шұрайлы жайылымдар мен оның сағасындағы қамыс-қоғаның жойылуына себепші болды. Көлдің жағалаулары кеүіп, тұзды шаң жиі кетерілді. Ауа райы өзгеріп, куанышлық пен анызак желдер үдеді[3-]

7].Балхаш көлі соңғы жылдары 2 метрге жуық төмөндеп отыр. Сонымен көл жағалаулары батпактанып, сорланып, такырлар мен шөлдерге айналуда.

Іле – Балхаш экожүйесінің фаунасы мен флорасы зардал шегуде. Балық аулау соңғы жылдары 5 есе төмөндесе, уылдырық шашу тіпті азайды. Сонымен қатар, балыктардың Іле бойындағы егіс, кекөніс алқаптарына пайдаланылған пестициттер, гербициттер және минералды тыңайтқыштар калдықтарымен улануы жиі байқалуда.

Іле – Балхаш алабы ит тұмсығы батпайтын тогайлар, кішігірім көлдер, аралдар, андар мен құстар мекені болатын. Әсіресе, 1960 жылдары жылына 1,5 млн-ға жуық бұлғын терісі дайындалатын болса, қазір бұл шаруашылық жойылған.Іле бойында және көл жағасындағы тіршілік ететін құстардың түрлері де азайып кеткен. «Қызыл кітапқа» енген акку, бірқазан, кеккүтан, т.б. құстар қазір өте сирек кездеседі.Іле – Балхаш алабы Қазақстандағы тарихи-табиғи ескерткіштерге бай өлке. Бұл өнірде Шарын тау өзені мен оның бойындағы Шарын тауларындағы тастағы таңбалар мен тас мүсіндер және көне қоғандар жүйесі, Әнші күм атты табиғат туындысы, Алтынемел ұлттық саябағы, кербұлақ сияқты қорық корлар бар. Жетісу деп аталатын бұл аймақта 3 млн. астам халық тұрады. Ең ірі қалалары – Алматы, Талдыкорған, Жаркент.

Бұл өнірдегі экологиялық ірі мәселелер қатарына Балхаш көлі бойындағы Балхашмыс комбинаты, Приозер, Ақсүйек кен рудаларын байыту кешендері, Сарыагаш полигоны және Текелі корғасын-мырыш комбинаттары осы аймақта тұратын тұрғындарға өз зардабын тигізіп отыр. 1999 жылы «Балхаш көлін құтқару, оның бүтінгісі мен болашағы» атты халықаралық деңгейде экологиялық форум өтті. Онда Балхаш көлін құтқару мәселелері қаралып, накты шешімдер қабылданды. Оның негізгілері:

1.Іле өзені бойындағы өндіріс орындарында суды тиімді пайдалануды реттеу. 2. Қапшағай суқоймасынан Балхашқа жіберілетін судың үлесін тұрактандыру. 3. Ақдана және Шарын сілемдеріндегі күріш алқаптарын азайту. 4. Жер асты сularын пайдалануды жүзеге асыру. 5. Суғармалы жерлердің көлемін шектеу.

Балхаш көлін құтқару бүтінгі күннің талабы. Арап мен Балхаш сияқты су экожүйелерінен айырылу Қазақстанды ғана емес Еуразияны да бұрын-сонды болмаган экологиялық алаттың ошағына айналдыруы мүмкін. Сондыктан ,әрбір табиғи экожүйені көздің қарашындаңай сактау мен коргау адамзат баласының парызы.

Каспий теңізі – жер шарындағы бірден-бір тұйық су айдыны. Оның көлемі – 380 мың км². Каспий теңізі солтүстікten онтүстікке дейін 1030 км, батыстан шығыска дейін 196-435 км аралықты қамтиды. Солтүстік-шығыс болігінің климаты құбылмалы , ал онтүстік-батысы субтропикалық климатты құрайды. Каспийдің солтүстік жағалауы таяз, көбіне қайрандардан тұрады.Каспий теңізі Еуропа және Азия континенттерінің түйіскен жерінде орналасқан. Каспий қайраны өте ерекше табиғат туындысы әрі өсімдіктер мен жануарлардың колайлы ортасы. Мұнда «Қызыл кітапқа» енген өсімдіктер мен жануарлар көттеп кездеседі. Тұйық су айдыны болғандықтан мұндағы организмдердің басымы эндемиктер. Теңіздің құнды байлықтарының бірі – бекіре тұкымдастар. Олардың 5 түрі тіршілік етеді. Бекіре тұкымдастардың дүниежүзілік қорының 70%-ы осы теңіздің үлесіне тиетінін мактанышпен айтуға болады. Каспий ойпаты өзінің табиғат ескерткіштерімен, фаунасы және флорасының көптүрлігімен ерекшеленеді. Мұнда өсімдіктердің 945, балдырлардың 64, фитопланктондардың 414, зоопланктондардың 100-ден астам түрі тіршілік етеді.Каспий теңізі кәсіптік балықтарға да бай. Теңізде балықтың 76 түрі кездеседі. Каспий теңізі жыл құстарының да сүйікті мекені. Теңіз жағалауларында 3-3,5 млн. құстар қыстан қалса, ал жыл құстарының саны 10-12 млн.ға жетеді.

Қазіргі кезде бізді қоршаған ортаниң ластаушы көздерін төмөндегідей топқа бөлеміз:

Физикалық ластану – радиактивті заттар, электромагнитті толқындар, жылу, шулар және тербелістер.

Химиялық ластану – көміртегі өнімдері, құқірт, көмірсулар, шайынды сулар, пестициттер, гербициттер, фторлы қосылыстар, ауыр металдар, аэрозолдар.

Биологиялық ластану – ауру қоздырғыш бактериялар мен вирустар, құрттар, карапайымдылар, шектен тыс көбейіп зиян келтіретін жәндіктер.

Эстетикалық зиян – табиғаттың қайталанбас сұлу ландшафттарының бүлінуі, орман-тогайлардың жойылуы, т.б.

Осындай апattарды болдырmas үшін 1992 жылдың маусымында БҰҰ-ның Рио-де Жанейродагы болған айналаны қоршаған орта жөніндегі конференциясы климаттың өзгеруі туралы рамкалық Конвенция қабылданап, оған 150-ден астам ел қойды. 1999 жылдың 19 наурызында БҰҰ-ның штаб квартирасында Қазақстанның өкілетті өкілі Ақмарал Арыстанбекова да рамкалық Конвенцияға қол қойды.

1997 жылды 24 шілдеде АҚШ президенті Клинтон атакты ғалымдарды жинап «көшеттік әсер» тудыратын газдарды азайтуға бағытталған заңды қабылдап, ғаламдық жылынуга қарсы күресетін ұлттық компанияны құрып, бұл мәселені радикалды түрде шешуге жұмылдырыды. 1997 жылды 29 шілдеде «Вашингтон папкасы» қабылданды. «Қызу әсерінің» салдарынан болатын климаттың өзгеруі жалпы әлемдік қөлемдегі мәселе болып табылады және қоршаған ортаның жан-күйіне барынша ықтимал көтер төндірді[3-7].

Казақстан 1995 жылды климаттың өзгеруі жөніндегі БҰҰ Үлгілік конвенциясын бекітті, ал 1999 жылды осы Конвенцияда Киото хаттамасына қол қойды. Аталған хаттаманы бекіткен және ол күшине енген жағдайда Қазақстан қызған газдардың шығындыларын қыскарту жөніндегі сандық міндеттемелерді өзіне жүктей отырып, 1 қосымшасын Тараны болады. Қазақстанның Киото хаттамасын бекітудің мақсатқа лайықтығын айқындау үшін 2004 жыл барысында қызған газдардың шығындыларын қыскарту жөніндегі сандық міндеттемелердің Қазақстанның экономикасына әсері туралы зерттеулер жүргізу қажет. Талассыз экологиялық тиімділігінен басқа, Киото хаттамасын бекіту біздің ел үшін халықаралық инвестицияларды тарту, басқа елдердің экономикасына активтерді орналастыру мүмкіндігімен инвестор түрғыда бірлескен жүзеге асыру жобаларына және «таза даму» үрдістеріне қатысу, өндірістік энерготиімділігін арттыру үшін жаңа технологияларды колдану, сыртқы энергетикалық нарықта елдің экономикалық мүдделерін корғау үшін көміртегі несиelerін шоғырландыру, қызған газдардың шығарындыларына квоталар жөніндегі болашағын ашады.

Киото хаттамасын біткеннен кейін накты жобалар мен іс-шараларды іске асыруды қөздейтін Қазақстан Республикасында қызған газдардың шығарындыларын азайту жөніндегі 2015 жылға дейінгі бағдарлама әзірленетін болады. Табиғатпен тіл табысу үшін, біріншіден, өндірістік экологияландыру мақсатына сай келетін бірқатар шараларды іске асыру қажет. Табиғатты қорғау үшін барлық елдердің күш куатын біріктіргендеге ғана экологиялық шаралар тиісті нәтиже берे алады.

Адам мен табиғаттың қарым-қатынасын жақсарту бағытталған тағы бір шара – табиғат байлықтарын тұтынуды ақылға сиымды мәлшерде өзіне-өзі шек қою. Халықтың экологиялық санасын қалыптастыру міндетті экологиялық білім мен тәрбие берудің бірқатар комплексті мәселелерінен тұрады. Олар – экологиялық ғылыми сананы қалыптастыру, экологиялық этиканы, экологиялық психологияны және экологиялық құқықтық сананы қалыптастыру қажет. Эрбір экономикалық табысымыз үшін табиғат бізден кек алады. Сондыктан біз табиғатты аялай білейік!

2. Атмосфералық ауаның ластануы

2.1. Ластағыш заттардың ауада қалыптасуы


Жердегі есімдік биомассасының негізі – органикалық заттардың пайды болуы үшін атмосферадағы көмір қышқыл газы және су, сонымен қоса топырактың минералдық заттары қажет. Фотосинтез процесі кезінде жарықтың белгілі ұзындықтағы толқындарының көмегі арқылы есімдіктерде көміркышқыл газының фиксациясы іске асырылады. Осының нәтижесінде атмосферага, судың фотолиз процесі кезінде түзілетін оттегі болініп шығарылады. Көміртегінің биогеохимиялық айналымының бірінші сатысы осылай жүреді.

Фотосинтез арқылы Жер бетінде жинақталған энергия мәлшері ете көп. Жасыл есімдіктердің фотосинтез нәтижесінде жыл сайын 100 млрд.т. органикалық заттар түзіледі, оларда химиялық байланыстардың энергияларына түрленген, 450×10^{15} ккал шамасында күн энергиясы жинақталған. Бұл үрдістер 170 млрд.т. шамасындағы көмір қышқыл газын есімдіктер ассимиляциясы, 130 млрд.т. шамасында су, бұл кезде 115 млрд.т. бос оттегі болініп шығады, фотохимиялық ыдырау сиякты өздерінің масштабы бойынша ете үлкен құбылыстармен бірге жүреді.

Оттегі тыныс алу процесі кезінде әр түрлі органикалық косылыстарды тотықтыру үшін пайдаланатын, барлық тірі ағзалардың тіршілік негізі болып табылады, бұл кезде CO_2 болініп отырады. Бұл тірі ағзалардың көміркышқылдық қызметімен байланысты көміртегінің биохимиялық айналымының екінші сатысы. Бұл кезде бірінші сатыдағы оттегінің болінуі шамамен реттілік бойынша оның екінші сатыдағы сінірлілікten асып отырады, нәтижесінде жасыл есімдіктердің қызметі арқасында оттегі атмосферада жинақталады.

Автотрофтармен байланысты фотосинтез процесі кезінде энергия әр қарай әр түрлі гетеротрофтардың, оның ішінде адамдардың тіршілік әрекетіне жұмсалады, кейбір бөлігі жылу энергиясына етіп, және биосфераны құраушы компоненттер құрамында корланады (есімдіктер мен топыракта). Құрлық биомдарында фотосинтез кезінде көміртегінің ең көбірек ормандар байланыстырады (жылына 11 млрд.т.), одан кейін алқаптар (4 млрд.т.), жазықтар (11 млрд.т.), шөлдер (0,2 млрд.т.). Бірақ көміртегінің Жер бетінінің 70% шамасында алып жатқан дүниежүзілік мұхит (127 млрд.т. жыл сайын) бәрінен көп байланыстырады.

Фотосинтез – жер бетінде заттар мен энергия жинақталуының негізгі процесі, оның нәтижесінде CO_2 мен H_2O -дан органикалық заттар түзіледі (берілген тендеуде - глюкоза):



(1)

энергиясы $\rightarrow \text{C}_6\text{H}_{12}\text{O}_6 + 6\text{O}_2 \uparrow$,

Фотосинтездің қарқындылығын өлшеу әдістерінің бірі өсімдіктердегі органикалық заттардың түзілуі көміртегінің құрамы бойынша анықтауга негізделген, ол топырак үшін И.В. Тюрин жасаган және ағаш өсімдіктер үшін Ф.З. Бородулина (Баславская, Ттенгеецкова, 1964; Практикум...1972) модификациялаған ылғал өртеу әдісімен есептеледі.

Атмосфера ластануын гигиеналық нормалаудың әдістемелік негіздеріне келесі жағдайлар кіреді:

1. Адамға тікелей немесе жанама зиянды болмаса жағымсыз әрекет ететін, хал-ахуалға және жұмысқа қабілеттілікке әсер етпейтін концентрацияға атмосферадағы химиялық заттың шекті концентрациясы болып танылады.

2. Атмосфералық аудағы зиянды заттарға үйрену қолайсыз эффект ретінде қарастырылады.


3. Өсімдіктерге, жергілікті климатқа, атмосфераның мәлдірлігіне және халық тіршілігінің тұрмыстық жағдайына қолайсыз әсер ететін атмосферадағы химиялық заттардың концентрациясы рұқсат етлімеген болып саналады.

Жұмыс аймақтарында және жергілікті жерлерде ауаның ластану деңгейлерін нормалау. Г.В. Стадницкий, А.И. Родионов (1996) оның ішкі орта ықпалдар талаптарының жиынтығы ретінде адамның экологиялық қуысы өзгеріссіз екендігіне назар аударуды ұсынады, кай жерде болсада, және соған сәйкес адамның сол жерде болған кез келген жерлерде концентрация (С) ШРК сакталуы тиіс. Жұмыс бөлмелерінің ауасында қоспалардың құрамы өндіріс аландары мен қоспалар сол немесе басқа да мәлшерде шашыранқы түрде жететін, әсіресе оның шекараларына (жергілікті жерлерде) карағанда міндетті түрде жоғары болатыны белгілі [9-10,28].

Бұл жерде сол немесе басқа да ластаушы заттар үшін бірдей ШРК болуы мүмкін емес. Осыған байланысты аудағы ластағыш заттарды бөлек нормалау ережелері жасалынған. Әрбір зиянды заттар үшін ауа ортасында бірнеше (ең минимум дегенде екі) максимальды бір реттік шекті рауалы концентрация бекітіледі. Мысалы, ШРК-ның бір мәні жұмысшылардың тұракты немесе уақытша орны болып табылатын, еденинен екі метр аралығындағы кеңістік түрінде қабылданатын, жұмыс аймағының ауасында бекітіледі, келесі – жергілікті жердің атмосфералық ауасында (ШРК а.а.). ШРК_ж – бұл концентрация демалыс күндерінен басқа, күнсайынғы 8 сағат аралығында немесе жұмыс күнінің басқада ұзактылықмерзімінде, бірақ бүкіл жұмыс отілі аралығында, аптасына 41 сағаттан артық болмайтын жұмыс кезінде, қазіргі заманғы зерттеу әдістері арқылы анықталатын, қазіргі немесе келесі ұрпактардың өмір сурған мерзімінде немесе жұмыс істеу үрдістерінде деңсаулық жағдайының ауруларын немесе кемшіліктерін тұзызуы мүмкін емес концентрация. 1 –

суретте корсетілгендей ластаушы заттарды нормалау кезінде экспозиция немесе адамдардың ластану аймагында өткізілген уақыты ескеріледі, ал бұл ұзакка созылатын және ауыр улану мүмкіндіктерімен байланысты. Өндіріс аймагындағы қоспалардың құрамы 0,3 ШРК_ж қабылданады. Өндіріс аймагында ШРК_ж салыстырғанда қоспалардың құрам нормасы үшесеге төмендеуі, өндіріс аймагындағы ауа өндірістік бөлмелерді ауаландыру үшін пайдаланудан туындаиды, онда ұкоспалар концентрациясы периодты түрде жоғары болуы мүмкін, ШРК-дан жоғары. Сондыктан жұмыс бөлмелерін жедету үшін пайдаланылатын ағын ауа анағұрлым азырақ ластаған болуы керек.

ШРК_{aa} - периодты түрде немесе адамның бүкіл тіршілігі барысында оған зиянды әсер етпейтін, сонымен коса тұтастай қоршаган ортаға жекелеген салдары тимейтін, белгілі уақытқа орташа жуықталған қоспаның максималды концентрациясы. Осыған орай, анықтаулардағы айырмашылық елеулі, ШРК_{aa} – адамның ластаған аймакта шектеулі болуы кезінде FBНВ зиянсыз, мысалы, 8 сағат және тек жұмыс отілі аралығындаға, ал РШК_{aa} – адамның бүкіл тіршілігі аралығында шектелмеген уақыт бойынша ластағыш заттарды жұткан кезде ағза жағдайын лимиттемеуі тиіс. Осыған сәйкес, аудағы ластағыш заттарды бөлек нормалау қажеттілігі толеранттылық заңдылығымен анықталады. Өндірістерде жұмыс күні аралығында ластаған ауамен медициналық куәліктендіруден откен, тәжірибе жүзінде деңсаулықтары калыпты адамдар тыныс алады, ал жергілікті жерлерде күні бойына тек қана ересек адамдарға емес, сол сияқты кәрі адамдар, балалар, аяғы ауыр және емізулі әйелдер, тыныс ал жолдары, қан-тамыр жүйелері ауруларымен ауыратын адамдар да болады. Сондыктан РШК_ж>РШК_{aa} болады. Сонымен күкірттің кос totығы үшін РШК_ж=10 мг/м³, ал РШК_{aa}=0,5 мг/м³. Жұмыс аймақтары мен жергілікті жерлердегі ауаның ластану деңгейлерін бөлек нормалау негізінде өндіріс аймақтары және тұрмыстық құрылыш аудандарында ластану деңгейлеріне түрліше талаптар бекітіледі. Олардың сейілуін ескере отырып зиянды заттардың концентрациясы аспауы тиіс (1-сурет):



1-сурет . Шекті рауалы концентрациялардың жіктелуі (Г.В. Стадницкий, А.И. Родионов бойынша, 1996)

- өндіріс аймагындағы ауада РШК 30%-дан (РШК_ж<0,3РШК_ж);
- жергілікті жерлердегі ауада – РШК_{мб} және РШК_{cc};
- 200 мын. Адамнан көп халқы бар жергілікті жерлерде және курорттық аймактардың ауасында РШК_{мб} 80%-дан.

Атмосфералық ауа жұмыс істеп тұрған өндірістің шығарындыларымен ластанып тұрған жерде, жаңа өндірісті жобалау кезінде, олардың шығарындыларын ауада бар коспаларды ескере отырып нормалау қажет.

2.2 Атмосфералық ауа ластануын бағалау

Атмосфералық ауа сапасының негізгі көрсеткіштері шекті рауалы концентрация ШРК немесе бағдарланған қауіпсіз әсер теу деңгейлері (БҚӘД) болып табылады. МЕМст 12.1.007-76 сәйкес улылығына байланысты зиянды заттардың қауіптілігіне байланысты төрт КР 52.5.06-99 класска бөлінеді: 1- өте қауіпті, 2- жоғары қауіпті, 3- орташа қауіпті, 4- қауіптілік аз.

Кейбір коспалар шін жынтық эффектті ескеру қажет, яғни олардың жынтық зиянды әсерлерін.

Коспалардың концентрацияларының қала үстінде тараптуы әр түрлі деңгейлердегі телевизиялық немесе биік мұнаралардағы коспалар кұрамын бақылауларын өндеу нәтижесінде анықталады.

Тандалған негізгі метеобекет бақылаулары нәтижелерімен салыстырмалы түрде қаланың жеке аудандарындағы метеорологиялық

ерекшеліктерін анықтау үшін, қаланың осы жекелеген аудандарындағы ластануны заттар концентрацияларын өлшеу кезінде жүргізілетін, метеорологиялық бақылаулар нәтижелері талданады. Негізгі салыстырмалы сипаттамалар түрінде төмендегілер пайдаланылады: желдің жылдамдығы үшін – ауа ағындары жылдамдықтарының қатынасы; температура үшін – Цельсий градустарының әр түрлілігі; ылғалдылық үшін – пайыздық әр түрлілік; желдің бағыттары үшін – градустық ауытқулар; жауын-шашын үшін – мм-дегі әр түрліліктер. Бұдан басқа, кейбір жекелеген жағдайларда арнайы бақылаулардың мәліметтері пайдаланылуы мүмкін (актинометриялық, градиенттік және жылубаланстық, микрометеорологиялық және т.б.).

Ауаның ластану деңгейін жалпыланған көрсеткіштер негізінде бағалау. Қала атмосфералық ауасының ластану деңгейін бағалау үшін біркөтөрмөн отыратын ластағыш заттар үшін, жеке статистикалық көрсеткіштердің жинаумен қатар ластану сипаттамаларын нормалау колданылады – үлестік (бір реттік) және кешенді ластану индекстері.

Үлестік ластану индексі J_i , атмосфералық ауаның түрлі заттармен ластану деңгейін салыстыру үшін есептелінеді [4-7,9-11]:

$$J_i = \frac{q_i / \text{ШРК}_i}{C_i} \quad (2)$$

мұндағы: J_i – үлестік ластану индексі;
 q_i – i затының бір реттік немесе орташа тәуліктік концентрациясының орта арифметикалық мәні;

C_i – мөлшерсіз тұракты, негізгі болып қабылданған, күкірт қос totығының қауіптілік деңгейін i затының қауіптілік деңгейіне келтіруге мүмкіндік беретін, 1,2,3,4 қауіптілік кластарына сәйкес заттар үшін 1,7;1,3;1,0;0,9 мәндерін қабылдайды.

Кешенді ластану индексі J_n атмосфера ластануының деңгейін сандық сипаттамалары үшін колданылады, ол қала атмосферасында болатын, «п» заттарымен жасалынады:

$$J_n = \sum_{i=1}^n J_i \quad (3)$$

мұндағы: J_n – кешенді ластану индексі; i – коспа; n – коспалар мөлшері.

J_n бақыланып отырған ластаушы заттардың кұрамы тәжірибе жүзінде ластанудың қандай деңгейіне (күкірттің қос totығы ШРК бірлігінде) сәйкес екендігін көрсетеді.

Қаланың жеке аудандарының немесе түрлі қалалардың ластану деңгейлерін салыстыру үшін кешенді ластану индексін пайдалануға болады, бұл жағдайда кешенді ластану индексін бірдей мөлшердегі (n) заттары үшін есептеу қажет.

Қаланың әр түрлі аудандарының ластану деңгейлерін салыстыру үшін (3) теңдеу бойынша үлестік ластану индексін есептеулерін жүргізу қажет және «т» коспалар бойынша жиынтықтау қажет:

$$J_m = \sum_{i=1}^n J_i, \quad (4)$$

Берілген қалан атмосферасының үлестік ластану индектері келесі ретпен жиынтықталады. Алдымен үлестік ластану индектері бойынша тізбектеледі, содан кейін J_m -ді 2,3... m коспалар бойынша кезекті ретпен жиынтықтауды жүргізеді. Қаланың ластанған аудандарының приоритетті тізімін анықтау үшін аудандарды 1(2) бойынша ранжирлайды, одан кейін 1(3) бойынша және т.с.с. J_t барлық қала аудандары үшін салыстырмалы болу үшін оларды реттеу барлық аудандардағы ластаушы заттардың (t) бірдей мөлшері бойынша жүргізіледі. Бұл кезде ластанудың жиынтық деңгейлерін салыстыру үшін барлық үлестік индектер ішінен тәжірибеде бес ең үлкен мәндер таңдалып алынады.

Зерттеліп отырған аймақтың приоритетті қалалар тізімін жасау кезінде осындай процедура жүргізіледі, бұл жағдайда, егер есептеулер нәтижесінде $J_m < 5$ болатын болса, онда қала атмосфералық ауасының ластану деңгейі елдегі қалалар бойынша орташадан төмен болып саналады; егер $5 < J_m < 8$ болса онда шамамен орташаға тен; ал егер $8 < J_m < 15$ онда орташадан жоғары; егер $J_m > 15$ орташадан едәуір жоғары болып саналады.

2.3 Атмосфераға антропогендік әсер ету

Атмосфера ластануының негізгі ингредиенттері көміртегі тотықтары CO, азот тотықтары NO және құқіртті тотықтары SO, көмірсулар C_nH_m және ұшпа қоспалар (шан).

Көшеттік әсер жасайтын негізгі газдар – көміртегінің қос тотығы CO₂, метан CH₄, хлорфторкөміртек (фреондар) және олардың орын басатындары.

Көшеттік әсер – бұл Күн жылу энергиясының едәуір бөлігінің жер бетінде ұсталынып қалуы. Көшеттік әсер түсінігін 1863ж. Тиндалл қалыптастырган.

Көшеттік газдар күн саулелерінің көп бөлігін ішке өткізе отырып, Жер қайта шағылыстыратын, жылуды дерлік сыртқа қайта шығармайды, осы арқылы Жердегі ауа температурасын жоғарылатылады.

Көшеттік әсер – бұл Күннің жылулық энергиясының едәуір бөлігінің жер бетінде ұсталынып қалуы.


Көшеттік әсер озон қабатының бұзылуы және қышқыл жиңібарлармен катар атмосфераның ғаламдық техногендік ластануынан туындаған.

Озон (O₃) стратосферада Күннің ультракүлгін (УК) сәулелерін сініреді. Бұндай корғаныссыз олар жердегі бүкіл тіршілікті жойған болар еді[4-7,11-13].


Озон – үш атомды оттегі O₃=O₂+O

«Озон тесіктері» - бұл 20-25км биіктікте атмосфераның озон қабатындағы, озон құрамы елеулі төмендеген (50%ға дейін және одан да көп) едәуір кеністіктер. Озон тесіктері хлорфторкөміртектердін (фреондар) жоғары құрамымен байланысты. Атмосфераға фреондар хлор тотығын болу арқылы ыдырайды.

Озон ыдырауының катализаторларының арасынан ең маңызды орын азотtotықтары NO алады:



Сол сияқты хлор атомдары:



Есептеулер бойынша хлордың бір молекуласы стратосфераадагы 1 млн. Озон молекуласын бұзуга қабілетті, ал азот totығының NO бір молекуласы – O₃ (озонның) он молекуласына дейін.

NO құрамы болған кезде фреондар озонды бұзады:




Озон (O₃) концентрациясының азауы Жер бетіне келіп түсетін ультракүлгін сәулелердін артуына алып келеді.

CO – көміртегінің totығы (иісті газ) түссіз және ісі болмайтын газ. Жүйке және қан-тамыр жүйелеріне әсер етеді, тұншығу туғызады.

CO_2 – көміртегінің қос totығы (көмірқышқыл газы). Ол атмосферада 20,94% мөлшерінде болады.


CO_2 – көмірқышқыл газы - өсімдіктердің аудағы қорек көзі.

Фотосинтездің бастапкы зат қызметін атмосфераның көміртегі костотығы CO_2 және су H_2O_2 аткарады:




SO_2 – күкірт тотығы. SO_2 – күкірттің кос тотығы. Күшті ісі бар, түссіз газ, көздің және тыныс алу жолдарының шырышты қабаттарын тітіркендіреді.


Қышқыл жаңбырлар атмосфераға күкірт қос totығын SO_2 өндірістік шығарулар кезінде түзіледі (күкіртті газ немесе күкіртті ангидрид және азоттың қос totықтары NO_2 , олар атмосфералық ылғалмен (H_2O) косылып, сұйытылған күкірт қышқылын H_2SO_4 түзеді):



Немесе



Қышқыл жаңбырлар атмосфераға азоттың кос тотығын NO_2 өндірістік шығарулар кезінде түзіледі, олар сұмен H_2O байланысып, азот қышқылының түзеді:



Азот қышқылы

Нәтижесінде жаңбыр мен қар қышқалданған болып шығады pH<5,6. Европадағы максимальды қышқылдылық pH=2,3, Қытайда pH=2,25.

pH мәні тәжірибе жүзінде осындай атмосфералық ылғалдылық қышқыл болып табылады. Табиғи ортаның қышқылдануы маңызды экологиялық мәселелердің бірі. Қышқыл жанбырлардың әсерінен топырактан тек коректік заттар ғана емес, сонымен коса улы металдарда: корғасын, алюминий және т.б. сілтіленеді. Су коймаларына алюминий түскенде, оның құрамының небәрі 0,2 мг/л-ге дейін ғана артуы балықтардың өлуіне алып келеді, фитопланктондардың дамуы тоқтайд,

себебі фосфаттар атоминиймен байланысады. Су қоймалары толығымен түрлөдіккө жағдайға келеді.

Өсіреке осімдіктер үшін күкірттің қос totығы SO_2 қауіпті, оның асерінен фотосинтез токтайды, және көптеген ағаштар өлеңді.

Қынқыл жаңбырлар металдардың тат басу, гимараттардың, күрілістардың бұзылу үрдістерін жылдамдатады.

Қышқыл жаңбырлар адам үшін жанама әсер еткен кездеде, сол сиякты тікелей қатынастада қауіп тудырады.

Тұмша (смог, ағылшынша *smoke* – тұтін және *fog* - тұман) – бұл тұман мен тұтіннің коспасы. Тұтіннің, тұманның және шаңның улы коспалары – тұмшалар тіршілік иелерінің ағзаларында ауыр зардаптар туғызады. Тұмшалардың екі түрін ажыратады: қыскы тұмша (лондондық түрі) және жаздық (лос-анджелестік түр).

Лондондық түмшаша түрі қыста ірі өндірістік қалаларда желмен температуралық инверсиялар (жер бетінен 300-400м биіктік интервалында аудан температурасының төмендеуі орнына жоғарылауы) болмаган кезде пайдаланады.

Нәтижесінде атмосфералық ауаның айналымы күрт бұзылып, шаң және ластаушы заттар жоғарыға көтеріле алмайды және сейілмейді. Тұмандар жиі пайда болады. Күкірт қос totығының SO₂, шаңың, көміртегі totығының CO концентрацияларыңан айналымының, тыныс алудың бұзылуына, көп жағдайларда өлімге де алып келеді. 1952 жылы Лондонда 3-інен 9 желтоқсан аралығында тұмшадан 4000 астам адам өліп, 10000-ға жуық адам ауруға үшыраған.

Лос-анджелестік тұмша немесе фотохимиялық тұмша жазда автомобильдердің шығарынды газдарымен қанықкан ауаға күн радиациясының қарқынды әсер етуінен туындайды. Желсіз кездерде ауада жаңа улылығы жоғары – фотооксиданттар (озон, органикалық тотықтырғыштар, нитриттер және т.б.) түзілетін, күрделі реакциялар жүреді, олар асқазан-ішек жолдарының, өкпе және көру мүшелерінің шырышты қабаттарын тітіркендіреді. Ең бірінш рет тұмша 1944 жылы Лос-Анджелесте тіркелген, ал 1971 жылы Токиода тұмшадан 28000 адам уланған.

Стандарттарды бекіту. Ең көп таралған және зиянды деп саналатын, келесі бес ластағыштар үшін таза ауа туралы актте стандарттар қарастырылған:

барлық артық заттар; күкірттің қос тотығы (күкіртті газ) SO_2 , озон – O_3 , көміртегінің тотықтары CO (иісті газ); азот тотықтары NO_x .

Олардың әр қайсысы үшін біріншілік стандарт немесе шекті рауалы концентрация ШРК – бұл адам денсаулығы ешқандай зиянсыз кетер алатын, максимальды дengей.

Шыгарындылар стандарттары: ластағыш заттардың (булар, аэрозолдар) шекті рауалы шыгарындыларының ШРШ нормативтері.

Экологиялық нормативтерді сактау, яғни табиғи ортаның сапасын анықтайтын нормативтер, қамтамасыз етеді:

- халықтың экологиялық қауіпсіздігін;
- адамның, өсімдіктердің және жануарлардың генетикалық корларының сақталуын;
- тұракты даму жағдайында табиғи корларды тиімді пайдалану мен кайта өндіру.

Сапа нормативтерін үш көрсеткіштер бойынша бағалайды: медициналық, технологиялық және ғылыми-техникалық:

- медициналық көрсеткіштерді адамның денсаулығына, оның генетикалық бағдарламасына қауіптің табалдырықтық деңгейін бекітеді;
- технологиялық көрсеткіштер адам мен тіршілк ортасына техногендік әсердің бекітілген шектеріне баға береді;
- ғылыми-техникалық көрсеткіштер оның барлық сипаттамалары бойынша шектерін сактаудың ғылыми және техникалық құралдарын бақылау мүмкіндігіне баға береді.

Негізгі экологиялық нормативтер келесілер:

- ШРК – зиянды заттардың шекті рауалы концентрациясы;
- ШРД - әсер етудің шекті рауалы деңгейі;
- ШРШ – зиянды заттардың шекті рауалы шығарындылары;
- ШРТ – зиянды заттардың шекті рауалы тастандылары;
- ШРЖ – коршаған табиғи ортаға шекті рауалы жүктеме.

ШРК және ШРД нормативтерін санитарлы-гигиеналықка, ШРШ және ШРТ өндірістік-шаруашылыққа, ШРЖ – коршаған табиғи орта сапасының кешенді көрсеткіштеріне жатқызады.

Жергілікті жерлердің атмосфералық ауасында зиянды заттардың болуы сол сияқты ШРК мәндерімен шектеледі, заттың орташа тәуліктік концентрациясы ШРК_{оп} және максимальды бір реттік концентрациясы ШРК_{жб} нормаланады.

ШРК_{жб} – белгілі бақылау периодындағы, берілген нүктедегі тіркелген 30 минуттық концентрациялар ішіндегі ең жоғарысы. ШРК_{мб} бекітудің негізіне адамдағы мысалы түшкіру, жетелу сияқты рефлекторлық реакцияларды алдын алу ережесі алынған.

ШРК_{оп} – тәулік бойына анықталған, концентрациялар санының ішіндегі орташасы. ШРК_{оп} негізіне ағзаға жалпы улы әсердің алдын алу ережесі алынған.

Атмосфералық ауадағы кейбір заттардың шекті рауалы концентрациялары келесі 1- кестеде көрсетілген[5-10].

1 – кесте. Атмосфералық ауадағы ластағыш заттардың шекті рауалы концентрациялары ШРК, мг/м³

Заттар	Қауіптілік класы	ШРК _{жб}	ШРК _{оп}
Органикалық емес шаш 20-70%SiO ₂	3	0,3	0,1
Күкірт қос totығы SO ₂	3	0,5	0,05
Азоттың қос totығы NO ₂	2	0,085	0,04
Коміртегі totығы (иісті газ) CO	4	5	3
Азот totығы, NO	3	0,6	0,06
Күкірт totығы, SO			
Формальдегид, COH ₂	2	0,033	0,003
Бензол, C ₆ H ₆	2	1,5	0,1
Фенол, C ₂ H ₆ O	2	0,01	0,003
Аммиак, NH ₃	4	0,2	0,04
Күкіртсүтек, H ₂ S	2	0,008	-
Хлор, Cl	2	0,1	0,03
Коргасын, Pb	1	0,01	0,0003
Металдық сынап, Hg	1	0,01	0,0003
Бенз(о) пирен I	1	-	0,00001

2.4 Коршаған орта сапасын бағалау сынақтары

Мемлекеттік экологиялық саралтама халық шаруашылығы мен табиғи ресурстар облысындағы жобалардың, жоспарлардың және іс-шаралардың коршаған ортаның зиянды әсерлерден қорғау талаптарына сәйкестігін тексеруге бағытталған, мемлекеттік табиғатқорғау іс-шараларының жүйесі түрінде ұсынылған.

Әр түрлі орталарда зиянды заттардың шекті рауалы концентрацияларын (ШРК) бекіту.

Ауа ортасында:

ШРК_{жа} – жұмыс аймағы ауасындағы заттардың шекті рауалы концентрациясы, мг/м³. Бұл концентрация, күнсайынғы (демалыс күндерінен басқа) 8 сағат аралығында немесе жұмыс күнінің басқада ұзактығында, бірақ бүкіл жұмыс өтілі аралығындағы аптасына 41 сағаттан артық болмайтын жұмыс кезінде, қазіргі заманғы зерттеу әдістері арқылы анықталатын, қазіргі немесе келесі үрпактардың өмір сүру мерзімінде немесе жұмыс істеу үрдісінде денсаулық жағдайының ауруларын немесе кемшиліктерін туғызуы мүмкін емес концентрация. Жұмыс аймағы болып жұмысшылардың тұракты немесе уақытша орны болып табылатын, еденинен екі метр аралығындағы кеңістік болып саналады;

ШРК_{мб} – жергілікті жер ауасындағы максималды бір реттік шекті рауалы концентрация, мг/м³. Бұл концентрация 20минут аралығында тыныс алған кезде адам ағзасында рефлекторлық реакциялар (оның ішінде субсенсорлықта) туғызбауы тиіс;

ШРК_{от} – жергілікті жер ауасындағы улы заттардың орташа тәуліктік шекті рауалы концентрациясы, мг/м³. Бұл концентрация ұзактылығы

шектелмеген тыныс алу кезінде адамға тікелей немесе жанама зиянды әсер көрсетпеуі тиіс.

Су ортасында:

ШРК_c – шаруашылықтық-ауыз сулық және мәдени тұрмыстық су тұтыну су қоймаларының сүйнедегі заттардың шекті рауалы концентрациясы, мг/л. Бұл концентрация адамның бүкіл тіршілігі барысында оның мүшелеріне, сонымен қоса, келесі ұрпактардың да денсаулықтарына тікелей немесе жанама әсер етпеуі және су тұтынудың гигиеналық жағдайын нашарлатпауы тиіс;

ШРК_{bc} – балық шаруашылықтық мақсат үшін пайдаланылатын, су қоймасы сүйнедегі заттардың шекті рауалы концентрациясы, мг/л.

Суға арналған интегралды көрсеткіштер:

ОБҚ – оттегіне биологиялық қажеттілік – сынаманың белгілі мерзімдік уақытындағы (2;5;20;120 тәулік), биохимиялық үрдістер кезінде органикалық заттардың тотығулары (нитрификация үрдістерін қоспағанда) үшін пайдаланылған, оттегі мөлшері, мг О₂/л су (ОБҚ_п – 20 тәулік, ОБҚ₅ – 5 тәулік);

ОХҚ – бихроматтық әдіспен анықталған, оттегіге химиялық қажеттілік, яғни су құрамында бар, барлық тотықсыздандырылғыштарды тотықтыру үшін қажетті, шығындалып отырған тотықтырғыш мөлшеріне эквивалент, оттегі мөлшері, мг О₂/л су.

ОБҚ_п/ОХҚ ара қатынастары бойынша заттардың биохимиялық тиімділігі туралы айтуга болады.

Топыракта:

ШРК_т – топырактың жыртылатын қабатындағы шекті рауалы концентрация, мг/кг. Бұл концентрация адамның денсаулығына, сонымен қатар, топырактың өздігінен тазару қабілеттіне тікелей немесе жанама кері әсерін тигізбеуі қажет;

ШРК_{аэ} (ШКМ) – азық өнімдеріндегі заттардың шекті рауалы концентрациясы (шекті калдықтық мөлшер), мг/кг.

Әр түрлі орталарда ШРК мәндері бекітілмеген болса, заттардың уақытша гигиеналық нормативі: УРК – уақытша рауалы концентрация, бағдарланған қауіпсіз әсер етуденгейі (БҚӘЕ) жұмыс істейді. Уақытша норматив белгілі уақыт мерзіміне бекітіледі (2-3 жыл).

Әр түрлі заттар ағзага ұксас қолайсыз әсер көрсетулері мүмкін. Мысалы, азоттың қос тотығы мен формальдегидті, фенол мен ацетонды, этанол мен бүкіл органикалық заттар тобына арналған жиынтықтау әсері бар. Улы заттар үшін қауіпсіз концентрация С/РШК<1 қатынасымен анықталады, бұл жерде С – заттың ортадағы накты концентрациясы.

Аудағы фенолдың концентрациясы С_ф = 0,345 мг/л, ацетондікі С_{ац} = 0,009 мг/л, ал ШРК_ф = 0,35 мг/л, ШРК_{ац} = 0,01 мг/л делік. Заттардың әр қайсысы үшін берілген қатынас 1-ден кем [7-12]:

$$C_1/\text{ШРК}_1 < 1; C_2/\text{ШРК}_2 < 1,$$

(16)

Бұл заттар жиынтықтау әсеріне ие болғандықтан, жалпы фенол және ацетонмен ластану шектен асып кетеді, себебі:

$$\frac{C_1}{\text{РШК}_1} + \frac{C_2}{\text{РШК}_2} = 0.986 + 0.9 = 1.886 > 1$$

Осылан орай, жиынтықтау әсеріне ие заттардың концентрациялары РШК-га қатынастарның жиыны бойынша 1-ден аспауы қажет.

Орта сапасына анағұрлым толығырак баға беру үшін салыстырмалы түрде біраз уақыт бұрын басқа критерий пайдалана бастады – ШРЭЖ – шекті рауалы экологиялық жүктеме: су үшін – бұл ШРТ – шекті рауалы тастанды, г/с; ауа үшін ШРШ – шекті рауалы шығарынды, г/с. Бұл мәндер уақыт бірлігіндегі өндірістердің коршаған ортаға әсер етіп отырған жүктемесін, сипаттайтын және өндірістің экологиялық тәлқұжатына (немесе басқада осындай құжаттарға) міндетті түрде кіргізілуі тиіс.

2.5 Литосфераны ластаушылардан қорғау

Топырак қорларының маңызы. Литосфера (грекше “lithos” — “тас” + “sphair” — “шар”) – жердің қабығы, құрамы силикатты, қалындығы 30-80 км болатын жер шарының сыртқы катты тас қабықшасы. Литосферада тірі организмдер 3 км дейінгі терендікте тіршілік етеді.

Топырак. Жер бетінде Күннің энергиясы заттардың екі айналымын: су мен атмосфера айналымында байқалатын үлкен, немесе геологиялық және заттардың топырак, өсімдіктер, микроорганизмдер мен жануарлар арасындағы айналымы – кіші немесе биологиялық айналымды туғызады. Екі айналым да бір-бірімен тығыз байланысты. Топырактың табиғи ландшафттар мен экожүйелердегі маңызы зор, оны жекеленген экожүйе деп қарастыруға болады. Топырактану ғылыминың негізін салушылардың бірі В.В. Докучаев XX ғасырдың басында топыракты өзіне тән өзара байланыстары, тіршілік ету заңдылықтары мен өзін-өзі реттеуге қабілетті табиғи-тариҳи дене деп қарастырады, топырактың планетаның тарихы, тау жыныстары, климаты, өсімдіктері, жер бедере және ландшафттымен тығыз байланысты болатынын атап көрсеткен. Тау жыныстарының топыракқа айналу үрдісінің аса бір маңызды және жалпы құбылысы құрлықтың бүкіл бетін жауып жатқан гумустық қабаттың түзілуі болады. Бұл қабат топырактың ең бір белсенді бөлігі болып саналады. Топыракқа ең алғаш рет М.В.Ломоносов ғылыми анықтама берді, ол: топырак түзілу үрдісі құнарлылық түзіле жүретін өсімдіктер мен тау жыныстарының арасындағы ұзак өзара карым-қатынас деп көрсетті.

Топырак корлары – Жер бетіндегі тіршілікке қажетті ең маңызды алғы шарттардың бірі болып табылады. Алайда оның шын мәніндегі маңызы мен ролін ез дәрежесінде бағалай алмай келеміз. Топырак

биосфераның компоненттерінің бірі ретінде адам, жануарлар мен өсімдіктер үшін биохимиялық орта болып саналады, ол энергетикалық сиымдылығы жоғары, топырақ биотасы мен адамдар арасындағы тікелей және жанама әсерлерді тепе-тендікте сактап тұра алатын өздігінен тазару жүйеінің механизмдерінің аса маңызды резерві болып табылады. Адамдарға азық-тұлік пен жануарларға коректі өндіру үшін қажетті жағдайлар тек топырак арқылы ғана жасалынады. Топырактың табиги деңе ретіндегі негізгі функциясы – атмосфералық жауын-шашынды жинақтау мен су балансын реттеу, өсімдіктерге қажетті коректік элементтерді жинақтау, жер асты суларын тұзу мен тазалығын қамтамасыз ету, ластаушы заттарды тасымалдау.

Топырак – сыртқы орта жағдайлары: жылы, су, ауа, өсімдіктер мен жануарлар, микроорганизмдердің біріккен әсерінен калыптаскан жердің беткі құнарлық қабаты. Топырак түзгіш ықпалдарға сол сиякты жер бедерінен аударып, оның өсімдіктерді, оларға қажетті коректік элементтермен, сумен және ауамен қамтамасыз ету кабілеті. Ол топырак түзілу үрдісі барысында және адамның топыракқа әсер ету нәтижесінде қалыптасады. Ол бүкіл адам баласының тіршілігінің көзі болып табылатын аса маңызды байлық, ауыл шаруашылық дақылдарының өнімінің, ауыл шаруашылық дақылдары өндірісінің негізі.

Топырак – барлық элементтердің аккумуляторы: ол оларды өзінде жинақтап, сумен шайылып кетуден сактайты. Өзінің қалыптасқан зат алмасу үрдісі бар, тұракты динамикалық жүйе болғандықтан топырак табиги ықпалдар (су тасқыны, эрозия, құрғакшылық, т.б.) әсеріне қарсы тұра алады. Бірақ топырак көптеген антропогендік ықпалдардың (жер жырту, мал жаю, техниканы колдану, т.с.с.) ұзақ уақытқа созылатын әсеріне сезімтал келеді. Топырактың құнарлылығы адам іс-әрекетіне де байланысты[3-6,14-18].

Топырак – барлық материалдық игіліктердің көзі. Ол азық-тұлік, малға жем, киім үшін талшық, құрылым материалдарын береді. Топырактың ең маңызды байлық екендігін айта келіп, К.Маркс, еңбек – байлықтың әкесі болса, топырак анасы деген. Топырак ешнәрсеге айырбасталмайтын табиги кор. Казіргі таңда, гылым әлі күнге дейін табиги топырактың орнын баса алатын жасанды материал таба алған жоқ. Өсімдіктерді топыраксыз есірудің кез-келген әдісі (гидропонды, пластопонды, аэропонды) топырактың алатын орнын дәл өз мәнінде орындаі алмайды. Сондықтан адамзат қоғамы алдында тұрған және әлі де маңызды болып қала беретін аса маңызды мәселе топырактың топырак түзілу үрдісіндегі өздігінен қалпына келу қабілетін сактап қалуға барынша жағдай жасау. Топырак – биосфераның басқа элементтерімен үздіксіз алмасып отыратын, олармен тығыз байланысты және биосфераның кейір элементтеріне (атмосфералық ауа, жер бетілік және жер астылық сулар) өзі

де әсер ете алатын өте күрделі ашық жүйе. Топырак үнемі климат пен ауа райы компоненттері, флора мен фауна, әсіресе, соңғы кезде түрлі антропогендік зиянды әсерлерге ұшырап отыр. Топыракта эрозиялық жүйе көбейіп, өздігінен тазару қабілеті нашарлап, құнарлылығы кемуде. Топырактың деградациялануының (латын тілінен аударғанда – “төмендеу”, “артқа кету”) негізгі ықпалдары: эрозия, минералдық тыңайтқыштар пестицидтерді шамадан тыс көп қолдану, т.с.с.

Жел және су эрозиялары. Топырак өте күрделі организм сиякты үнемі өсу, даму және өзгеру үстінде болады. Онда үздіксіз түзілу және бұзылу жүйесі жүріп жатады. Су, жел, антропогендік ықпалдардың топырак пен оның қабаттарын бұзу, беткі құнарлы қабатының сумен шайылу, желмен ұшу құбылыстары эрозия деп аталады. “Эрозия” – термині латынның “erodere” – “бұзу” деген сөзінен алынған. Эрозия дегеніміз – топырак жабынының(жамылғысының) су, не желмен шайылуы, бұзылуы. Бұл кезде топырактың ең құнарлы қабаты бұзылады: топырак түзу үрдісінің жүру жылдамдығы шамамен 0,5-2,0 см/100жыл болғанда қалындығы шамамен 18 см болатын осы қабаттың табиги жолмен түзілуіне 1400-1700 жыл қажет болған болар еді. Бұл қабаттың жойылуы кейде 20-30 жыл, тіпті кейде бір ғана қатты жауған жаңбыр, не шанды дауыл нәтижесінде болуы мүмкін.

Эрозиялық жүйенің байқалу сипатына карай қалыпты, не геологиялық және жылдам, не антропогендік эрозия болып бөлінеді[3-7].

Қалыпты эрозия – орманды жерлер мен шөптесін өсімдіктердің топырагында болады. Ол өте жай байқалып, нәтижесінде бұзылған топырак қабаты топырак түзілу жүйесінің нәтижесінде бір жылда қайта қалпына келе алады.

Жылдам эрозия – табиги өсімдіктер дүниесі жойылып біткен, топырактың табиги ерекшеліктері ескерусіз пайдаланылған аумақтарда байқалып, бұл эрозия өте тез жүреді. Кең таралған эрозиялардың түрлері: жазықтық, сыйықтық, дефляция, суландыратын, өндірістік (техногендік), абразия, жайылымдық.

Жазықтық эрозия – тау беткейлеріндегі жоғары қабаттагы топырактардың жаңбыр, еріген кар суларымен шайылуы.

Сыйықтық эрозия – тау беткейлері топырактарының жаңбыр, еріген кар суларының әсерінен терен жыралар мен жылғалар түзіп шайылуы. Жел эрозиясы, не дефляция – топырактың жоғарғы құрғак, құнарлы қабатының бөлшектерінің желмен ұшуы.

Суландыратын эрозия – сугармалы егін шаруашылығымен айналысады аудандарда байқалып, топыракқа көп мөлшердегі су мөлшерінің берілуіне байланысты болады. Бұл су топыракқа сіңіп үлгермейді де, топырак бетімен агады. Су жіберілетін егістік жер азғана болса да тегіс болмаса топырактың қарашірігі сумен бірге төменге карай жуылып, ағып кетеді. Суландыратын эрозия кезінде бір уақытта эрозия да, топырактың сортандануы да жүреді.

Өндірістік эрозия – пайдалы қазбаларды өндіру кезінде, әсіресе, ашық әдіспен өндіруде, тұрғын үй, өндіріс орындарының құрылышын, жолдар, газ және мұнай құбырларын салу кезінде байқалады.

Абрация кезінде (өзендер, басқа да су көздерінің жағалауларының құлауы) жыртылатын және мал жайылатын жерлердің ауданы кемиді. Шамадан тыс мал жаю кезінде жайылымдық эрозия байқалады.

Механикалық эрозия – ауыл шаруашылық техникалардың ауыр түрлерін топырактың өздігінен қалпына келу кабілетін ескермей пайдаланған жағдайларда қалыптасады. Бұл кезде топырактың құрылымы бұзылады, физикалық қасиеттері нашарлап, топырак түзілу үрдісінің негізгі агенті – биологиялық белсенділігі әлсірейді. Мысалы, АҚШ-да топырактың тығыздалуы мен бұзылуы жыл сайын 1млрд. доллар шығын әкеледі.

Егіс далалары, әсіресе, жылына екі рет өнім жинайтын аудандарда ауыр техникалардың әсерінен топырак тығыздалып, ауыл шаруашылық дақылдарының өнімі төмендейді. Бұл зардаптарды болдырмаудың тиімді жолы – топыракты минималды өндеу, топырак өндеуші және басқа да машиналардың өнімділігін, олардың алатын ауқымын ұлғайту арқылы арттыру.

Эрозия – құнарлылықтың жауы. Мамандардың есептеулері бойынша, әрбір минут сайын жер шарында 44га жер ауыл шаруашылық айналымынан шығып отырады. Эрозияның әсерінен адамзат қоғамы күн сайын 3 мыңдан аса га жерден айырылып отырады. Ал барлығы қазіргі кезде 50 млн. га құнарлы жер тозып бітті. Эрозияның түрлерінің әсерінен барлық ауыл шаруашылық дақылдарының өнімі шамамен 20-40% төмендейді. Эрозияның зардаптары мұнаймен бітпейді. Топырак беттеріндегі жыралар, арықтардың түзілуі топыракты өндеу жұмыстарын қындастып, топырак өндеуші және өнім жинаушы техниканың еңбек өнімділігін төмендетеді. Топырактың эрозиясы, олай болса, биогеоценоздардағы жануарлар мен өсімдіктердің тіршілік ету ортасының бұзылуы, табиғи комплекстердегі қалыптасқан биологиялық тепе-тендіктің бұзылуына әкеп соғады. Эрозияға ең көп үшыраған АҚШ жерлері. Соңғы 150 жылда барлығы 160 млн. га жердің 120 млн. га эрозияға үшыраған, 20 млн. га жер ауыл шаруашылығында пайдалануга жарамсыз. Эрозияның әсерінен жыл сайын жердің коректік заттарға 4млрд. тонна құнарлы қабаты жойылып отырады. Жерорта теңізінің жағалауларына орналасқан елдердің топырактары катты бұзылған. Пиреней шөлді Сиссарлары мен Солтүстік Африканың шөл далалары, Австралия, Канада, Индия, Пакистан мен Қытайдың бірқатар жерлері эрозияға үшыраған. Эрозия адамдардың тиімсіз тіршілік әрекеттері, жер кортарын дұрыс пайдаланбауы, кейбір шаруашылықтарда нашар агротехниканы қолдану нәтижесінде жүреді.

Топыракты эрозиядан қоргуа. Топырактың эрозиясымен күресу – егін шаруашылығындағы ең негізгі мәселелердің бірі. Эрозияға карсы күрес шараларының ең негізгілерінің бірі – шаруашылық ұйымдастыру

жұмыстары. Бұл – аумакты дұрыс ұйымдастыру. Шаруашылықтарда жерлерді су және жел эрозиясына ұшырау деңгейлеріне байланысты топырак-эрозиялық жоспарлар жасалынып, топырактарға сәйкес эрозияға карсы іс-шараларын жүргізеді. Агротехникалық шаралардан беткейлерде жерді көлдененде жырту, ал өте биік беткейлерде су ұстағыш микро жер бедерін жасау керек. Жауын-шашын суларын жинау үшін жыртылатын қабатты терендету арқылы да кол жеткізуге болады. Агротехникалық шараларға сол сияқты топыракты аударып емес, тек қана қосыту, эрозияға үшыраған жерлерде желге төзімді қабаттарды жасау да жатады. Дефляцияға үшыраған топырактарда көп жылдық шөптөрді өсіру арқылы ауыспалы егісті қолдану өте тиімді болып саналады. Эрозияға карсы күрес шараларының ішінде орман-мелиорация жұмыстарын жүргізу де үлкен роль атқарады. Топыракты құрғақшылық пен ыстық желдерден, эрозиядан сактауда ормандар егудің өте колайлы екендігін көрнекті ғалымдар А.Т. Болотов, В.В. Докучаев, Н.М. Сибирцев, т.с.с. үнемі атап көрсеткен [3-5, 12-15].

Эрозиямен күресу жолдары:
1. Айтартылған үлкен аумактарда өсімдіктер жабынын жоюға әкелетін табиғи экожүйелерге тигізетінәсерді шектеу. Бұл әсіресе орманды пайдалануға катысты.

2. Жайылымдарда эрозиялық жүйе көбінесе шектен тыс мал жаюмен байланысты. Үлкен аумактарда шөптесін өсімдіктер жабынының (жамылғысының) закымдануы кезінде, әсіресе топырағы жеңіл жерлерде су және жел эрозиясы болуы мүмкін. Таулы аудандарда шөптесін өсімдіктердің болмашы закымдануының өзінде (мысалы, жалғыз аяқ жол) су эрозиясының пайда болу ошағы орын алады. Мұндай колайсыз құбылыстарды болдырмаудың негізгі жолы – мал жаю ережелерін сактау мен рекреациялық қысымды төмендету болып саналады.

3. Егістік жерлерді қоргау шаралары:

- ауыспалы егістерді дұрыс пайдалану;
- топыракты бекітетін тамырлары бар шөптөр коспасымен алмастыру;
- жиектік жырту (жер бедерінің қабаттарымен);
- өндеуден бұрын бұзылатын құмды және құмдақ топырактарды шығару;
- шағын егіс танаптарын табиғи ландшафттармен кезектестіру;
- танап коргайтын орман белдеулерін жасау;
- топырактың құрылымын түзуге мүмкіндік тузызатын органикалық тыңайтқыштарды пайдалану;
- топыракқа әсер ететін қысымды кемітетін техниканы пайдалану.

Суғармалы егістердің дүние жүзіндегі ауданы шамамен 250млн. га жуық. Суландыру эрозиямен катар суғармалы топырактар екінші реттік сортандануға үшырайды. Оның мәні танаптағы топырак суды сініріп, содан соң булану мен өсімдіктерге транспирацияға қажетті судан артық су келіп түседі. Бұл су біртіндеп жер астылық еспе суларына дейін жетіп, оның деңгейінің көтерілуіне себеп болады. Мөлшерсіз, ретсіз суғару

кезінде қыска уақыт аралығында жакындалап, каркынды түрде булана бастайды. Суда еріген тұздар топырак бетінде жиналады. Мұндай тұздану екінші реттік деп аталады. Сугарудың жоғары деңгейінде және каналдардағы судың топыракка сіңіп кетуі арқылы еспе суларының мөлшері көбейеді. Сугару каналдарынан судың сұзілуінен және дұрыс сугармаудан топыракта тұздардың мөлшерінің көбеюі екінші реттік тұздану деп аталады. Ал бірінші реттік тұздану ретінде адамның әсерінсіз пайда болатын табиғи тұздану үрдісін атайды. Екінші реттік тұздану тек күрғак аудандарға тән. Солтүстік аймактарда шектен тыс сугару топырактың батпақтануына әкеліп соктырады. Топырактың тұздануы деп – натрий, кальций, магний тұздарының топыракта өсімдіктердің өсуі мен дамуына зиянды әсер ететін концентрацияда жинақталуын айтады. Бұл құбылыс әсіресе, Египет, Ирак, Индия мен Пакистан, т.б. күрғакшылық климатты аймактарда белен алғып отыр. Жыл сайын Жер шарында тұзданудан 200-300 мың га сугармалы жер қатардан шығады. Бұкіл әлемде қазіргі таңда 20-25 млн.га жер тұзданып, өнім беру қабілетінен айрылған. Бұл жағдай, әсіресе, Орта Азия мен Закавказье елдерінің топырактарында көбірек байқалып отыр. Тіпті тұзданудың аз ғана деңгейінде мақтаның өнімі 20-30%, жүгері 40-50%, бидай 50-60% қысқарады. Тұздану орташа жүрген аймактарда мақтаның өнімі екі есе төмендесе, ал бидай тіпті өспейді.

Топырактың тұздану мен батпақтанудан қорғау. Топырактың тұзданудына себеп болатын ықпалдар түрліше. Олардың бірі күрғаган тенізден пайда болған тұздың жел арқылы тараптуы. Суда еріген тұздар атмосфералық жауын-шашын арқылы да тарапады. Көбінесе топырактың тұздануды еспе суларының құрамында болатын тұздар есебінен жүретіндігі жиі байқалады. Егер олар теренде болмаса, капилляр арқылы булану нәтижесінде топырактың жоғарғы қабатында тұздар жинақталады. Климат неғұрлым күрғак және топырактың механикалық құрамы ауыр болса, соғұрлым бұл үрдіс каркынды жүреді. Екінші реттік тұзданудың алдын алу шарапарының бірі терендігі 1-1,8 м етіп аумакта керіздер жасау. Сол сияқты жаңбырлатып сугару – суландыру эрозияға карсы күрес шарапарының бірі. Тұзды топырактарды натрийдің тұздарынан ғаныштау арқылы тазартады. Сугарудың жетілдірілген технологияларын қолданумен қатар, жер асты суларының деңгейінің көтерілуіне байланысты еспе суларын сорып алу арқылы және топыракты шаю арқылы да тұзданумен күресуге болады. Бірақ бұл кезде де міндетті түрде еспе суларын алғып кету керек. Кейбір жағдайда химиялық әдіс те жақсы нәтиже береді. Мысалы, топырак бетінде жиналған зиянды тұздарды ыдырату үшін ғаныштау жүргізіледі. Бірақ бұл әдіс қымбат және коршаған органдың тазалығы үшін тиімсіздеу.

Жер қыртысына үлкен зиян келтіретін үшінші бір ықпал — жердің азы. Оның орын алу себептері — өніммен бірге коректік заттардың топырактан әкетілуі. Қараширіктің жойылуы, су алмасуының және басқа да

қасиеттерінің топырактың азының нәтижесінде, құнарлылығы жойылып, айналды. Өніммен бірге әкетілетін коректік заттарды топыракқа қайтарудың ең тиімді әдісі, органикалық тыңайтқыштарды колдану, шеп себу, жерді жыртып ашық қалдыру(пар) жүйесі арқылы топыракты тынықтыру. Топырактың азы ең алдымен органикалық заттардың, оның ішінде негізгісі – қараширіктің кемуімен байланысты. Топырак құнарлылығының жойылуы топыракты каркынды өңдеуге, ауыр ауыл шаруашылық техникаларды колдану нәтижесінде топырактың тығыздануы, ластануға, ең алдымен, “қышқыл жаңбырлар” мен минералдық тыңайтқыштарды тиімсіз пайдалануға байланысты туындалған отыр.

Топырактың ластануы. Табиғи корғаудың түрлі аспектілерін ескермей жүргізген адамның шаруашылық іс-әрекеттері коршаған ортандың, соның ішінде топырактың да ластануына әкеп согады. Нәтижесінде топырак өндірістік, құрылыштардың қалдықтарымен, жылу электр станцияларының күлімен, пайдалы қазбалар мен құрылым материалдарын өндіру кезіндегі жердің бетіне шығарылып тасталған жыныстар тау-тау болып үйілген, мұнай өнімдері жиналған, т.б. “индустриялық далалар” пайда болады. “Индустриялық далалардың” топырактарында ештеңе өспейді. Бұның себебі, ластаушы заттардың құрамында табиғи күйде топыракта өте аз мөлшерде кездесетін химиялық элементтер болады. Олар көміртек, күкірт, молибден, мыс, кадмий, мырыш, алюминий, никель, вольфрам, натрий, хлор, темір, титан, бор, барий, фтор. Бұндай жағдайда химиялық элементтердің топырактағы қалыптасқан қатынасы бұзылады. Топырактың ластануы тек қана адамның индустриялық қызметтерінен емес, сонымен бірге, ауыл шаруашылық өндірістің нәтижесінде жүреді.

Топыракты ластаушы көздер – мал шаруашылығы комплекстері. Көбінесе сүйкі көң дұрыс сакталмаған жағдайда суларды ластайды. Мұнай өндіру және барлау жұмыстары топырактың түрлі жуғыш заттармен ластануына себеп болады. Нәтижесінде мұнай төгіліп, топырактың бетінде битумды заттардың түзілуіне әкеп согады. Бұргылау жұмыстары кезіндегі қолданылатын жуғыш заттар топырактың тұзданудына себеп болады. Әдетте, бұндай жерлерде өсімдіктер өспейді. Көптеген жерлер түрмисстық және өндірістік қалдықтар жиналған қалдық үйінділерімен ластанады. Бұл үйінділерде тұрғын үйлер, мекемелерден шықкан қалдықтар, әртүрлі синтетикалық материалдардан жасалған түрмиска қажетті заттардың қалдықтары, моншалар мен кір жуатын орындардан шықкан ағызынды сулар, жаңбыр мен қар сулары, т.б. толып жатқан қалдықтардың барлығы топыракты катты ластайды.

2.6 Коршаған ортаға антропогенді әсерді бағалаудың жүйелік әдістері

Антропогенді әсерлер, коршаған орта (КО) жағдайына әсер ету кешендерінің нақты аумағын анықтап бағалау қажет. Бағалаудың нәтижесі қаржыландырудың көлемі мен табигатты корғау шараларының экологиялық маңызды мәселелердің аумағына байланысты каралады. Қаржыны бөлу үшін экологиялық реабилитациялық аумактардың кешенді экологиялық жағдайын толық қарастыру қажет. Жинаған акпараттар аумакқа экологиялық реабилитацияларға қаржыны дұрыс бөледі.

Қолайлы көрсеткіштердің жынытығын тандау, кез-келген экожүйені кешенді бағалаудың мүмкіншіліктеріне негізделіп, табигатты пайдалану және коршаған ортаны корғау бүгінгі күннің ең маңызды мәселелерінің бірі болып отыр. Экологиялық жағдайымен коршаған ортаның «сапасы» онай міндет болып отырған жок. Көрсеткіштердің саны, әр түрлі масштабтағы аумактардың экологиялық жағдайын бағалауда жүздіктермен өлшейді. Мұндай алқаптың акпараттарын қабылдау, жергілікті жердің экологиялық жағдайларын кешенді бағалаудың нәтижелері, аймақтың және ғаламдық деңгейде анықтау қынга соқпак. Сондыктan өзекті мәселелердің көрсеткіші маңызды, үлкен көлемдегі сілемдерден алынған акпараттар зерттеліп отырған аумактың экологиялық жағдайлары аса қатты қындық тудыра қоймайды.

Жыл сайынғы аналитикалық шолулар мен түрлі экологиялық корытындылар коршаған ортаның ластануы жайлы акпараттар жинағы жарияланып-тұракты және жылжымалы көздерден атмосфераның ластануы, шығарындылармен қалдықтардың акпараттары қарастырылады. Аумактардың қалдықтардың түсі, олардың көрсеткіші бойынша-аса қатты ластанған ауа алабтарының, коршаған ортаға түсетін шығарындылар мен тастанды қалдықтардың, тасымалдау транспорттарының тұракты қатынауы, көлтірілген залалдың себептері және т.б. қарастырылады.

Аумактың экологиялық жағдайын бағалау мақсатында колданылатын түрлі авторлардың мақалалары және көздері ұсынылады. Қарастырылған жұмыста көрсеткіштердің қазіргі уақытта ұсынылып отырған акпараттардан айырмашылығы аса көп емес. Бірақ ескере кететін жайт, талдау жасау кезінде коршаған ортаға әсер етуші ықпаллармен және көп колданылатын көрсеткіштер қарастырылып, аса қатты айырмашылық байкалмағандықтан ескеріле қоймады.

Қарастырылып отырған мәселердің арасынан, жеке экологиялық аумактың орнығына сипаттама беретін әдісті тандау қажет. Талдаудың тапсырмасын жөнілдету үшін, экожүйені құраушылардың жағдайын бағалау қажет: ауа, су, жер, әлеумет, өсімдіктер және жануарлар әлемі[8,11-15].

Ауа

Атмосфераның ластануы өте қауіпті құбылыс болып табылады, ол қазіргі кезде жаһандық мәселелер туындарып жалпы биосфераға да өз әсерін тигізеді. Су ортасының сапасының төмендеуі, топырак екінші орында болса- ондағы поллютанттарды шаю кезінде жүзеге асады. Атмосфераның қауіптілігі организмдердің сезімталдығының жоғарылау нәтижесінде байқалады.

Зиянды экономикалық бағалау, тұракты көздерден атмосфералы ауаның ластану себептері[8]:

$$Y_r^a = y^a yd_r \times M^a \times K^a \times id \\ M^a = \sum_{i=1}^n \times K^a \times i, \quad (17)$$

мұндағы, Y_r^a - атмосфералы ауага тұракты көздерден РК-ның экономикалық аудандарына түсетін қалдықтарға жылдық шығынды экономикалық тұрғыда бағалау мың.тengе/жыл;

y^a -РК экономикалық аудандарының ауа алаптарына түсетін ластаушы заттектердің қалдықтарының экономикалық бағалаудағы көлемі тенге.шарт/т;

M^a -қарастырылған аудандардағы ластаушы заттардың көлемі шарт.т/жыл;

K^a -экологиялық жағдайының коэффициенті және атмосфералы ауаның РК экономикалық ауданындағы аумактың жағдайы;

id -өндіріс салаларының индекс-дефляторы;

-атмосфералы ауаның қалдықтарының массасы i -экологиялық-экономикалық қауіптіліктің ластаушы заттардың немесе бірдей коэффициенттері, т/жыл;

K^a -экологиялық-экономикалық қауіптіліктің қатынас коэффициенті i -ластаушы заттектердің және заттардың топтарының, шарт.т/жыл;

i -ластаушы заттардың немесе заттектердің топтарының индексі.

2. Атмосфералы ауаның транспорттардың ластануынан экономикалық

$$Y_r^a = y^a yd_r \times \sum_{k=1}^m M_k K_{tr} \times K^a \times \mathbb{E}_r \\ \text{тұрғыда бағалау.}$$

$$M_k K_{tr} = \sum_{i=1}^n (M_i^a K_{tr} \times K^a \times i)$$

(18),

мұндағы, Y^a -белгілі бір аумактағы ауа алабына транспорт арқылы көлтірілген залалды экономикалық тұрғыда бағалау;

У^ауд, -атмосфералы ауага келтірілген шығындардың көрсеткіштері, ластағыш заттектердің келтірілген көлемі мен РК экономикалық ауданының жылдық аралықтың аяқталуы, тенге/шарт.т;

M^i Кмр -атмосфераға келтірілген ластаушы заттектердің нақтылық қалдықтарының қорытынды уақыт бойынша периодының транспортты тасымалдаудың бірлігі, шарт.т/жыл;

K^E_i - экологиялық-экономикалық қауіптіліктің қатынас коэффициенті i -ластаушы заттектердің және заттардың топтарының, шарт.т/жыл;

$M^i K_{Mр}$ - i -ші ластаушы заттардың нақтылық қалдықтарының тасымалдау транспорттарының қорытынды уақыт бойынша периодының, т;

K^E_i , -экологиялық ситуациялар және экологиялық маңыздылығының атмосфералы ауаның РФ экономикалық аудандарының құрамының жағдайы;

i -ластаушы заттардың немесе заттектердің топтарының индексі.

3. Атмосфераның ластануының индексі (АЛИ)

Ауа алабының жағдайын интегральды бағалау үшін атмосфераның ластаушы индексін қолданады. Бұл атмосфераның ластануының кешенді көрсеткіші, бес басты ластаушы себептерінің абсолютті маңыздылығының ШРК тасымалдауымен есептеледі. Абсолютті көрсеткіштердің тасымалдауының АЛИ ертерек экологиялық қауіпті ескертіп, түрлі деңгейдегі ластаушылардың қауіптілігін көрсетеді[8,9-12]:

$$\text{АЛИ} = \sum_{i=1}^n \left(\frac{q_i}{\text{ШРК}_{i,\text{МР}}} \right)^{a_i}, \quad (19)$$

мұндағы АЛИ- Атмосфераның ластануының индексі; q_i - i -заттектің концентрациясы, мг/м³; ШРК_{i,МР}-ШРК-ның максимальды i -заттектері, мг/м³;

a_i - III класс қауіптілігінің i -заттектердің қауіптілігінің қатынасы (a_i - I класс=1,7; a_i II класс=1,3; a_i III класс=1,0; a_i IV класс=0,9);

n -есептегендегі ескерілген примесей саны; АЛИ жеңілдетілген көрсеткіш және жиі есептелетін $n=5$ заттектердің концентрациясы, ауаның ластануын анықтаушы. Бұл бестікке жиі ілігетін: бензапирен, формальдегид, фенол, аммиак, диоксид азоты, күкірт көміртегі және шан. Атмосфераның ластану индексі 15-20 бірлігімен өзгеріске ұшырап, ластанудың қауіпті деңгейіне жатады.

Су Экологиялық мәселердің курделілерінің бірі-жер үсті суының жағдайы екі аспектіге ие: санының жоғарылығы және сапасының жоғарылығы. Су нысандарының басты ластану көзі ағынды сулар (сонымен катар тазалаудың түрлі көрсеткіштері), өндіріс кешендерінің,

шаруашылықтық-тұрмыстық қалалардың және ауылды аумактардың ағынды сулары, сугару жүйесінің ағындары, басқа шаруашылық нысандарының жоғары ағынды сулары. Су нысандарының ластануы қазіргі уақытта жаһандық мәселе туғызып тұшы су корларының көлемін төмендетіп отыр.

1. Су нысандарының ластануының келтірілген шығындарына экономикалық бағалу:

- Тұшы су қорлары мен су жағасындағы экожүйелеріне сәйкес болатындарды, соның ішінде балық аулаумен, аквамәдениетімен (дақылдары), жайылым шаруашылығымен, ауыл шаруашылқ әрекет пен биологиялық әртүрлілігімен байланысты мәселелерді қарастыруды да косатын, экология жағынан қауіпсіз басқару туралы стратегияларды құрастыру.

3.4 Су қорларын қорғау

Барлық мемлекеттер өздерінің мүмкіншіліктері мен қорларына қарай және бір немесе көп жақты қарым - катынас арқылы, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымы және қажеттілік болса, басқа да сәйкес үйімдарымен де қарым - катынасы арқылы келесі іс-шаралар аткаруымызға болады.

1. Су қорларын қорғау және сактау[12-17]:

- қогамның барлық топтарымен қарықтай сумен қамтамасыз ету потенциалды әлеуетті қоздерін табу және корғау мақсатында техникалық және институционалды мүмкіншіліктерін құру және нығайту;
- сумен қамтамасыз ету нақты қоздерін анықтау және ұлттық су кадастрын дайындау;
- су қорларын корғау және сактау туралы ұлттық жоспарларын құрастыру;
- негізгі, бірақ деградацияға ұшыраган су жинау аудандарын қалпына келтіру, әсіресе кіші аралдардағы;
- пайдалануға нақты жарамды және бар су жинау аудандарына қол сүғудан қорғау мақсатында әкімшілік және занды шараларды нығайту.

2. Су ластану туралы ескерту және ластануға қарсы құрес шаралары:

- ластанған барлық қоздеріне «ластанушы төлейді» қагидасын қолдану және өнеркәсіп нысандарынде және оның шектерінен де санитарлық сактандыру шараларды қолдану;

тұрмыстық және өнеркәсіптік ағынды сулар үшін тазалау құрылғыларын салуды қолдау және дәстүрлі жергілікті практиканы есепке алу, сәйкес технологияларды құрастыру;

- ағынды суларды төгуіне қатысты және құйылатын суларға қатысты нормаларды құрастыру;
- қажеттілік туған кезде су сапасын реттеуде сактық шараларын

колдану, жана технологиялар пайдалану, өнімділік және өндірістік үрдістерін өзгерту су көздерінде ластануды азайту, ағынды суларды кайталап пайдалану, ағынды суларды рецеркуляциялау (қалпына келтіру) тазалау, экологиялық тұрғыдан қауіпсіз шығарып жіберу;

- су сапасы мен сулы экожүйелеріне зиян келтіретін барлық ірі су шаруашылық жобаларының міндетті экологиялық сараптама және осындай зиянды жою бойынша қажетті шарапарды бір мезгілде құрастыру және жаңа өнеркәсіптік құрылғыларына қатты қоқыстар төгу жерлеріне инфракұрылым даму жобаларына бақылауды күшейту;

- қауіпті бағалау негізінде және қауіп деңгейін реттеу мен қабылданған шешімдерді қабылдау;

- экологиялық көзкарастан ең ұтымды және ластануды таралуын ескерту мақсатында біршама қымбат емес тәсілдерді анықтау және колдану. Ауыл шаруашылық практикасында азот тыңайтқыштарын және басқа агрохимикаттарды (пестицит, гербицид) ұlyымды шектеулі жоспарлы пайдалану жолымен; ауыл шаруашылығында аква мәдениетінде, өнеркәсіpte және басқа салаларды өндөлген және тазаланған ағынды суларды лайықты тұрде пайдалануын колдау және ынталандыру.

3. Экологиялық тұрғыдан жаңа технологияларды құрастыру және колдану:

-кешен негізінде және өмірлік циклін жан-жақты талдау есебімен сактық шарапарын қабылдау жолымен өнеркәсіптік қоқыстарын төгіуіне және аз қалдықты өнеркәсіптік технологиялар мен судың рецеркуляцияны пайдалануына бақылау;

- ауыл шаруашылығында және аква мәдениетінде үй-жай ағынды суларын тазалау және қайтадан пайдалану;

- биотехнологияларды құрастыру, оның ішінде қалдықтарды өндөу биотыңайтқыштарды өндіру үшін т.б.;

- дәлелденген дәстүрлі және жергілікті практикасын есепке алып сулардың ластануына қарсы күрес әдістерін құрастыру.

4. Жер асты суларды қорғау:

- жер асты суларының реградациясына келтірмейтін ауыл шаруашылық әдістерді құрастыру;

-теніз деңгейі көтерілу немесе түштік су сактайтын қабаттарын шамадан тыс пайдалану нәтижесінде кіші аралдар мен жағалы жазықтарының су сактайтын қабаттарына түзілі сулар енү салдарын азайту мақсатында қажетті шарапар колдану;

- "Су" сактайтын қабаттардың ластануынан топыраққа енетін зиянды заттарды реттеу және су корғау аймақтарын жасау тәсілін сактап қалу;

- "Ең мақсатқа сәйкес және бар технологияларды пайдалану мен жасалған экологиялық сараптаманы ең сенімді гидрологиялық негізінде қоқыс тастайтын жерлерді жобалау және пайдалану;

- осы аудандардағы су сактайтын қабатқа енетін биологиялық патогендер мен зиянды химикаттар санын азайту мақсатында ұнғыма

орналасу аудандарын және олардың сағаларын сактау және қауіпсіздігін көтеру бойынша қабылданған шарапарға көмектесу;

- уытты және қауіпті материалдар көсілген жерлер көрі әсерін тигізетін жер бетіндегі және жер асты суларының сапа мониторингін өткізу.

5. Су экожүйелерін қорғау:

- су ортасы мен экожүйелерін қалпына келтіру мақсатында ластанған және деградацияланған сұаттарды жөндеу;

- ауыл шаруашылық өнімділігі және тропикалық аудандарының әр түрлілігі үшін маңыздылығы бар жер асты сулары корын пайдалану және корғау бойынша эквивалентті шарапарды есепке алып, ауыл шаруашылық жерлер мен басқа да пайдаланушылар үшін қалпына келтіру бағдарламалары;

- су мен батпак алқаптарының әлеуметтік-экономикалық ықпалдарын есепке алып корғау және сактау (олардың тұрғылықты жері ретінде көптеген тұрлер үшін экологиялық маңыздылығы себебімен);

- су ортасында мекендейтін басқа тұрлерін құртатын зиянды акватиялық тұрлерімен күрес.

6. Тұшы суларының тірі корларын қорғау:

- ішкі суларында балық аулауды тұракты дамуын қамтамасыз ету мақсатымен су сапасы мониторингі және бақылау;

- тұшы суларда аква мәдениеттерді даму жобаларын қамтамасыз ету мақсатында ластану мен деградациядан экожүйелерді қорғау.

7. Қалдықтар лактырылатын сулар мен су корларын бақылау:

- қалдықтар түзетін суларды әрдайым бақылау және мониторинг жолдарын құру және таңбалы ластануды ыдыратып көздерін бақылау;

- оы облыста ластану көздерінің нормамен жағдайларға зиянкестігін қамтамасыз ету мақсатында және қалдықтарды төгуге рұксат беруді зерттеу үшін оларды бақылау;

- коршаған ортага зиян әсерін тигізетін қалдық заттарды ауыл шаруашылығында пайдалануын бақылау;

- көлдер мен басқа сұаттардың лайлануы және шайылған жерлердің деградациясын ескерту мақсатында ұтымды жерді пайдалану.

8. Келесі мақсаттар үшін су корлары сактау үшін қажет болатын ұлттық және халықаралық құқық құжаттарын құрастыру:

- ұлттық және шекаралық суларының ластануын және оның салдарын бақылау және мониторинг;

- ауа арқылы үлкен қашықтыққа ластаушиның өтуін бақылау;

- ұлттық немесе шекаралық сұаттарына кездейсок немесе еркін лактыруын бақылау

- экологиялық сараптама өткізу.

Жүзеге асыру құралдары. а) Каржыландыру және шығындарды бақылау.

Конференция секретариатының бағалары бойынша осы бағдарлама бойынша аткарылатын іс-шараларына жыл сайынғы шығындарының

«1993-2001 ж». Орташа жұмсалатын саны шамамен 1 млрд. АҚШ доллары тұрады. Оның ішінде халықаралық бірлестікпен субсидия немесе женілдікпен ұсынылған 340 млн. АҚШ доллар бар. Бұл шығын қаржысы шамалас және жақын сипаттамасы үкіметтермен қарастырылған жоқ.

Нақты шығындар мен қаржыландыру шарттары соның ішінде әртүрлі женілдіксіз шарттар, сонымен катар нақты стратегиямен бағдарламаға байланысты болады. Оларды жүзеге асыру шешімі үкіметпен қабылдану керек.

б) Ғылыми-техникалық құралдар.

Мемлекеттер әрбір су жинау алабына немесе еліне сай техникалық мәселенің шешуін құрастыру максатында бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларды өткізу қажет. Мемлекеттер су қоры мәселелері бойынша аймақтың ғылыми- зерттеу орталықтарын дамыту және нығайту мүмкіндіктерін қарастыру қажет. Солтүстік пен онтүстік ғылыми- зерттеу орталықтарының бірлескен жұмысын және су корлары мәселесі бойынша халықаралық ғылыми- зерттеу жұмыстарына бөлінгені өте маңызды. Кешенді су жүйелерін бағалау мониторингі көп тақырыпты зерттеулерді жүргізуі талап етеді. Оларды жүзеге асырғанда бірлескен ғылымдар катысады. «КСЖБ - су» сияқты су сапасын бақылау саласындағы халықаралық бағдарламалар дамып жаткан мемлекеттердің су корының сапасын бағалау қажет. Мониторинг мәліметтерін өндөу талдау және түсіну үшін, сонымен катар басқару стратегиясын дайындау үшін достық бағдарламалық өнімдері мен географиялық акпараттар жүйесін пайдалану әдістері (АЖП) және дүниежүзілік корлары туралы мәліметтер базасы (ДКМБ) құрастырылуы қажет.

в) Адам қорларын дамыту

Басқару кадрлары мен мамандарды дайындау өзгеріп жаткан талаптарына жауап беретін және пайда болатын мәселелерді шеше алатын жана әдістерді пайдалануын қажет етеді. Су корлары ластануының пайда болған мәселелеріне бейімделу қабілеттілігін дамыту қажет. Су сапасын басқаруға жауапты ұйымдардың барлық деңгейінде кадр дайындау туралы іс-шараларды мезгілмен өткізуі қажет және су сапасын бақылау және мониторинг нақты аспектілеріне үйрету алдыңғы әдістерді қолдану қажет.

Арнайы дағдыларды дамыту, жұмыс орнында дәрежесін көтеру курстарын өткізу. Лайыкты тәсілдер болып су корларын, әсіресе қала аудандарында пайдалану, тазалау және корғау үрдісін басқаруда жергілікті басқару адам корларының потенциалын жаксарту және нығайту және су сапасын бақылау және бақылау мәселелері бойынша аймақтың техникалық және инженерлік курстарымен оку орындарында ұйымдастыру. Сонымен катар лаборант, практикант-мамандар, әйелдер және басқа су пайдаланушы тонбалары үшін су корларын сактау және корғау мәселелері бойынша оку және дайындық курстары табылады.

г) Потенциалды құру.

Су корлары мен әкожүйелерді ластанудан тиімді корғау казіргі уақытта көптеген елдерде бар мүмкіншіліктерін біраз көбейіп талап етеді. Су сапасын басқару бағдарламалары мөлшерлі зекееттерді және техникалық шешімдерді тауып, жүзеге асыру үшін инфрақұрылым мен кызметкерлерінің азғантай қолемін талап етеді.

Казіргі уақыт цен болашақтың негізгі мәселелердің бірі - осы құралдарының үзіліссіз жұмыс істеуі және маңызы. Бірқатар облыстарында бұрынғы қаржыландыру нәтижесінде пайда болған корларына келешекте зиянын келтірмеу үшін шаралар қабылдау қажет.

Дүние жүзіне су корлары басқарудың тұрақты практикасы керек, бірақ біз әлі дұрыс бағытта жай жүріп келеміз. Қытай мақалында: « Біз бағыттыңды өзгерпесек, онда кайда бағытталдық, сол жакқа келеміз» деген. Егер кимыл бағытын өзгерпесек, онда көптеген аудандар / қозғалыс/ бұрынғыдай суға тапшылықты сезінуі көптеген адамдар азап шегеді, су үшін ұрыс-керістер жалғаса береді және құнды қатты ылғал жерлердің жана аудандары жойылады.

Тұшы су жетіспейтін көптеген аудандарында бұл дағдарыс шарасыз болып көрінсе, басқа аудандарында бұл мәселені шешуге болады, егер жақын арада осыған сәйкес саясат пен стратегиялары келісіліп, жүзеге асырылса. Халықаралық бірлестік суға байланысты дүниежүзілік мәселелерге үлкен көніл бөледі және бірқатар ұйымдар қаржыларын ұсынып, су корына ұсыныс пен сұранысты басқаруға көмектеседі. Осы қорларды әділ үйлестіруді қамтамасыз ететін механизмдер көп пайда болып жатыр.

Су дәстүрлі жетіспейтін аудандарында орналасқан елдер құнды тарифті механизмдер енгізеді, су корларын басқаруының коғамдық жүйесін дамытады және су жинау және өзен алаптарын басқару режиміне өтіп жатыр. Сонымен бірге мұлдай жобалардың саны мен қолемі елеулі түрде кебеюі қажет.

3.5 Су ортасындағы ластаңш заттарды өлшеу

Су ортасындағы химиялық заттарды нормалау ерекшеліктері келесі ықпалдарға негізделген:

1. Шаруашылықтық-ауызсулық және мәдени-тұрмыстық мақсатқа арналған, судың ластану деңгейі гигиеналық тұрғыда бағаланады.
2. Су сапасының нормативтері барлық су нысандарына бірдей таралмайды, тек қана халықтың су пайдалану нұктелеріне ғана.
3. Халық суды тек қана ауыз су, тамак дайындау, жеке гигиена үшін ғана емес, шаруашылқытық-тұрмыстық және рекреациялық мақсаттада пайдаланады. Осыдан нормалау кезінде химиялық ластаңштардың ағзаға тікелей әсер етуі, сонымен қоса олардың судың органолептикалық

қасиеттеріне және су коймалары суларының өздігінен тазару үрдістеріне (зияндылықтың органолептикалық және жалпысанитарлық көрсеткіштері) әсер етулері ескеріледі.

4. Халық пайдаланатын су нысандары (жер үсті және жер асты сулары, ауыз су, ыстық сүмен жабдықтау жүйелерінің сулары) үшін бірегей гигиеналық нормативтер бекітіледі (ШРК, ЖРД, ШРЖ).

Су нысанындағы су сапасының негізгі нормативтік талаптары су экожүйесінің жағдайын және су сапасын оның адам денсаулығы үшін қауіпті немесе қауіпсіз көзқарас тұргысынан бағаланатын, бекітілген шекті рауалы концентрациялар немесе экологиялық стандарттар топтары болып табылады.

Су нысанындағы зиянды заттардың ШРК – бұл концентрациясы асып кеткен жағдайда, бір немесе бірнеше су пайдалану түрлері (МЖСТ 17403-72), 6- кесте. үшін жарамсыз болып табылатын су.

6 - кесте. Су коймаларындағы кейбір заттардың шекті рауалы концентрациялары, мг/л

Заттар	ШРК	Заттар	ШРК
Аммиактық	2,0	Нитрат иондары	10
Аммиак	0,39	Нитрит иондары	1,0
Анилин	0,1	Селитралы азот	0,02
Бензапирен	0,000005	Сынап	0,0005
ДДТ	0,1	Корғасын	0,03
Күкірт	0,001	Сульфат иондары	500
Ксактогенділер	0,001	ЕЖБ3 (аниондар)	0,5
Кадмий	0,01	Фенолдар	0,001
Лигнин	1,6	Хром	0,05
Марганец	0,01	Мырыш	0,01
Мыс	1,0	Циклогексан	0,1
Никель	0,1		

Су нысанындағы судың сапасы мен құрамы су пайдалану нұктесінің ең жақын ағысы бойынша (шаруашылықтық-ауыз сұлық сүмен жабдықтау, шомылу орны, ұйымдастырылған демалыс орындарында, халықтың жергілікті нұктелерінде және т.б.) 1 км жоғары (3 сурет) – су ағыстарында орналатылған, оқпанда немесе көлденең ағыстарда нормативтерге сәйкес болуы тиіс, ал ақпайтын су коймаларында - су пайдалану нұктесінен 1 км радиус бойынша [18-26].

Атмосфералық ауадағы қоспаларға арналған сияқты, суды ластаушы заттар үшін де су сапасын бөлек нормалау бекітілген. Бірақта бұл жерде бөлу ережелері басқаша және су нысанының приоритетті мақсаты мен супайдалану категорияларына байланысты (3- сурет).

Су тұтыну санаттары



3-сурет . Су пайдалану санаттары

(Г.В. Стадницкий, А.И. Родионов бойынша, 1996)

Су нысандарының тазалығын қамтамасыз ету үшін ШРК-мен бірмезгілде басқа да шектеуші норматив – зияндылықты лимиттеуші көрсеткіш қолданылады. Оның сандық сипаттамасы болмайды, бірак су нысаны жартылайфункциональды мақсатта болған жағдайда судың сапасының приоритетті талаптарын бейнелейді.

3.6 Қазақстаның су корларының экологиялық мәселелері

Қазақстан Республикасындағы барлық сулар су корларының бірлігін құрайды. Оған өзен, көлдер, мұздықтар, су қоймалары, және басқа да жер үсті сулары, жер асты сулары кіреді. Жалпы су коры 450 км куб. Өзендердің негізгі коректену көздері мұздықтар, олардың жалпы ауданы 2 мың км. кв., көлемі 98 км куб.

Қазақстанда 39 мың өзен, олардың 8 мыңының өзен анғары 10 км жоғары. Ен манызды өзендерге Орал, Ертіс, Сырдария, Есіл, Тобол, Ешім, Саяз, Жем, үлкен және кіші Өзен, Торғай, Ыргыз, Нура, Шілдерті, Сарысу, Арыс, Талас, Шу, Карагатал, Іле, Ақсу, Лепсі жатады.

Республикамызда 48 мыңнан астам көлдер бар. Орташа терендігі 1 метрден 8 метрге дейін жетеді. Одан да терен көлдер Алакөл-45 м., Шортанды- 31 м, Марқакөл- 27 м және Балқаш көлі- 26 м. Сонымен катар республикамызда 4,0 мың көлшік және 2047 су коймасы бар. Жер үсті сулары республикамызда біркелкі таралмаған. Ен суға бай Шығыс Қазақстан облысы-200-290 мың м.куб/км. кв., суға тапшы -Батыс Қазақстан, оның ішінде Маңғыстау облысы-0,36 мың м. куб/км. кв.

Қазақстандағы өзендер ішкі және трансшекаралық болып бөлінеді. Республикасында 2002 жылы жоғары ластанудың 396 жағдайы тіркелген. Ең негізгі трансшекаралық суларға Орал, Тобол, Ешім, Ертіс, Іле, Сырдария, Шу және Талас жатады. Қазақстан жағдайында өзен-көлдердің ластануы көбінесе өнеркәсіп шоғырланған аймақтарда, иолигондар мен мұнай-газ өндіретін жерлерде жаппай сипат алуда.

Өзендердің ішінде Ертіс су алабы Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты, Лениногор қорғасын зауыты, Березов кені, Зырян зауыты секілді өндіріс орындарының сарқынды лас суларымен ластануда. Су құрамында қорғасын, мырыш, сынап, т.б. ауыр металдар шекті мөлшерден асып кетуі жиі байқалады.

Іле -Балқаш бассейнің сұнының сапасы да мәз емес. Мұндағы ластағыш заттар - ауыр металдар, мұнай өнімдері мен фенолдар. Әсіресе, "Балқашмыс" өндірістік бірлестігі, "Балқаш балық өнеркәсібі", "Сарышаған ракета полигондары", т.б. кен рудаларын байыту комбинаттары Балқаш көліне мындаған тонна зиянды заттарды төгүде. Іле өзенінің ортаңғы ағысы, жалпы өзен экожүйесі, күріш алқаптары "Ақдала, Шарын массивтері" және Шенгелді массивтерін игеруге байланысты минералды тыңайтқыштар мен химиялық препараттар өте көп колданылуына байланысты сапалық құрамы төмен. Оның үстіне Іле өзені арқылы мұнай тасымалдау, Қапшагай су қоймасы, Қытай жеріндегі судың ластануы ондағы экологиялық жағдайды ұшыктыра түсude.

Сырдария, Шу, Талас, Қаратал, Ақсу, Лепсі, Тентек, Көксу өзендерінің сулары біршама таза деп есептелінеді. Соның ішінде Сырдария, Шу, Талас өзендері ауыл шаруашылығын химияландыру мен дренажды сулармен ластануда. Әсіресе, Арыс, Келес өзендері күріш пен мақта егісінде жиі қолданылатын пестицидтермен ластанып отыр.

Атырау, Маңғыстау аймақтарында техниканың ескіруінен бұргыскважиналардың бүлінуі, мұнайдың жерге, суға төгілуі қоршаған ортаға зиянын тигізуде. Жерге сінген мұнайдың калындығы 10 метрге жетіп жер асты сұнара косылуда. Қазір мұнаймен ластану аймағы 200 мың га алып жатыр. Қоймаларда 200 мың т. мұнай қалдығы, 40 мың т. көмірсутегі жинақталған.

Ақтөбе облысындағы су айдындарының да экологиялық жайі нашар. Мәселен, Елек езені амин өнеркәсібі есебінен және бормен ластануда.

Корғалжын, Наурызым, Марқакөл, Алакөл, Зайсан көлдерінің экологиялық жағдайы біршама тәуірлеу деп есептелінеді. Десе де су айдындары Орталық, Солтүстік, Шығыс Қазақстандағы өнеркәсіп орындары, полигондар есебінен ластануда.

Қарағанды металлургия комбинатының және Теміртау қаласындағы "Карбид" өндірістік бірлестігінен шықкан сулар Нура өзенін барынша ластауда. Жамбыл фосфор зауытының сарқынды лас сулары Талас, Асы өзендері мен оның алқаптарын фтор және сары фосформен ластап отыр.

Онтүстік Қазақстан облысында ең көп ластану Бадам, Сайрам кен орындарында байқалуда. Әсіресе, Бадам өзені бойындағы корғасын, фосфор, химия өнеркәсіпперінен бөлінетін корғасын, мырыш, сынап кей жерлерде шекті мөлшерден 50 есеге дейін асып кететін тіркелген.

Су ресурстарының биологиялық ластануы Арап аймағы мен Батыс Қазақстанда жиірек ұшырасуда

Арап дәғдарысы Амудария мен Сырдария өзендерінің сұын дұрыс пайдаланбау себебінен туындағы. Ал Әмудария мен Сырдария бойындағы халықтың саны артты. Халық санының өсуіне орай суға деген қажеттілік те артты. Осыған орай, 1970-1980 жылдар аралығында Арапта құйылатын су мөлшері азайды. Оның негізгі себептері - антропогендік факторлар еді. Екі өзен бойындағы суды мол қажет ететін күріш пен мақта өсіру ісі қарқында дамыды (Шардара).

Арап өнірінде туындағы отырған қазіргі экологиялық апаттар нышаны жыл өткен сайын теңіз сұын тарылтуда. Оның фаунасы мен флорасы жойылып бітуге жақын. Топырактың тұздануы өте жылдам жүруде. Арап теңізінде балық өсіру шаруашылығы тоқталып, соңғы 1-2 жылда ғана қайта колға алынды. Ондағы тұрғындардың әлеуметтік жағдайы төмендеп кетті. Теңіз түбінен көтерілген улы тұздың мөлшері жылына 13—20 млн. т деп есептеледі. Тіптен, тұзды шандар әсері сонау Орта Азия республикалары аумағына жетіп, ауыл шаруашылығына зардабын тигізуде. Топырактың тұздануы Өзбекстанда - 60%, Қазақстанда-60-70%-ға артып отыр. Мұның өзі жалпы шаруашылық зиянын тигізуде. Арап өніріндегі климаттың өзгеруі шөл белдемінің табиги ландшафттарын бірте-бірте күрделі әрі қайтымсыз антропогендік экожүйелерге қарай ығыстыруды.

Арап өніріндегі антропогендік факторлар ондағы тұрғындардың салт-дәстүріне, экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етуде.

Бұрынғы теңіз түбінен 75 млн. метр куб тұз және шаң ұшып жатыр.

37 жыл (1960-1997 ж) Арап теңізіне 800 км куб өзен суларын құймағандықтан теңіз терендігі 17 метрге, көлемі -75%, ауданы 64 мың км 2 тан-30 мың км 2 қа азайған.

Қазіргі Арап өнірінде адамдардың денсаулығы күрт төмендеп кетті. Бұл өнірде соңғы мәліметтер бойынша туберкулез, бүйрекке тас байлану, сарысу, өкпе-тыныс жолдарының кабынуы, жұқпалы аурулар республиканың басқа өнірімен салыстырғанда жоғары көрсеткішті беріп отыр.

Оның біржола жойылып кетуі Орта Азия мен Қазақстанды ғана емес көптеген Шығыс елдерінің тыныс-тіршілігіне өзгерістер әкелмек. Әлемдік климаттың взгеруі, шөлге айналу, атмосферадағы ауытқу-шылықтар, антропогендік экожүйелердің тұраксыздығын тудырады. Арап мәселесі соңғы 10 шақты жылда географ және эколог ғалымдар арасында жиі-жиі пікірталастар туғызуда. Арап мәселесі туралы халықаралық конференциялар ұйымдастырылды. Өркениетті елдер қаржылай көмек-

көрсетуде. Олар негізінен Орта Азия республикалары, Ресей, АҚШ, Жапония, т.б. мемлекеттер.

Қазіргі кезде Арады құтқару бағытында батыл да жоспарлы түрде гылыми негізде жұмыстар жасалуда. "Арал тағызыры - адам тағдыры" болғандықтан оны сақтап қалу аға ұрпактың болашақ алдындағы борышы.

3.7 СУДЫҢ САПАСЫН БАҒАЛАУДЫҢ ГИДРОХИМИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Жер бетінің беттік суларының химиялық құрамын анықтау сонау 1936 жылдан бастап стандартты бағдарлама негізінде КСРО-ның гидроқызмет мемекесінде жүргізіліп келген. Табиғи сулардың химиялық құрамын анықтаудың базалық әдісі бойынша төмендегідей макроаниондармен (CO_3^{2-} , HCO_3^- , Cl^- , SO_4^{2-}) және макрокатиондардың (Ca^{2+} , Mg^{2+} , Na^+) қыскартылған стандартты талдаулар қабылданған. Осы бағдарлама бойынша алғынған мәліметтер жер бетінің беттік суларының химиялық құрамын табиғи жағдайда қалыптастыруда колданылуда, сонмен қатар, халық шаруашылығының көптеген сұраныстарын қанағаттандыруды.

Казақстанда, яғни бұрынғы КСРО-да жер бетінің беттік суларының зиянды заттармен ластануын жүйелі түрде кадағалау 1963 жылы 30 қыркүйекте КСРО минстрлер кеңесінің Үкімімен бекітілген. 1964 жылдан бастап Гидрометқызметтің химиялық зертханалары жүйелі түрде жер бетінің беттік суларының өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы өндірісінің ағынды сулармен ластануын талдауды колға алды [26-30].

Әрбір су нысандарын бақылау пункттерінің ауданында ластану көзінен жоғары және төмен орналасқан бірнеше қакпалар қойылады. Сынама суды алушы әртүрлі жиілікте жүзеге асырады (жылына екі рет немесе ай сайын), бірақ негізгі гидрологиялық режиммен міндетті түрде сәйкес келуі керек. Негізінен судан келесілерді аныктайды: ерітілген оттегі, судың тотығуы, БПК, химиялық құрамы және минералдылығы, аммоний, нитраттар, темір, мұнай өнімдері, фенолдар, детергенттер, мыс, мырыш, никель, қогасын, мышяк және т.б. Судың сынамасын алу кезінде езендегі судың шығыны да өлшенеді.

Әрі қарай объектілердің ластану немесе ластанудың болмауы әрбір ингредиентке бөлек бөлек жасалған шектік көрсеткіштермен салыстыру арқылы аныктайды, яғни шекті мүмкін боларлық концентрация (ШРК) бойынша.

Қазіргі таңда ШРК бекітілген ингредиенттер тізімі 1300 компоненттен асады.

Жер бетінің беттік суларының суландыру сапасын бағалаудың кешенді әдісін В.А. Коробкин да ұсынған. Ол келесі белгілері бойынша аныкталады [28-30]:

1. Суландыру коэффициенті (K) бойынша, яғни дюйммен баған түрінде көрсетілген, онда судың буланғаннан кейінгі қалған тұз санымен анықтайтыды. Егер $K > 18$ болса - судың құрамы жақсы, $K = 18 \div 6$ болса - канагаттанарлық, егер, $K > 1,2$ болса су сугаруға жарамсыз.

2. Натрийлік күйуге икемділігі бойынша, яғни $(\text{Ca} + \text{Mg})/\text{Na} < 0,23C$ катынасы, мұндағы, C - г/л шамасындағы судың минералдануы, егер $K > 1$ болса - су сугаруға жарамды, ал $K < 18$ болса - су сугаруға жарамсыз.

3. Натрийлік адсорбциялану қатынасы (SAR) бойынша, мұнда SAR=10 болса - күйу кауіптілігі төмен, SAR=10 ÷ 18 болса - күйу кауіптілігі орташа, ал SAR < 26 болса - күйу кауіптілігі ете жоғары.

4. Натрийдің карбонатты қалдығы (OKH) бойынша, яғни судың сілтілігін көрсету бойынша: $(\text{HCO} + \text{CO}) - (\text{Ca} + \text{Mg})$, мг.экв/л; OKH < 0,3 болса - су топырактың барлық түрін сугаруға жарамды, OKH = 1,5 болса - су топырактың барлық түрін сугаруға жартылай жарамды, OKH > 2,5 болса - су жарамсыз.

5. Na және Ca иондарының қатынасы бойынша.

6. $\text{Cl}^- + r\text{SO}_4^{2-}$ арқылы сипатталатын сугаратын судың тұздылық потенциалы бойынша. Мұнда Данаевтың жіктеуі бойынша тұздылық 5 ÷ 2 болса - су сугаруға жарамды, ал 3 ÷ 15 болса - су сугаруға орташа жарамды, ал 3 ÷ 7 болса - су сугаруға ете төмен деңгейде жарамды.

7. Магнийлік күйу кауіптілігі бойынша, мұнда И.Сабольч және К.Дараб жіктеуі бойынша судың құрамында магний мөлшері 50%-дан дан көп болса Na тәрізді топыракты күйдіріп әсер етеді.

Жер бетіндегі беттік судың ластану индексін келесі формула бойынша аныктаймыз [27-30]:

$$\text{СЛИ}_p = \left(\sum_{i=1}^6 C_i / \text{ШРК}_i \right) / 6, \quad (38)$$

Теңіз суының ластану индексі:

$$\text{СЛИ}_p = \left(\sum_{i=1}^4 C_i / \text{ШРК}_i \right) / 4,$$

(39)

мұндағы СЛИ-судың ластану индексі; C_i - i- заттың концентрациясы;

ШРК_i - i- заттың шекті мүмкін боларлық концентрациясы;

6,4 - көрсеткіштердің санын катаң түрде шектеу саны;

Осы жоғарыдағы формула 1993 жылға дейін тұракты түрде былай жазылды:

$$\text{СЛИ}_p = \left(\sum_{i=1}^n C_i / n \cdot \text{ШРК}_i \right) \cdot k,$$

(40)

мұндағы k - сұлылық коэффициенті, ол келесі қатынас арқылы анықталады:

$$k = Q_{\phi} / Q_{ср.мин}, \quad (41)$$

мұндағы Q_{ϕ} – бір жылдағы су шығыны;
 $Q_{ср.мин}$ – орташакөпжылдық су шығыны.

Судың ластануын квалификациялы бағалау кезінде су сапасын анықтаудың 7 класын колдану ұсынылады [30]:

- 1 класс - өте таза;
- 2 класс - таза;
- 3 класс – біркелкі ластанған;
- 4 класс - ластанған;
- 5 класс - лас;
- 6 класс - өте ластанған;
- 7 класс – ерекше ластанған.

Гидрохимиялық талдау жүргізуге қажетті ингредиенттер тізімі келесідей шартты топтарға бөлінген:

- бас иондар ($Ca, Mg, \Sigma(Na+K), SO_4, Cl$ және т.б.);
- биогендік элементтер ($NH_4, NO_2, NO_3, P_{обнр}$, фосфориттер, Si және т.б.);
- ауыр металлдар ($Cu, Zn, Pb, Cd, Cr^3, Cr^6, Mn, Hg, Hg^2, Ni, Co, Sn, Bi, Mo, Fe^2, Fe^3$ және т.б.);
- улы заттар (CN, SCN, F, H_2S, AS , нитробензол және т.б.);
- органикалық заттар (мұнай өнімдері, смолалар, көмірсулар, майлар, фенолдар, СПАВ және т.б.);
- хлорорганикалық пестицидтер (ДДТ, ДДД, ДДЭ, ГХЦГ, севин ялан, дикофол, гексахлорбензол және т.б.).

В. Емелянованың гидрохимиялық тәжірибесі бойынша енгізген формуласы арқылы судың ластану индексін былай анықтаймыз:

$$N = \left(\frac{n}{n'} \cdot 100 \right) \geq 10\%, \quad (42)$$

мұндағы N – ластану кешенділігінің шартты көрсеткіші;
 n' – СЛИ анықтауға қажетті сапа көрсеткішімен ингредиент саны;
 n – су нысандарындегі қакпаның сапалық көрсеткішімен мөлшерлеу ингредиентінің жалпы саны.

Судың ластануының кешенді индексін (КСЛИ) есептеу әдісі

Әрбір топ үшін КСЛИ былай анықталады:

$$КСЛИ_i = \left(\sum_{i=1}^n C_i / ШРК_i \right) / n,$$

(43)

мұндағы $КСЛИ_i$ – i -тобымен судың ластану индексі;
 C_i – i -тобындағы ингредиенттің i -концентрациясы, мг/л;
 $ШРК_i$ – C_i сайкес i -шекті мүмкін боларлық концентрация, мг/л;
 n – КСЛИ анықтауға катысты – i – тобындағы ингредиенттің саны.

Бас иондар тобы үшін КСЛИ анықтау формуласы былай жазылады:

$$КСЛИ_{Г.И.} = (СЛИ_{Ca} + СЛИ_{Mg} + СЛИ_{\Sigma(Na+K)} + СЛИ_{SO_4} + СЛИ_{Cl}) / n, \quad (44)$$

мұндағы $КСЛИ_{Г.И.}$ – бас иондар тобымен судың кешенді

ластануының орташа салмақты индексі;
 $СЛИ_{Ca}$ – калций бойынша судың ластану индексі;
 $СЛИ_{(Na+K)}$ – натрий мен калийдің қосындысы бойынша судың ластану индексі;
 $СЛИ_{SO_4}$ – сульфат бойынша судың ластану индексі;
 $СЛИ_{Cl}$ – хлорид бойынша судың ластану индексі;
 n – топтық КСЛИ анықтауға катысатын ингредиенттер саны, бұл жағдайда 5 тең.

Жеке судың ластану индексін төмендегі формула арқылы анықтаймыз:

$$ИЗВ_i = C_i / ПДК,$$

мұндағы $СЛИ_i$ – нақты бір ингредиент үшін жеке судың ластану индексі;

C_i – ингредиенттің i -концентрациясы, мг/л;
 $ШРК_i$ – i -ингредиентке сایкес i -шекті мүмкін боларлық концентрация, мг/л.

Биогендік заттар тобы үшін орташа салмақты бас иондардың КСЛИ арқылы анықтауға болады:

$$КИЗВ_{Б.З} = (ИЗВ_{NH_4} + ИЗВ_{NO_2} + ИЗВ_{NO_3} + ИЗВ_{SO_4} + ИЗВ_{Cl}) / n$$

мұндағы $KСЛИ_{Б.3}$ – биогенді элементтер тобымен судың ластануының орташа салмақты индексі;

$СЛИ_{NO_4}$ – (NO_4) амоний қабаты бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_{NO_2}$ – (NO_2) азотталған қышқыл қабаты бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_{NO_3}$ – (NO_3) азот қышқылы бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_{Si}$ – кремний бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_{фос}$ – фосфат бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_{SO_4}$ – сульфат бойынша судың ластану индексі;

n – биогендік элементтер тобымен $KСЛИ$ анықтауга катысатын ингредиенттер саны, бұл жағдайда 5 тен.

Жер бетінің беттік суларының ауыр металлдар тобының иондарымен ластануын бағалау келесі формуламен анықталады:

$$KИЗB_{TM} = \left(ИЗB_{Cu} + ИЗB_{Ni} + ИЗB_{Pb} + ИЗB_{Zn} + ИЗB_{Mn} + ИЗB_{Hg} + ИЗB_{Cd} + ИЗB_{Mo} + ИЗB_{Bi} + ИЗB_{Sn} + ИЗB_{Cr3} + ИЗB_{Cr6} + ИЗB_{Fe2} + ИЗB_{Fe3} \right) / n$$

мұндағы $KСЛИ_{TM}$ – ауыр металлдар тобымен судың ластануының орташа салмақты индексі;

$СЛИ_{Cu}$ – мыс бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_{Ni}$ – никель бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_{Pb}$ – корғасын бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_{Zn}$ – цинк бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_{Mn}$ – марганец бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_{Hg}$ – сынап бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_{Cd}$ – кадмий бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_{Mo}$ – молибден бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_{Bi}$ – висмут бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_{Sn}$ – калайы бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_{Cr3}$ – үш валентті хром бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_{Cr6}$ – алты валентті хром бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_{Fe2}$ – екі валентті темір бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_{Fe3}$ – үш валентті бойынша судың ластану индексі;

n – ауыр металлдар тобымен $KСЛИ$ анықтауга катысатын ингредиенттер саны, бұл жағдайда 14 тен.

Су нысандарының улы заттармен ластануын келесі формула арқылы анықтауга болады:

$$KИЗB_{я.в} = (ИЗB_{CN} + ИЗB_{SCN} + ИЗB_F + ИЗB_{H2S} + ИЗB_{AS} + ИЗB_{HB}) / n$$

мұндағы $KСЛИ_{я.в}$ – улы заттар тобымен судың ластануының орташа салмақты индексі;

$СЛИ_{CN}$ – цианид бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_{SCN}$ – родонид бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_F$ – фтор бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_{H2S}$ – құқірт сутегі бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_{AS}$ – мышяк бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_{HB}$ – нитробензол бойынша судың ластану индексі;

n – улы заттар тобымен $KСЛИ$ анықтауга катысатын ингредиенттер саны, бұл жағдайда 6 тен.

Су нысандарының органикалық заттармен ластануын келесі формула арқылы анықтауга болады:

$$KИЗB_{о.в} = (ИЗB_{HPP} + ИЗB_{CM} + ИЗB_{ЖР} + ИЗB_{Ф} + ИЗB_{СПАВ}) / n$$

мұндағы $KСЛИ_{о.в}$ – органикалық заттар тобымен судың ластануының орташа салмақты индексі;

$СЛИ_{HPP}$ – мұнай өнімдерімен судың ластану индексі;

$СЛИ_{CM}$ – смоламен судың ластану индексі;

$СЛИ_{ЖР}$ – майлармен судың ластану индексі;

$СЛИ_{Ф}$ – фенолдармен судың ластану индексі;

$СЛИ_{СПАВ}$ – СПАВ бойынша судың ластану индексі;

n – органикалық заттар тобымен $KСЛИ$ анықтауга катысатын ингредиенттер саны, бұл жағдайда 5 тен.

Жер бетінің беттік суларының хлорорганикалық пестицидпен ластануын бағалау келесі формуламен анықталады [27-31]:

$$KИЗB_{хол} = \left(ИЗB_{ДДТ} + ИЗB_{ДДД} + ИЗB_{МС} + ИЗB_{ГХМ} + ИЗB_{ХХМ} + ИЗB_{СЕВ} + ИЗB_{ЯЛ} + ИЗB_{ДФ} + ИЗB_{П} \right) / n$$

мұндағы $KСЛИ_{хол}$ – хлорорганикалық пестицид тобымен судың ластануының орташа салмақты индексі;

$СЛИ_{ДДТ}$ – $C_{14}H_9Cl_5$ формулалы ДДТ трихлорэтан бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_{ДДД}$ – $C_{12}H_{10}Cl_4$ формулалы ДДД дихлорэтан бойынша судың ластану индексі;

$СЛИ_{МС}$ – $C_{14}H_8Cl_4$ формулалы ДДЭ дихлорэтилен бойынша судың ластану индексі;

СЛИ_{ГЦГ} – $C_6H_6Cl_6$ формулалы гексахлоранды гексахлорциклогексан бойынша судың ластану индексі;

СЛИ_{ГХЦГ} – $C_6H_6Cl_6$ формулалы линданды ГХЦГ гамма-изомер бойынша судың ластану индексі;

СЛИ_{СЕВ} – $C_{12}H_{11}O_2N$ формулалы севин α-нафтил-Н-метилкарбомат бойынша судың ластану индексі;

СЛИ_{ЯЛ} – $C_9H_{17}O_5N$ формулалы ялан S-этіл-N-(аза-циклогиптил-1) бойынша судың ластану индексі;

СЛИ_{ДФ} – $C_{14}H_9OCl_5$ формулалы дикафолды трихлорэтанол бойынша судың ластану индексі;

СЛИ_{ГБ} – C_6Cl_6 формулалы гескахлорбензол бойынша судың ластану индексі;

n – хлорорганикалық пестицид тобымен *КСЛИ* анықтауға қатысатын ингредиенттер саны, бұл жағдайда 9 тең.

Суаттагы және суағардағы жалпы орташа салмақтық судың ластану индексін келесі формуламен аныктаймыз:

$$КИЗВ_{C_{p,i}} = КИЗВ_{r,H} + КИЗВ_{B,E} + КИЗВ_{T,M} + КИЗВ_{g,B} + ИЗВ_{O,B} + ИЗВ_{ХОП} / n$$

мұндағы *КСЛИ_{C_{p,i}}* – жылдың *i*-кезеңінде суаттагы және суағардағы судың жалпы орташа салмақтық ластану индексі;

КСЛИ_{r,H} – жылдың *i*-кезеңінде бас иондар тобымен судың жалпы орташа салмақтық ластану индексі;

КСЛИ_{B,E} – жылдың *i*-кезеңінде биогендік элементтер тобымен судың жалпы орташа салмақтық ластану индексі;

КСЛИ_{T,M} – жылдың *i*-кезеңінде ауыр металлдар тобымен судың жалпы орташа салмақтық ластану индексі;

КСЛИ_{g,B} – жылдың *i*-кезеңінде улы заттар тобымен судың жалпы орташа салмақтық ластану индексі;

КСЛИ_{O,B} – жылдың *i*-кезеңінде органикалық заттар тобымен судың жалпы орташа салмақтық ластану индексі;

КСЛИ_{ХОП} – жылдың *i*-кезеңінде хлорорганикалық пестицидтер тобымен судың жалпы орташа салмақтық ластану индексі;

n – біріккен топтардың шартты саны.

4 Өсімдік тіршілігі үшін судың маңызы

Су өсімдіктердің негізгі құрама бөлігі болып табылады. Оның ағза массасындағы үлесі 95%-ға дейін жетеді, су тікелей не жанама болсын өсімдіктің барлық тіршілік әрекетіне қатысады. Су – зат алмасудың барлық үрдістері жүзеге асатын орта. Ол цитоплазманың негізгі бөлігі болып табылады, оның құрылымын, цитоплазманың құрамына кіретін коллоидтердің тұрактылығын қалпында ұстап тұрады, акуыз молекулаларының белгілі бір конформациясымен қамтамасыз етіп тұрады. Судың көп болуы жасушы құраушыларының қозғалмалы болуын қамтамасыз етеді.

Су биологиялық нысандарда келесідей негізгі функцияларды аткарады[]:

1. Сулы орта жасушадан бастап, ұлпалар мен мүшелерге дейінгі ағзаның барлық бөліктерін біріктіріп тұрады. Өсімдік денесінде су фазалары үздіксіз сулы ортаны құрады, бұл фазалар тамырлардың топырақтан алатын ылғалынан оның буланатын беткі бөлігіндегі сұық-газ шекарасына дейін орналасқан.
2. Су – негізгі еріткіш және биохимиялық реакциялар жүретін маңызды орта.

3. Су жасушалар құрылымын реттеуге қатысады. Ол акуыз молекулаларының құрамына кіреді және осының есебінен олардың конформациясын аныктайды. Тұздау арқылы немесе спирттің көмегімен акуыздардың құрамынан суды жою олардың коагуляциясына және шөгуіне алып келеді. Акуыз молекулалары мен липопротеиндердің гидрофобты құрылымдарын колдауда құрылымданырылған судың маңызы зор.

4. Су – метаболит және биохимиялық үрдістердің тікелей компоненті. Фотосинтез үрдісінде су электрондардың доноры болып табылады. Тыныс алу кезінде, мәселен Кребс циклінде су тотықтыруыш үрдістерге қатысады. Су гидролиз үшін және өле де көптеген синтетикалық үрдістер үшін қажет.

5. Тіршілік үшін маңызды құбылыстарда, әсіресе, мембраналық үрдістерде құрылымданырылғансудың жоғары протондық және электрондық өткізгіштігі маңызды рөл аткарады.

6. Су – жоғары сатылы өімдіктердің тасымалдау үрдістерінде – ксилема тамырларында және елекшекшөп түрлі флоэма түтікшелерінде, заттардың симпласт пен апопласт арқылы қозғалысы кезінде маңызды компонент болып табылады.

7. Су – термоореттеуіш ықпал. Ол ұлпаларды өзінің жоғары жылусыйымдылығы мен бу құрылымда ұлкен меншікті жылулығының есебінен температуралың күрт өзгеруінен қоргайды.

8. Су – ағзага механикалық әсер кезінде жақсы ароматизатор.


9. Осмос пен тургор (кернеу) құбылыстары арқасында су жасушалар мен өсімдіктердің үлпаларын серпімділікпен қамтамасыз етеді.

4.1 ӨСІМДІКТЕРДЕГІ СУ АЛМАСУДЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Су ағысы өсімдіктің жекелеген мүшелері арасында байланысты қамтамасыз етеді. Қоректік заттар өсімдік бойымен еріген күде қозғалады. Сумен қанығу (тургор) мүшелердің серпімділігін, шөпті өсімдіктердің құрылымының сакталуын, кеңістіктең өсімдіктердің мүшелерінің белгілі бір болжамдығын қамтамасыз етеді. Созылу фазасында жасушалардың өсуі негізінен вакуольде судың жинақталуы есебінен жүзеге асады. Осылайша, су алмасу үрдістерінің жүруін, жекелеген мүшелер арасында өзара коррелятивті әсерлесуді, ағзаның ортамен байланысын қамтамасыз етеді. Қалыпты тіршілігі үшін жасуша сумен қанығу туіс[32-33].

4.1.1 Судың физикалық және химиялық қасиеттері

Су өзінің бірегей физикалық және химиялық қасиеттерінің арқасында ағзаның тіршілігінде маңызды рөл аткарады. Су молекуласы оттектің бір атомына байланысан екі сутек атомынан тұрады. Оттек атомы кустектен электрондарды тебеді, соның арқасында су молекуласында зарядтар біркелкі таралмаған. Бір полюсі он, ал екіншісі теріс зарядталған болады. Басқаша айтқанда, су диполь болып табылады. Осының есебінен су молекулалары бір-бірімен ассоциациялана алады. Бір молекуланың сутек атомының он заряды теріс зарядты келесісіне тартылады. Бұл сутекті байланыстың пайда болуына алып келеді. Сутекті байланыстың болуы есебінен су белгілі бір реттелген құрылымға ие. Судың әрбір молекуласы өзіне тағы да үш молекуланы тартады. Ассоциацияланған молекулалар саны шексіз көп болуы мүмкін. Қатты күйінде (мұз) судың барлық молекулалары сутекті байланыспен байланысан және дұрыс гексагоналді құрылымдарға ұйымдастырылған (4-сурет)[33].



4-сурет. мұздың гексагоналді құрылымы

Мұзды қыздырган кезде, ол еріп, бұл байланыстар біртіндеп үзіле бастайды. 0 °C-та сутекті байланыстардың шамамен 15%-ы үзіледі. Тіпті 20 °C-қа дейін қыздырганның өзінде сутекті байланыстардың 80%-ы үзілмей қалады. Сұйық суда реттелген аймактар реттелмеген аймактармен, яғни хаосты орналаскан молекулалармен кезектеседі. Осының есебінен судың тығыздығы мұздың тығыздығынан үлкен.

Су молекулаларының өзара тіркесуі (когезия), сонымен катар өзге заттармен тіркесуі (адгезия) судың өсімдік бойымен қозғалысы үрдісінде маңызды мәнге ие. Судың булануының жасырын жылуы (20 °C-та ол 586 кал/град-ты құрайды) сутекті байланыстың болуымен де шартталады. Булану үрдісі кезінде молекулалардың судың бетінен ажырап, ұшып шыгуы үшін, сутекті байланыстардың үзілуі үшін қосымша энергия мөлшерін жұмсау қажет. Сондықтан өсімдіктердің суды буландыруы (транспирация) транспирациалаушы мүшелердің сууымен катар жүреді. Транспирация кезінде жапырақтардың температурасының төмендеуінің физиологиялық маңызы бар.

Судың жылусыйымдылығы өте үлкен - 1 кал/град, сондықтан өсімдік үпаларының айтарлықтай мөлшерде жылуды жүтуы немесе жоғалтуы олардың температураларының салыстырмалы түрде өзгеруімен катар

жүреді. Бұл өсімдіктің коршаған ортаниң температурасының өзгерісін онай кабылдауына мүмкіндік береді.

Судың ерекше еріткіш қабілеті бар. Суда қандай да бір тұздың аниондары мен катиондары ажыраған күйде болады. Иондарды коршайтын гидратты қабықшалар олардың өзара әсерлесуін шектейді. Оң зарядталған иондар молекуланың теріс зарядталған оттек атомдары бар полюсіне тартылады, ал теріс зарядты иондар оң зарядталған сутек атомдары бар полюсіне тартылады. Бір мезетте судың құрылымы да бұзылады. Бұл ретте ион ірі болған сайын бұл бұзылу да құштірек болады.

Заманауи түрде бейнелейтін болсақ, жасушалардағы су гетерогенді жүйе болып табылады, ол келесілерден тұрады: 1) сұйық фаза; 2) гидратты-байланыскан; 3) гидрофобты-стабилизацияланған (ен бастысы мембранныларда); 4) кеңістіктік стабилизацияланған (капиллярлық аралықтарда). Гидратты суға қатысты сез етсек, гидратацияның екі типі бар: 1) су дипольдерінің зарядталған бөлшектерге тартылуы (минералды тұздардың иондарына да, акуыздың COO^- және NH_3^+ зарядталған топтарына тартылуы); 2) органикалық заттардың полярлық топтарымен – судың сутегі мен О немесе N атомдары арасында сутекті байланыстың түзілуі.

Өсімдікте су еркін күйде де, байланыскан күйде де болуы мүмкін. Еркін су деп таза судың барлық немесе барлық дерлік қасиеттерін сактап қалған суды айтады. Еркін су женіл қозғалады, тұрлі биохимиялық реакцияларға түседі, транспирация үрдісі барысында буланады және төмен температурада катады. Байланыскан су сулы емес компоненттермен әсерлесуі нәтижесінде физикалық қасиеттері өзгерген су болып табылады.

Коллоидты бөлшектерді (алдымен акуыздарды) гидратациялаушы суды коллоидты-байланыскан деп, ал еріген заттарды (минералды тұздар, кант, органикалық қышқылдар және т.б.) осмотикалық-байланыскан деп атайды.

Кейбір зерттеушілер жасушадагы барлық су қандай да бір дәрежеде байланыскан деп есептейді. Физиологтар байланыскан су ретінде температураның -10°C -қа дейін төмендеген кезінде қатпайтын суды түсінеді. Су молекулаларының тұрліше байланыстарының (еріген заттарды қосу, гидрофобты өзара әрекеттесулер және т.б.) олардың энергиясын азайтатындығын ескерген жөн. Таза сумен салыстырғанда жасушаның сулы әлеуетінің төмендеуінің негізінде осы жатыр.

4.1.2 Жасушада және ағзада судың таралуы

Өсімдіктің тұрлі мүшелеріндегі судың мөлшері үлкен ауқымда өзгереді. Ол сыртқы орта жағдайларына, өсімдіктің жасы мен түріне қарай өзгереді. Салат жапырактарында су мөлшері – 93-95%, жүгері жапырагында – 75-77%. Судың мөлшері өсімдіктердің тұрлі мүшелерінде тұрліше: күнбағыс жапырагында су мөлшері – 80-83%, сабағында – 87-

89%, тамырларында – 73-75%. Тіршілік үрдістері кідірістегі құрғак тұқымдарда су үлесі 6—11%-ға тең.

Су тірі жасушаларда, қислеманың өлі элементтерінде және жасуша аралықтарында болады. жасуша аралықтарында су бу күйінде болады. Өсімдіктің негізгі буландыруши органдары жапырактары болып табылады. Осыған байланысты судың көп мөлшері жапырактағы жасуша аралықтарын толтырып тұрады. Сұйық күйінде су жасушаның тұрлі беліктерінде, яғни жасуша қабықшасында, вакуольде, протоплазмада болады. вакуоль – жасушаның суға ен бай белігі, ондағы судың үлесі 98% болып табылады. Сулану мөлшері үлкен болған кезде протоплазмадағы судың мөлшері 95%-ды құрайды. Жасуша қабықшаларында судың мөлшері ен аз болады. жасуша қабықшаларындағы судың мөлшерін нақты айту кын; ол 30-дан 50% аралығында өзгереді.

Өсімдік жасушасының тұрлі беліктерінде судың күйі де әр тұрлі болады. вакуольдік жасушалық шырындағы судың көп белігі салыстырмалы кіші молекулалы байланыскан (осмотикалық-байланыскан) және еркін су болып келеді. Өсімдік жасушасының қабықшасында су негізінен жоғары полимерлі байланыстармен (целлюлоза, гемицеллюлоза, пектиндік заттар) байланыскан, яғни коллоидты-байланыскан су. Цитоплазманың өзінде еркін, коллоидты- және осмотикалық-байланыскан су болады. Акуыз молекуласының бетінен 1 нм-ге дейінгі қашыктықта орналасқан су тығыз байланыскан және гексагональді құрылымы дұрыс емес (коллоидты-байланыскан су). Бұдан басқа, протоплазмада иондардың белгілі бір мөлшері бар, тиісінше, судың бір белігі осмотикалық байланыскан.

Еркін және байланыскан судың физиологиялық мәні әр тұрлі. Көптеген зерттеушілердің айтуы бойынша, физиологиялық үрдістердің қарқындылігі, сонымен қатар есу қарқыны алдымен еркін судың мөлшеріне байланысты болады. Байланыскан су мөлшері мен сыртқы ортаниң жағымсыз жағдайларына тұрлактылығы арасында тұра корреляция бар. Көрсетілген физиологиялық корреляциялар үнемі байқала бермейді.

4.2. Өсімдіктегі су тере-тендігі

Өздерінің кальпты тіршілігі үшін жасушалар мен өсімдік жалпы қандай да бір су мөлшеріне не болауы тиіс. Алайда бұл суда өсетін өсімдіктер үшін ғана жүзеге асырылады. Құрлықтағы сулар үшін бұл өсімдіктердегі үздіксіз булану үрдісінің болуымен кынайдайды. Өсімдіктер өте көп мөлшерде суды буландырады. Мынандай мысал келтіруге болады. Бір жүгері өсімдігі вегетациялық периоды бойында 180 кг-ға дейінгі мөлшерде су буландырады, ал Оңтүстік Америкадағы 1 га орман орташа есеппен алғанда тәулігіне 75 мың кг су буландырады. Судың осынешалықты үлкен шығыны өсімдіктің атмосферада орналасқан су буына қанықпаған айтарлықтай үлкен жапырак бетінің болуымен

байланысты. Соған коса жапырактардың бетінің дамуы қажет болды және үзак эволюция барысында ауда мәрдымсыз концентрацияға ие көміртегімен қалыпты қоректенуді қамтамасыз ету үшін қалыптасқан. К.А.Тимирязев өзінің танымал «Борьба растений с засухой» атты еңбегінде көмірқышқылын ұстап қалу қажеттілігі мен судың шығынын азайту қажеттілігі қарама-қайшылығының бүкіл өсімдіктердің құрылудың әсер еткендігі айлы жазады. Судың булануы кезіндегі оның мол шығынын қалпына келтіру үшін өсімдік суды көп мөлшерinde сініруі тиіс. Өсімдіктің тікелей жүретін екі үрдісті – судың өсімдікке келуі мен булануын өсімдіктегі су тепе-тендігі деп атайды. Өсімдіктің қалыпты өсуі үшін және дамуы үшін судың шығыны оның сол мөлшерде сінірліуімен өтелуі тиіс, басқаша айтқанда өсімдік үлкен тапшылықсыз өзіндегі су тепе-тендігін өзі қамтамасыз етіп отыруы тиісті. Ол үшін табиғи сұрыпталу үрдісі барысында өсімдіктерді суды сініру (тамыр жүйесінің жаксы дамуы), суды қозғалту (арнайы өткізгіш жүйе) және буландыруды азайту (жабын ұлпалара ыжүйесі және автоматты түрде жабылатын сағақшалық санылаулар жүйесі) қабілеті қалыптасқан.

Аталған қабілеттеріне қарамастан, өсімдіктерде жиі су тапшылығы орын алады, яғни транспирация үрдісі барысында судың сінірліуі оның шығындалуымен теңеспейді.

Физиологиялық бұзылулар әр түрлі өсімдіктерде судың әр түрлі мөлшерінде байқалады. Эволюция үрдісі барысында су тапшылығына карсы тұру қабілетін қалыптастырган түрлі өсімдіктер бар (құрғақшылықта төзімді өсімдіктер). Су тапшылығына карсы тұру қабілетін анықтайтын физиологиялық ерекшеліктерді анықтау – маңызды мәселе, оның шешімі тек теориялы емес, сонымен катар ауылшаруашылық тәжірибелік мәнге ие. Соған коса, оны шешу үшін өсімдіктің су алмасу үрдісінің барлық жактарын білу керек.

4.3 Өсімдіктердің суды шығындауы-транспирация

Өсімдіктің суды шығындауының негізінде булану үрдісі жатыр, бұл - судың сүйік күйден бу күйіне айналуы, ол суға қанықпаған атмосферамен өсімдік мүшелерінің түйісуі барысында орын алады. Алайда бұл үрдіс өсімдіктің физиологиялық және анатомиялық ерекшеліктерімен күрделенген және оны транспирация деп атайды[31-33].

3.4.1. Транспирацияның мәні

Өсімдік буландыратын су мөлшері өсімдіктегі су қөлемінен әлдекайда асып түседі. Судың үнемді шығындалуы ауыл шарушылығының маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. К. А. Тимирязев транспирацияны өзі жүретін көлемде қажетті физиологиялық дұшпан деп атаган. Шынында да, қалыпты мөлшерінде транспирация қажетті болып саналмайды. Егер өсімдікті ауа ылғалдылығы жоғары және төмен орталарда өсіретін болсақ, әрине, бірінші ортада транспирация қарқыны

баяу болады. Алайда өсімдіктердің өсуі бірдей болады, тіпті, ылғалдылығы жоғары, ал транспирация мөлшері аз ортада өсімдік өсуі көбірек болады. Соған коса, транспирация белгілі бір көлемде өсімдікке пайдалы:

3 Транспирация –өсімдіктің күйіп кетуден сактайтын, бұл бірінші рет күн сәулесі түскен кезде қауіпті. Қатты транспирациялаушы жапырактың температурасы солып бара жатқан, транспирацияламайтын жапыракпен салыстырғанда 7°C -ка төмендеуі мүмкін. Бұл, әсіресе, күюдің хлоропластарды бұзып, бірден фотосинтез үрдісін төмендететіндігінде (фотосинтез үрдісі үшін тиімді температура шамамен $30-33^{\circ}\text{C}$). Кейбір өсімдіктер жоғары транспирациялаушы қасиеттерінің арқасында жоғары температурага жақсы төзе алады.

4 Транспирация судың тамырлар жүйесінен жапырактарға дейін судың үздіксіз ағысын құрады, бұл өсімдіктің барлық мүшелерін тұтастай біріктіреді.


Өсімдіктің тұракты солатын пайызбен берілгенде су мөлшерін солу коэффициенті немесе солу ылғалдылығы деп атайды. Берілген топыракта солудың басталатын ылғалдылығы бірқатар себептерге байланысты. Топыракта су қозғалысы токтаған кезде, өсімдік солады деп есептелінеді. Алайда солу бір ылғалдылықта басталса, она солу мен өлу арасындағы (солу интервалы) аралық күрт өзгеруі мүмкін. Себебі, бұршақ өсімдіктері үшін солу интервалы бірнеше тәулік болса, онда тары үшін бірнеше аптаға дейін созылады.

Бұл топырактың құрғакшылыққа төзімділігіне айтарлықтай әсер етеді. Соған коса, солу басталатын ылғалдылық көп дәрежеде транспирация жылдамдығына, сонымен катар белгілі бір дәрежеде өсімдік жасушаларының осмотикалық әлеуетіна байланысты болады. Мәселен, топырактың бір ылғалдылығында солу осмотикалық әлеуеті аз өсімдікте баяу басталады.

Солу ылғалдылығы көрсеткішін анықтауда топырак типі де маңызды болып табылады. Бір өсімдік тыңайтқышта жоғары ылғалдылық жағдайында солады. Бұл тыңайтқышты топырактың механикалық құрамының нәзіктеу болатындығымен сипатталады. Солу ылғалдылығы өсімдікке толық қолжетімсіз су мөлшері туралы әлі ешкандай хабар бермейді, себебі солу кезінде қандай да бір су мөлшері өсімдікке сіңіріле береді. Осыған байланысты топырактағы ылғалдың «өлі коры» түсінігі енгізілді, бұл – топырактағы толығымен өсімдікке қолжетімсіз су коры. Өлі кор тікелей топырак типіне, оның механикалық құрамына тәуелді, оны келесі формуладан көруге болады: $q = \% \text{ күм} (0,01) + \% \text{ шаш} (0,12) + \% \text{ саз} (0,57)$, мұндағы q – өлі кор. Топыракта сазды бөлшектер көп болған сайын ылғалдың өлі қорының мөлшері көбірек болады. Өсімдік үшін қолжетімді судың мөлшері өрістік ылғалсыйымдылығы мен (топыракта капилляrlар ұстап тұратын максималды ылғал мөлшері) өлі кор арасындағы айырма. Жоғарыда айтылғанға орай саздақ топырактар ең үлкен өлі корға да, ең үлкен өсімдікке қолжетімді корға да ие. Мысалы, тыңайтқышты топырактардың өрістік ылғал сыйымдылығы 40%, өлі кор – 25% болса, онда қолжетімді судың мөлшері 25%-ға тең, ал құмда өрістік ылғал сыйымдылығы – 15%, өлі кор – 5%, қолжетімді су коры тек 10%.

4.8 Өсімдіктің құрғакшылыққа төзімділігінің физиологиялық негіздері

Өсімдіктің құрғакшылыққа төзімділігі туралы сауал тек теориялық емес, сонымен катар үлкен практикалық та мәнге ие.

Еліміздің аумағында ылғал мөлшері жоғары, жылдық жауын-шашын мөлшері 500 мм-ден асатын аймактар бар, ылғалдылығы тұракты емес, жылдық жауын-шашын мөлшері 250-500 мм болатын және ылғал мөлшері жеткіліксіз (құрғак), жылдық жауын-шашын мөлшері 250 мм болатын аймактар бар. Сонымен катар өсімдіктер үшін тек жылдық жауын-шашын мөлшері ғана емес, сонымен катар оның ай бойныша таралуы да маңызды. Көптеген ауылшаруашылығы дақылдары үшін жауын-шашын маңызды, әсіресе, жаздың бірінші жартысында (мамыр, маусым), бұл ретте дәл осы кезең күрт құрғакшылық орнайтын уақыт болып табылады.

Құрғакшылық түсінігіне метеорологиялық жағдайлардың бүтіндей бір кешені кіреді. Құрғакшылық – жаңбырысız үзак кезең, ол ауаның салыстырмалы ылғалдылығының үзіліссіз төмендеуімен және ауа температурасының үзіліссіз көтерілуімен катар жүреді. Құрғакшылық

атмосфералық және топырак құрғақшылығы деп бөлінеді. Атмосфералық құрғақшылық ауаның салыстырмалы ылғалдылығының төмен болуымен, топырак құрғақшылығы өсімдіктер үшін колжетімді ылғалдың болмауымен сипатталады. Жиі бұл екі құрғақшылық катар жүреді. Ең қайғылы нәтижелерге алып келетін тозаң мен аңызак. Тозаң – атмосфералық құрғақшылық, ол ауда катты заттардың пайда болуымен катар жүреді. Аңызак – атмосфералық құрғақшылық, катты желмен катар жүреді, бұл жел кезінде ыстық ауаның үлкен массалары орын ауыстырады.

5. Қоршаған ортаның ластануын бағалау

Қазіргі уақытта қоршаған табиги орта сапасын бағалауға қатысты, негізгі екі терминді қолданады: мониторинг және бақылау. Мониторинг – қоршаған ортаның антропогендік әсер ету салдарынан өзгеріс жағдайларын бағалау және болжамдау, бақылау жүйелері. Мониторинг қоршаған орта сапасын басқару міндеттерін жокка шыгармайды, сол себептен бақылау деп тек байқау және аппарат алуды ғана емес, сол сияқты орта жағдайын басқару деп те түсінеміз.

Мониторингтің сипаты, әдістері және бақылау мақсаттарына қарай мейлінше ете көп түрлерге жіктейді. Ластанудың үш түріне сәйкес мониторингті ғаламдық, аймактық, импактті түрлерге ажыратады; әдістер бойынша – авиациялық, гарыштық, дистанциялық, ал міндеттері бойынша – болжамдық.

Ғаламдық мониторинг биосфера дағы бүкіл дүниежүзілік үрдістер мен құбылыстарды бақылауды және мүмкін болатын өзгерістердің болжамдарын іске асыруды қарастырады. Аймактық мониторинг табиги биологиялық үрдістерден табиги сипаты немесе антропогендік әсер етуі бойынша

ерекшеленетін үрдістер мен құбылыстар бақыланатын аралықтағы, жеке аймактарды қамтиды. Импактты мониторинг ластаушы заттардың шығу көздеріне тікелей жанасатын, отекауліті аймактар мен жерлердегі бақылауларды қамтамасыз етеді. Базалық мониторинг - бұл тәжірибе жүзінде аймактық антропогендік әсерлер жүргемен, табиги жүйелер жағдайын бақылау. Базалық мониторингті іске асыру үшін өндірістік аймактардан алыс территорияларды, сонымен катар биосфералық корықтарды падаланады. Мониторинг кезінде ауаның, жер үсті сularының жағдайлары, климаттық өзгерістер, топырак жабындарының қасиеттері, өсімдік және жануарлар дүниесінің жағдайлары сапалық және сандық сипатталады. Жоғарыда келтірілген биосфера құрауыштарының әр қайсысына ерекше талаптар койылып және талдаудың арнайы әдістері жасалынады.

Химиялық және физикалық-химиялық талдау әдістері қоршаған ортадағы (аудағы, топырақтағы және судағы) ластаушы заттардың құрамын сандық және сапалық анықтауға мүмкіндік береді. Табиги экожүйелердің әр түрлі ластану түрлеріне тұрктылығын бағалауды биоиндикациялау әдісі арқылы жүргізіледі. Биоиндикация – бұл тірі ағзалар және олардың қауымдастықтарының антропогендік жүктемелерге реакциялары бойынша анықтау.

Биоиндикациялық зерттеулердің нысандары флораның немесе фаунаның жеке түрлері, сонымен коса экожүйелерде болуы мүмкін.

Мысалы, ағаштардың қылқанды түрлері радиоактивтік ластануларға, ал топырак фауналарының көптеген өкілдері - өндірістік ластануларға

сезімтал келеді. Қылқанды ормандар бақылаулар үшін сынама экожүйелер ретінде пайдаланылады.

Осындай нысандардың бақылауларын талдау, сол аймақта өмір сүріп отырған халық үшін қауіптілік тудырмайтын, ластану деңгейлеріндегі экологиялық бұзылыстарды анықтауга мүмкіндік береді.

Мониторинг – коршаған табиги орта жағдайларының өзгерісін, динамикасын, жылдамдығын және бағытын бақылау, бағалау, болжау жүйесі. Ұзак уақыт бақылау және көптеген талдаулардың берген мәліметтері қолайсыз әсерлер мен құбылыстарды жоятын шараларды қолдануға және бірнеше жыл алға экологиялық жағдайды болжауға мүмкіндік береді. Бұл жұмыстармен кәсіби түрде – биосфераләк қалдықтар, санэпидемстанциялар, экологиялық стационарлар және т.б.арнайы ұйымдар айналысады.

Адам денсаулығы мен биосфера жағдайына өндірістік және ауылшаруашылық өндірістерінің көрінісін арту қаупін коршаған ортаның жеке нысандары мен бүкіл биосфера жағдайын болжау, бақылау және ескертү жүйелерін құруға алғып келді. Мұндай коршаған ортажағдайының талдауын және бақылаудың акпараттық жүйесі бірінші кезекте- биосферадағы ластану деңгейі мен әсерін бақылау мониторинг деп аталды. Оған коршаған орта жағдайын бақылау, табиги нысандардың зиянды заттармен ластану деңгейі, ластағыштардың адам денсаулығына, жануарлар және өсімдіктер дүниесіне әсерлері кіреді.

Коршаған ортаның негізгі нысандарының бірі атмосфералық ауа. Биосфераның тұрақтылығы оның тазалығына байланысты болады. Ауаның ластануы адам, жануарлар, өсімдіктердің өсіп-дамуына, құрылымына көрі әсер етеді.

Органикалық заттар көміртегінің негізгі көзі көмірқышқыл газы болып табылады. Ол жанғыш қазбалардың жануы, ыдырауы кезінде органикалық заттардың қышқылдануы және шіруі, ашуы, тыныс алу кезінде атмосфераға түседі.

Басқа түрлі газдардың ішіндегі негізгі озон. Ол фотохимиялық реакциялардың аралық өнімі болғандықтан, оның дамыған қалалар ауасында кездесуі ауаның ластанғандығының көрсеткіші болып табылады. Сонымен катар, озон атмосфераның жоғарғы қабатында Жерді жойғыш ультракүлгін сәулелерден сақтайтын экран түзеді.

Қауіпті және кенінен тараған ластағыштардың сегіз санаттары анықталған: 1- өлшенген заттар, бөлшектердің бетінде адсорбирленген немесе оларда еріген басқа да ластағыштарды тасымалдай алады; 2- көмірсутегі және басқа ұшпа органикалық қосылыстар; 3- тұншықтырғыш газ (CO); 4- азот тотығы (NO_x); 5- күкірт тотығы, негізінен қос тотықтар (SO_2); 6- корғасын және басқа ауыр металдар; 7- озон және басқа фотохимиялық қышқылданырғыш; 8 - негізінен күкірт және азот қышқылдары.

Атмосфералық ауа жағдайын бақылауда ластану көздерін анықтау кіреді, ластаушы заттардың фотохимиялық және химиялық зерттеулер, улы заттарды анықтау, ауаландыру ағымымен ластағыштарды таратуды анықтау, ластағыштарды іріктеу және талдау.

5.1 Топырактың экологиялық күйінің көрсеткіштері және бағалау

Топырак жабыны жүріп жаткан үрдістер мен өзгерістер туралы акпараттарды жинақтайды, яғни топырак қазіргі орта жағдайының ғана озіндік индикаторы ғана болып табылмайды, сонымен коса бұрында өткен үрдістерді бейнелейді. Сондыктан топырак мониторингі (агроэкологиялық) анағұрлым жалпы сипатка ие және болжамдық міндеттерді шешу үшін үлкен мүмкіндіктер береді. Агроэкологиялық мониторинг үрдістері кезінде бағаланатын негізгі көрсеткіштер: қышқылдылық, қарашіріктің жойылуы, тұздану, мұнай өнімдерімен ластану болып табылады.

Топырактың қышқылдылығы тоырықтың сулы сығындыларындағы сутектік көрсеткіштің (pH) мәнімен бағаланады. pH мәні pH-метрдің, иономен және потенциометрдің көмегімен өлшенеді. Өсімдіктер үшін pH-тің колайлы диапазоны 5,0-ден 7,5. Егер қышқылдылық - яғни pH 5-тен төмен болса, онда топыракты әктастауға көшеді, pH 7,5-8-ден көп болса pH-ты төмендету үшін химиялық заттарды(химмелиорант:ғанышты) пайдаланады.

Қазіргі уақытта қарашірік құрамын бақылау бірінші кезектегі міндеттер қатарына кіреді. Топырактағы органикалық заттар мөлшерінің өзгерістері топырак қасиеттері мен олардың өнімділігімен ғана байланысты емес, сол сияқты топырак деградациясын тұғызатын, ішкі жағымсыз үрдістер әсерін бейнелейді.

Қарашірік құрамын органикалық заттардың тотығуы бойынша анықтайды. Топырак қалқасына тотықтырғыш косады да (көп жағдайда хромлик) және кайнатады. Бұл кезде қарашірік құрамына кіретін органикалық заттар CO_2 және H_2O -ға дейін тотығады. Жұмсалған тотықтырғыш мөлшерін титрометрлік әдіспен, болмаса спектрофотометрлік әдіспен анықтайды. Тотықтырғыш мешерін анықтау арқылы, органикалық зат мөлшерін анықтайды. Соғы уақыттарда көміртегі анализаторларын қолданады, оларда органикалық заттарды құрғак өрттеу жүргізіледі, одан әрі оттегі ағынында бөлініп шыққан CO_2 кезекпен анықталады.

Топырактың антропогендік тұздануы жеткілікті ғылыми негізделмеген сугаруда, тогандар және су қоймалары құрылыштары кезінде байкалады. Химиялық тұрғыда ол топыракта және топырак ерітінділерінде женил еритін тұздардың, олар – NaCl , Na_2SO_4 , MgCl_2 , MgSO_4 артуымен көрініс береді. Тұздануды анықтаудың ең карапайым әдісі электрлік

еткізгіштікті өлшеуге негізделген. Топырак суспензияларының, сулы сынамалардың, жағалаулық еріткіштердің және тікелей топырақтың электрлік өткізгіштігінің мәндерін колданады. Бұл үрдіс арнағы соломердің көмегімен, сулы суспензиялардың шекті электрлік өткізгіштіктерін анықтау жолымен бақыланып отырады. Топырақтың мұнай өнімдерімен ластануын бақылау кезінде әдетте негізгі үш міндет шешіледі: ластану масштабтары (аудандары) анықталады, ластану денгейлері бағаланады, улы және канцерогенді ластану түрлері анықталады.

Бірінші екі міндеттер дистанциялық әдістермен шешіледі, оларға спектрлальды шағылыстырылғыш қасиеттерін аэроғарыштық өлшеу жатады. Аэрофотосуреттегі түстің өзгерісі немесе қараудың тығыздығына карай, ластанған аймақтың өлшемдерін, ластану ауданының пішіндерін анықтауға, ал шағылыстыру коэффициентінің төмендеуі бойынша ластану денгейін бағалау мүмкін болады. Топырақтың ластану денгейін топырак құрамындағы хромотография әдісі бойынша анықталатын, көмірсулардың мөлшері бойынша анықтайды.

Топырақты ластаушылардың негізгісіне ауыр металдар, мұнай өнімдері, радиоактивті заттар, тыңайтқыштар мен пестицидер жатады. Топырақтың ластануындағы зиянды заттектермен қауіпті гигиениялық бағалаудың негізгі сынамалары, ондағы ШРК анықтау болып табылады. Қала тұрғындарының топырағы үшін қауіптілік дәрежесі мен ластану денгейі бойынша төмендегідей санаттарға болінеді: таза, мүмкін, калыпты қауіпті, қауіпті, өтекауіпті. «Таза» қауіпті санаттар үшін топырақтағы заттектердің химиялық құрамы өз нұсқасынан 1ШРК дейін, ал «Мүмкін» санаттағы ластану үшін 1-3 кластағы қауіптіліктер:

-органикалық заттектер-1ШРК дан 2ШРК-ға дейін;

органикалық емес заттектер-2 нұсқалық концентрациядан 1ШРК дейін.

Ластанудың жалпы көрсеткіші Zc, былай анықталады [37-40]:

$$Zc = \sum Kci - (n-1),$$

(47)

мұндағы n-ластаушы заттектердің саны; Kci-химиялық заттектердің концентрация коэффициенті, ол зиянды заттектердің нақты құрамының Ci нұсқалық құрамына Сф қатынасына тең:

$$Kc = Ci / C_{sf},$$

(48)

Топырақтың ластануының әр түрлі санаттары үшін көрсеткіш жынтығы төмендегі мәндерге тең:

- мүмкін егер Zc төмен 16;
- калыпты қауіпті – егер 16... 32;
- қауіпті – егер 32... 128;
- өте қауіпті мәндері Zc 128 -ден үлкен болса.

Ластанған топырақтарды бекітілген санаттар негізінде оларды пайдалануға ұсынылады [9-13, 15].

Ауда бір мезгілде бірнеше зиянды заттар болған жағдайда ШРК-ны, олардың кейбіреулері өзара қүшеттүші әрекеттер көрсететінін есепке алу арқылы орнатады: ацетон мен фенол; ацетальдегид пен винилацетат; озон, азоттың кос totығы және формальдегид; күкірттің кос totығы мен фенол; ацетон мен ацетофенол және т.с.с.

Ауда, жинақтаушы әрекетке ие болатын, бірнеше заттардың біруақытта болуы кезінде келесі тенсіздік сақталынуы қажет [12-15]:

$$\frac{C_1}{ШРК_1} + \frac{C_2}{ШРК_2} + \dots + \frac{C_n}{ШРК_n} \leq 1,$$

мұндағы C₁, C₂, C_n – зиянды заттардың нақтылық концентрациялары; ШРК₁, ШРК₂, ШРК_n – оқшауланған катысуы үшін орнатылған, сәйкес шекті рауальды концентрации.

Ауаны ластайтын зиянды заттардың адамға әсер етуінің ерекше қауіптілігі көптеген заттар ұзак уақыт бойы адамның сезімтал мүшелерімен сезініле алмайтындығымен корытындалады. Мысал болып көміртегі totығы – түссіз, дәмсіз, иіссіз газ қызмет етеді, оның жоғары концентрациясы жүрек салына шейін ауыр зардаптарды тудырады. Түсі мен іісі жоқ азоттың кос totығы ШРК₂ өте улы. Азоттың totықтарының ылғал бетпен жанасуы кезінде, өкпенің ісінуін тудыратын, азотты және азот қышқылы түзіледі.

Есептің қолайлы болуы үшін аумақтағы экологиялық сыймдылықты (қолайлылықты) бағалаудың балдық жүйесін енгізуі ұсынамыз. Бұл ұсынысты эмпирикалық формула түрінде анықтаймыз. Мұнда ШРК-н биосфера элементінен біртіндеп зиянды заттектердің біреуі (су, жер, ауа) 1балға тең болады. Ендеше аумақтың экологиялық сипатын мына өрнекпен анықтауга болады [37-43]:

$$e_i = W_i \cdot C_i \cdot f_i$$

(49)

мұндағы e_i – әр бір зерттелетін компонент ортасындағы (С_i) меншікті экологиялық сыймдылық; W_i – көлем немесе аудан ортасы, km^3, km^2 ; C_i – экологиялық элементтер мәнінің құрамы (концентрация, тығыздық) $\text{t/km}^3, \text{t/km}^2$; f_i – көрсеткіш, массаны жаңартатын жылдамдық, 1/жыл .

Су ортасы. Судағы зиянды заттардың мөлшері 1 литр судағы заттың массасымен (мг/л) аныкталады. Шекті рауалды концентрация су қоймалардың: шаруашылық және мәдени-тұрмыстық тағайындалған су нысандарының және балық шаруашылығының мақсаттары үшін пайдаланылатын су нысандарының тағайындалуынан тәуелді болады. Бірінші тағайындалған су нысандары үшін ШРК туралы мәліметтер өнеркәсіптік кәсіпорындарды жобалаудың санитарлық нормаларында көлтірілген. Шығарылымдар деп қыска уақытта немесе белгілі бір уақытта (тәулік, жыл) коршаған табиғи ортаға келіп түсінеді. Шығарыламдардың шамасы нормаланады. Нормаланатын көрсеткіштер ретінде шекті рауалды шығарылым (ШРШ) және табиғатты корғау үйімдарымен уақытша келісілген шығарылымдар (УКШ) қабылданған.

Шекті рауалды шығарылым – бұл шашырауын есепке алу арқылы зиянды заттардың және органның жерлік концентрациясы ауа сапасының нормативтерінен аспайтындығы шартының негізінде әр накты бұлак үшін орнатылатын норматив. Нормаланатын шығарылымдардан басқа апарттық және дүркіндік шығарылымдар болады.

Шығарылымдар ластаушы заттардың мөлшерімен, олардың химиялық құрамымен, концентрациясымен, агрегаттық күйімен сипатталады.

Өнеркәсіптік шығарылымдарды үйімдастырылғанға және үйімдастырылмағанға бөледі. Үйімдастырылған деп аталатын шығарылымдар арнайы соғылған газ жүргіштер, ауа өткізгіштер және құбырлар арқылы келіп түседі. Үйімдастырылмаған шығарылымдар атмосфераға герметизацияның бұзылу, өндіріс технологиясының бұзылу немесе жабдықтың жарамсыздығы нәтижесінде бағытталмаған ағындар түрінде келіп түседі.

Агрегаттық күйі бойынша шығарылымдарды төрт класқа бөледі: 1 – газтәріздес және бутәріздес; 2 – сұйық; 3 – қатты; 4 – аралас.

Газтәріздес шығарылымдар – күкіртті ангидрид, кеміртегі костотығы, тотық және азоттың қос тотығы, күкіртсугегі, хлор, аммиак және т.с.с. Сұйық шығарылымдар – қышқылдар, тұздардың ерітінділері, сілтілер, органикалық қосылыстар, синтетикалық материалдар. Қатты шығарылымдар – органикалық және органикалық емес шан, корғасынның, сынаптың және басқа да ауыр металдардың қосылыстары, күе, шайырлар және басқа заттар. Массаның шамасы бойынша шығарылымдар алты топка біріктірілген[39-42]:

- 1-ші топ – 0,01 т /тәул.-тен аз шығарылым массасы;
- 2-ші топ – 0,01-ден 01 т/тәул. дейін;
- 3-ші топ – 0,1-ден 1 т/тәул. дейін;
- 4-ші топ – 1-ден 10 т/тәул. дейін;
- 5-ші топ – 10-нан 100 т/тәул. дейін;
- 6-шы топ – 100 т/тәул.-тен жогары.

Құрамы бойынша шығарылымдарды шартты белгілеу үшін келесі схема қабылданған: класс (1 2 3 4), топ (1 2 3 4 5 6), қосалқы топ (1 2 3 4), массалық шығарылым тобының индексі (МЕМСТ 17210.1-76).

Шығарылымдар кезеңдік түгенделуге тиіс. Кезеңдік түгендедеу деп нысандың териториясы бойынша шығарылым көздерін үлестіру туралы мәліметтерді жүйелендіруді, олардың санын және құрамын түсінеді. Түгендедің мақсатары келесілер:

- атмосфераға нысандардан келіп түсетін зиянды заттардың түрлерін анықтау;
- коршаған ортаға шығарылымдардың әсерлерін бағалау;
- ШРШ-ының немесе УКШ-ыны орнату;
- шығарылымдарды бакылауды үйімдастыру бойынша нұсқауларды күру;
- тазалау жабдықтарының күйін және жабдықтардың технологиясы мен экологиялығын бағалау;
- ауаны корғау іс-шараларының кезектілігін жоспарлау.

Атмосфераға шығарылымдарды түгендеді 5 жылда бір рет «Атмосфераға ластаушы заттардың шығарылымдарын түгендедеу бойынша Нұсқаулыққа» сәйкес жасайды. Атмосфераның ластану көздерін кәсіпорынның өндірістік үрдісінің схемаларының негізінде анықтайды.

Атмосфераға ластаушы заттардың шығарылымдарын сипаттайтын негізгі параметрлер: өндірістік түрлері, зиянды заттарды бөлу кезі (кондырғы, агрегат, құрылғы), шығарылымның көзі, шығарылым көздерінің саны, шығарылымның орналасу координатасы, шығарылым көзінен шығыста газ-ауа коспаның параметрлері (жылдамдық, көлем, температура), газтазалау құрылғысының сипаттамасы, зиянды заттардың түрі мен мөлшері және т.б.

Егер ШРШ мәндеріне жете алмаса, онда зиянды заттардың ШРК-ыны қамтамасыз ететін мәндерге дейін сатылы төмендеуі ескеріледі. Әр сатыда уақытша келісілген шығарылымдар (УКШ) орнатылады.

ШРШ бойынша барлық есептеулер «Кәсіпорындар үшін атмосфераға ШРШ нормативтерінің жобасын бейнелеу мен мазмұндау бойынша ұсыныстармен» сәйкес арнайы том түрінде бейнеленеді.

ШРШ есебі бойынша табиғатты корғаудың жергілікті комитетінің саралтау бөлімінің саралтық корыттындысы алыну керек болады.

Атмосфераға шығарылымдардың массасынан және түрлік құрамынан тәуелді, «Кәсіпорындарды қауіптілік санаттары бойынша бөлудің ұсынымдарына» сәйкес кәсіпорынның қауіптілік санатын (ККС) анықтайды[39-41]:

$$ККС = \left(\sum_{i=1}^n \frac{M_i}{ШРК_i} \right)^m,$$

(50)

мұндағы M_i – шығарылымдағы i -ші заттың массасы;

ШРК_i – i -ші заттың орта тәуліктік ШШК;

П – ластаушы заттардың мөлшері;

a_i – i -ші заттың зияндыштық деңгейін күкіртті газдың зияндыштық-мен аракатынасын белгілеуге мүмкіндік беретін, өлшемсіз шама (a_i мәні қауіптілік классынан тәуелді келесідей: класс 2 – 1,3; класс 3 – 1; класс 4 – 0,9,

ККС шамасынан тәуелді кәсіпорындарды келесі қауіптілік класстарына бөледі: класс 1 – $>10^6$, класс 2 – $10^4\text{-}10^6$; класс 3 – $10^3\text{-}10^4$; класс 4 – $<10^3$.

Қауіптілік класынан тәуелді кәсіпорында есеп берудің және зиянды заттарды бакылаудың кезеңділігін орнатады. Қауіптілік классы 3 болатын кәсіпорындар қыскартылған схема бойынша ШРШ (УКШ) томын әзірлейді, ал қауіптілік классы 4 болатын кәсіпорын ШРШ томын әзірлемейді.

Кәсіпорындар, «Атмосфералық ауаны қорғаудың ережелерімен» сәйкес, атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың түрлері мен мөлшерін алғашқы есепке алуды жүргізуге міндетті. Жылдың сонында кәсіпорын «Атмосфералық ауаны қорғау туралы есеп беруді құрастыру бойынша нұсқаулықпен» сәйкес атмосфералық ауаны қорғау туралы есеп беруді тапсыру құжет.

Табигатты пайдалану кәсіпорындары табигаттың барлық дерлік компоненттерін (ауаны, суды, топыракты, есімдік пен жануар әлемін) түрлендіреді. Биосфераға (атмосфераға, табиги суға және топыракқа) қатты өнеркәсіптік пен тұрмыстық қалдықтар, ағынды сулар, газтәріздес заттар шығарылады.

Жалпы түрде техногендік ластанулар жалпы түрде екі топтар бойынша дифференциалданады:

- материалдық – кәсіпорынмен қоршаған ортаға тасталынатын газтәріздес, сұйық және қатты заттар;
- энергетикалық – жылу, шу, діріл, ультрадыбыс, жарық, электромагниттік өріс, иондаушы сәулелендіру.

Радиоактивтік қалдықтар материалдық сиякты да, энергетикалық сиякты да қарастырылуы мүмкін.

Материалдық ластануларды жіктеу негізіне олардың таратылу ортасы (атмосфера, гидросфера литосфера), олардың агрегаттық күйі (газтәріздес, сұйық, қатты), колданылатын заарсыздандыру әдістері және үыттылық дәрежесі қабылданады.

Материалдық ластанулар атмосфераға шығарылымдарға, ағын суларға және қатты қалдықтарға бөлінеді. Атмосфераға зиянды заттардың шығарылымдарын жіктеу мемлекеттік стандарттармен орнатылады, оларға келісімді шығарылымдар агрегаттық күйі бойынша және уақыт бірлігінде

шығарылатын заттардың массасы (әдетте тәулігіне тонналар) бойынша болінеді.

Ауаның газтәріздес ластануларының негізгі физика-химиялық сипаттамалары химиялық құрам және тығыздық, бутәріздестер үшін – химиялық құрам, тығыздық, қанықкан булардың қысымы және температура болып табылады.

Өнеркәсіптік шаның физика-химиялық құрамы негізінен бөліктердің құрамына кіретін заттардың химиялық құрамынан тәуелді болады. Дисперстілік дәрежесі бойынша шанды ірідисперстіге (бөліктердің өлшемі 10 мкм-ден көп) бөледі. Құрылым бойынша шан аморфтық, кристалдық, пластиналық және талшықтық болуы мүмкін.

Коршаған ортаны қорғау бойынша органдармен атмосфералық ауаны қауіпті ластандырудың көздерін анықтау бойынша ұсыныстар әзірленген және шығарылымдарды нормалаудың санитарлық-гигиеналық концепциялары негізінде кәсіпорындарды экологиялық қауіптілігік санаттары бойынша саралаудың нұсқасы ұсынылған болатын. Жылдық шығарылымның шамасынан, ШРК-ның ортатәуліктік шамасынан және заттың қауіптілік класынан тәуелді болатын, шығарылатын заттардың қауіптілік өлшемінің (ЗКӨ) шамалары бойынша кәсіпорынның қауіптілік санаттары ластаушы заттардың (ЛЗ) қауіптілік жыныны болып табылады. Кәсіпорындардың өздері бұл кезде қауіптіліктің 4 санаттарына бөлінеді:

- аса қауіптілер (1-ші санат) ККС >1000000 кезде;
- қауіптілер (2-ші санат) ККС 10000-нан 1000000-га дейін кезде;
- аз қауіптілер (3-ші санат) ККС 1000-нан 10000-га дейін кезде;
- іс-жүзінде қауіпсіздер (4-ші санат) ККС <1000 кезде.

Қауіптіліктің 1-ші санаттары кәсіпорындардың саны салыстармалы аз, бірақ олар не жалпы шығарылымдардың жоғары мәндеріне не қауіптіліктің 1-ші классының ластаушы заттарының шығарылымына ие болады.

Сондыктан олар қоршаған ортаны ластандырудың ең жоғары қауіпті («аса қауіпті») көздері болып табылады және ең қалт етпейтін бақылауда болуы керек. Осындай нысандар химиялық каруларды өндіру бойынша және жоғары улы қалдықтарға ие болатын кәсіпорындар болып табылады. Олар экологиялық мониторингтің қазіргі заманға жүйелерімен және автоматтық аспаптарымен жаракталуы керек. Бұл кәсіпорындар үнемі және оперативті экологиялық бақылауға және сайкесінше міндетті экологиялық аудитка тартылуы тиіс.

Саны көп қауіптіліктің 2-ші санаттары кәсіпорындар сондай-ак, жиілігі аз болса да, бақылауда мұқтаж болады, себебі шығарылымдардың бірнеше аз жыныстық көлемдерімен немесе негізінен қауіптіліктің 2-ші классындағы ластаушы заттардың шығарыламдарымен сипатталады. Осы кәсіпорындардың эко аудиті міндетті сиякты, сондай-ак мемлекеттік немесе идаралық шешімдерден тәуелді ынталы болуы мүмкін.

4-ші санаттың кәсіпорындар – бұл шығарылым көлемдері ете аз немесе қауіпсіз заттардың шығарылымдары бар кәсіпорындар.

Уытты заттардың («ете уыттылар»): уландырғыш заттардың (УЗ), жоғары уытты ракеталық отындар компоненттерінің (РОК) немесе басқа да үксақ химиялық, биологиялық және радиоактивтік ластаушы заттардың өндірісімен байланысты нысандар ең қатал үздіксіз экологиялық мониторингке тартылуы тиіс. Берілген аса ерекше қауіпті нысандар үшін аудит міндетті болу керек. Барлық кәсіпорындар үшін нысанды экологиялық бақылаудың жоспарлы кезенділігі орнатылады:

- 1-ші санат үшін – алты айда бір рет;
- 2-ші санат үшін – жылдана бір рет;
- 3-ші санат үшін – үш жылда бір рет;
- 4-ші санат үшін – бес жылда бір рет, әрі таңдамалы түрде.

Құбыр көлігінің күрделі техникалық жүйесі жоғарыланған жауапкершілікпен, табиги ортаға антропогендік әсердің ерекшеліктерімен сипатталады. Бұл табиги газды, мұнайды тасымалдау технологиясымен, құбырлардың желілік белемінің және жерүсті құрылыштардың конструктивтік шешімдерімен байланысты.

Салынып жатқан және болмыстағы магистральдік газқұбырларында болатын, іsten шығуларды статистикалық талдау келесіні қөрсетті: сынаулар мен пайдалану кезінде газ құбырларындағы іsten шығулардың бүкіл жиынтығынан едәуір экологиялық зияндылықпен 10%-ға жуық іsten шығулар болды. Бұл кезде ең үлкен экологиялық қауіптілікке 1000-1400 мм үлкен диаметрлі құбырлар ие болады. Коршаған ортаның ластануына себепші болатын, өнімнің орта жылдық шығындары газ құбырлары бойынша 43,2 млн. куб. м құрды. Газ құбырының коршаған ортаға техногендік әсерінің айрықша ерекшелігі, газдың тұтануымен байланысты, термиялық құбылыштың болуы, сонымен катар жер-өсімдік жамылғысының орнықтылығының бұзылуы болып табылады. Иsten шығу ошағында коршаған өсімдік жамылғысының толық закымдану аумағын анықтайтын, термиялық әсердің радиусы 30-дан 600 м-ге дейін құрайды, ал газ құбырының апат болу сәтінде түзілетін қазаншұңқыр максималды өлшемдеріне $106 \times 56 \times 12$ м-ге дейін жетеді. Өзінің сипаты бойынша табигаттың барлық компоненттеріне техногендік әсер кешендік болып табылады, себебі ол атмосферада, жерде және табиги суларда болатын биохимиялық үрдістерді қозғайды. Мысалы, атмосфераның ластану шырактарда жолай газдың өртенуімен, компрессорлық станциялардың іс-әрекетінің өнімдерімен, апартардың нәтижелеріндегі газ өнімдерінің шағарылымдарымен және басқа да сеюөттермен қамтамасыз етіледі.

Табигатты корғау көзкарасынан құбыр құрылышының үрдісіндегі антропогендік ландшафтты қалыптастыру үлкен мағынаға ие болады. Бұның нақты түрдегі биогеоценоздардың функционалдық дамуына, жануарлардың табиги миграциялануына, гидрогеологиялық,

климатологиялық және басқа табиги үрдістердің дамуына тікелей қатынасы бар.

Коршаған ортаға негізгі әсерді компрессорлық станциялардағы (КС) газтурбиндік жетектерді пайдалану қөрсететінін ескеру қажет, себебі отын газына өзінің технологиялық қажеттіліктеріне жалпы шығындардан 80% келеді. Отын газының шығынының тасымаладанатын газдың мөлшеріне қатынасының шамасы компрессорлық станцияның жұмысының тиімділігін сипаттайды. Қалыптасқан технологиялық схема бойынша КС-тың жұмысы кезінде берілген қөрсеткіш $33 \text{ m}^3/\text{млн. м}^3$ * км-ге бағаланады. Газдың бұл көлемі компрессорлық станцияларда газ құбыры трассасының дискреттік нүктелерінде азот totықтары түріндегі зиянды заттардың және басқа да зиянды заттардың (көміртегі totықтары, күкірт totықтары, ауыр металдардың қосылыстары, ұшпалы органикалық қосылыстар және т.б.) болінуі арқылы өртөнеді. Эмитацияланатын зиянды заттардың құрамы табиги газдың құрамынан тәуелді болады, бұл геоэкологиялық тәуекелдердің компоненттерінің бірі болып табылады.

5.2 Судың ластану жағдайларын бақылау әдістері

Суды ластану жағдайларын бақылаудың негізгі стандартты әдістері оттегіге химиялық қажеттілік (ОХК) және оттегігге биохимиялық қажеттіліктерді анықтау болып табылады. Оттегіге химиялық қажеттілік - бұл өте күшті totықтырғыштармен реакцияға түсетін, ластанған судағы органикалық және органикалық емес totықсыздандырғыштардың жалпы құрамын сипаттайтын шама. ОХК мәні әдетте totығуга кеткен, оттегі мөлшерінің бірліктерімен беріледі. ОБК – бұл ластанған суда жүріп жатқан биологиялық үрдістер нәтижесінде, судағы аэробы жағдайдағы органикалық заттардың totығуы үшін қажет оттегі мөлшері. Бұл әдістердің салыстырмалы қарапайымдығы мен қол жетерлігіне қарамастан, ластану концентрациясының жоғары нақтылықта анықтау мүмкін емес. Пиридин, бензол, толуол сиякты қосылыстар totықпайды және оларды сынамада осы әдістермен анықтау мүмкін емес.

Ақаба сулар құрамын талдауказінде күннен күнге «көпкомпонентті» талдау әдісін колданады, олар химиялық заттардың кең спектрін анықтауға мүмкіндік береді. Оларға атомды-эмиссиялық, рентгендік және хромотографиялық әдістер жатады. Бұл үшін C-, H-, N-анализаторлар және басқа да автомат-құралдар шығарылып жатыр.

Атмосфера құрамындағы қоспаларды талдау үшін газоанализатор деп аталатын, құралдарды колданады. Газоанализаторлар ауаның ластануын уақыт бойынша үздіксіз анықтауға және ауа сынамасын тәулік бойында бірнеше рет периодты түрде алған кезде тіркелмеуі мүмкін, қоспалардың максималды концентрацияларын анықтауға мүмкіндік береді.

Газоанализаторлар анықтаушы қоспалардың (CO_2 , NO_2) түрлері бойынша, әсер ету ережелері бойынша, өлшенетін концентрациялардың

диапазоны бойынша ажыратылады. Бұл құралдарда ауа құрамында болатын қоспалар аранайы реагенттермен өзара әрекеттеседі. Қоспалардың концентрацияларын реакциялардың сипаты немесе карқындылық көрсеткіштері бойынша аныктайды. Аймактық құралдық талдау әдістері өндірістік аймактағы немесе бірнеше өндірістегі ауа ластануының бақылаудың автоматтанған жүйесіне негізделген. Бақылаудың осындай автоматтандырылған жүйесі байланыс арналары бойынша (телефон желілерімен) қоспалар концентрациялары туралы үздіксіз акпараттар алып отыруға мүмкіндік береді. Акпараттар аймактың түрлі жерлерінде немесе ірі өндірістік нысандардың айналасында, кейде нақты технологиялық кондырғыларда орнатылған автоматты газоанализаторлардан келіп түсіп отырады. Автоматты телефон тораптарының арналары бойынша алғынған акпараттар, жинактау орталығында индикациялық таблоға шығарылады, содан кейін аранайы бағдарлама бойынша өндөледі. Егер жекелеген бір нүктелерде қоспа концентрациясының жоғарылауы анықталса, онда метеорологиялық мәліметтер туралы акпараттар бойынша (көп жағдайда желдің күші) оның туындауының себебі және қоспалар қандай көздерден келіп түскені туралы анықтауга болады, содан кейін сол көзге шығарындыларды қыскарту қажеттілігі туралы бұйрықтар беріледі. Бұндай жүйелердің бірдей технологиялық айналыммен, шикізаттық, энергетикалық және басқа да қоліктік ағындармен байланысты, әр түрлі типтегі көптеген өндірістер кіретін, аймактық-өндірістік кешендер үшін ерекше мәнге ие. Ғаламдық мониторинг негізінен атмосфераны зондтау арқылы іске асрылады. Бұл үшін оптикалық және радиолакациялық құралдарды пайдаланады, ол атмосфераның түрлі биіктіктерінде CO, CO₂, CH₄, NO₂ сияқты ластануларды анықтауга мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда бұкіл әлемде атмосфера ластануын дистанциялық талдау үшін лазерлерді жасау мен пайдалануға катты назар қойып отыр. Лазер негізінде, сериялы шығарылып отырған, автоматталған құралдар күннен күнге кеңінен таралуда. Лазер мен локаторлар үйлестірілген құралдар лидарлар деп аталады. Олардың көмегімен ауадағы қоспалардың кеңістіктік таралуын зерттейді. Лазерлік аэрозолды спектрометрлер кала, сол сияқты оның шекаралары ауасындағы аэрозолдер (тұтіндер, тұмандар) құрамын автоматты тәртіpte зерттеуге арналған. Диференциалды сканерлеуші лазерлік құрылғылар өнеркәсіптік өндірістердің және электростанцияларының құбырларының ағындарымен жемен козғалып жүрген SO₂ онмындық үлестік деңгейдегі пайзының өлшеуде жемісті пайдаланылып жүр.

Коршаған орта мониторингінің жоғарыда көрсетілген барлық жүйелері мен әдістері табиги ортаның жағдайы туралы акпараттарды жинау мен талдау үшін қызмет етеді. Осы әдістермен алғынған мәліметтер коршаған ортада үрдістерді моделдеу үшін, ғылыми болжамдарды құру үшін колданылады. Ғылыми болжамдар негізінде табиғатты қорғауды жақсарту бойынша практикалық ұсыныстар жасалынады.

5.3 Коршаған ортаның химиялық, биологиялық, радиациялық ластанулары

Адамдардың шаруашылық қызметі қазіргі кезде биосфераны ластаушылардың негізгі көзі болып отыр. Табиги ортага күн сайын, сағат сайын өнеркәсіптің газ тәріздес, сұйық және катты қалдықтары түсіп отырады. Осы қалдықтардағы әр түрлі химиялық заттар ауаға, суга және топыракка түсіп, бір трофикалық тізбектен екіншісіне өте отырып, сонынан адам организміне келіп түседі.

Бұкіл жер шарында осы ластауши заттардың түспеген жері жок деп айтуда болады. Тіпті ешкандай өнеркәсіп орындары жок Антарктиданы алайық. Бұл жерде адамдар кішігірім ғылыми станцияларда тұрып, ғылыми бақылаулар ғана жасайды. Галымдар осы заманғы өнеркәсіптердің әр түрлі улы заттарын осы Антарктидадан да тапқан. Олар бұл жерге басқа жерлерден ауа ағындарымен келіп түскен. Табиги ортаны ластауши заттар әр түрлі болып келеді. Ол заттар өзінің табиғатына, шоғырлануына және адам организміне әсер ету уақытына қарай әр түрлі жағымсыз нәтижелер тұгызады. Осындай заттардың қыска мерзімде болса да адамға әсері - адамның басын айналдырады, құсқысын келтіреді, тамағын жыбырлатып, жетелтеді.

Қазіргі кезде ауаны ластайтын улы заттардың 150-ден астамы белгілі. Бұл заттар ауада күн сәулесінің әсерімен бір-бірімен реакцияға түсіп, жаңа қосындылар түзеді. Өнеркәсібі дамыған елдерде ауаны ластауши заттың бірі құқірттің қос totығы (SO₂) коксохимия зауыттарымен тау-кен өндіру және целлюлоза - қағаз неркәсіптерінің жұмысынәтижесінде ауаға шығарылады. Олар ауада ылғалдың әсерінен құқіртәсерінен қышқылға айналады. Құрамында құқірт қышқылы бар тұманненесе ылғалды ауа адамның, жануарлардың тыныс жолдарының кілегей кабаттарына, терісіне әсер етеді және өсімдік те көп зардапшегеді. Ауадағы құқіртті сутек адам ағзасын үлап қана коймайды, сонымен катар адамдардың жүйке ауруларын тұгызады.

Ауадағы фторлы сутек өте улы. Азық-тұліктің құрамындағы фторлы сутек адамды, жануарларды құстырып өте жаман ауру тұгызады. Хлорлы сутек пластмасса қалдықтарын жакканда пайда болады. Осы газбен тыныс алғанда адамның тыныс жолдарының кілегейлі қабығын зақымдандырып, өкпенің ісік ауруын тұгызады. Коныр көмірді жағудың нәтижесінде ауаға күл бөлініп шығады. Ол ауыл шаруашылығы мен орман өсімдіктеріне әсер етеді. Әсіресе, көкөніс, жеміс-жидек өсімдіктеріне де зиянын тигізеді. Ластанған өсімдікпен коректенген жануарлардың, адамдардың организмдерінде физиологиялық өзгерістер болады. Цемент зауыттарынан шықкан цемент шандары топыракта калий, кальций, магний элементерінің көбеюіне себеп болады. Ал фосфор зауытына жақын

жерлерде фосфордың мөлшері көбейеді. Қурамында мырыш пен коргасын бар металлургия зауытының калдықтары да өте улы әсер етеді.

Қазіргі кезде біздің коршаған ортаның ластаушы көздерін төмендегідей топқа болеміз:

1. Физикалық ластану- радиоактивті заттар, электромагнитті толқындар, жылу, шулар және тербелістер.

2. Химиялық ластану - көміртегі өнімдері, күкірт, көмірсулар, шайындысулар, пестицидтер, гербицидтер, фторлы қосылыштар, ауырметаллдар, аэрозолдар.

3. Биологиялық ластану – ауру қоздырғыш бактериялар мен вирустар, құрттар, қарапайымдылар, шектен тыс көбейіп зиянкелтіретін жәндіктер.

4. Эстетикалық зиян – табигаттың қайталанбас сұлу ландшафттарының бүлінуі, орман тоғайларының жойылуы т.б.

«Қышқыл жауындар» - атмосферага байланысты қазіргі кезеңдегі үлкен мәселе. Оның негізгі көздері күкіртті ангидрид (SO_2) пен азот тотығы (N_2O , азот кос тотығы N_2O_2) және азот тетратотығы (N_2O_4)

Күкіртті ангидрид. Адам баласы жылу үшін көмір мен мазутты жағу кезінде күкіртті ангидриді ауаға түседі. Мәселен, 1 млн. тонна көмір жаққан кезде 25 мың тонна күкірт болінеді екен. Әрине, күкірт және элемент күйінде емес, оның күкірт тотығы ретінде ауаға шығарылады. Осы газ атмосферага түсіп, оттегімен тотығып, әрі су буымен қосылышп одан күкірт қышқылы түзіледі. Қурамында қышқыл бар тұмандықтар жауын түрінде биосферага түсіп қауіпті зиян келтіре бастайды.

Азот тотықтары. Азоттың қосылыштары атмосферага көбінесе ормандардағы өрттерден, ірі өнеркәсіп орындарынан бөлінетін заттар төнірегінде жинақталады. Жалпы атмосферага азот қышқылының 95% - көмірдің пайдаланғанда болінеді. Оның 40% - автокөлік, 30% - электростанциялар, 20% - өндіріс орындарында қазба отындардың үлесіне тиеді. Нәтижесінде, жер шары бойынша жыл сайын атмосферага 60 млн. тонна азот тотығы шығарылышп отырады.

«Смог» (улы тұмшалар). Смог - ағылшын сезі - түтін деген мағынаны білдіреді. Аталған уытты түтін өнеркәсіп, басқа да қажеттіктер үшін көмір мен мазутты жаққанда пайда болады. Тұмшаның 2 типі бар.

1. Лондондық тұмша типі – негізгі көзі көмір мен мазутты пайдаланғанда түзілетін күкіртті газдың атмосферадағы концентрациясының көбейіп кетуі. Бұл құбылыс Лондон қаласының ауа алабында алғаш рет есепке алынған. Мәселен, 1952 жылы ауа алабында улы қара тұмандық тұмшалап 2 жұма бойы тұрып алған. Нәтижесінде 4000-нан астам адам каза болған. Осы азапты тарихи оқиғадан Лондон тұрғындары 1873, 1882, 1891, 1948, т.б. жылдары зардап шекті.

2. Фотохимиялық тұмша. Атмосфера қабатында азот тотықтары, көмірсулар, азот, күннің радиациясының фотохимиялық реакцияға үшірауы нәтижесінде пайда болатын улы түтін. Оның Лондондық

тұмшадан айырмашылығы автокөлік моторларынан шығатын газдың күндізгі жағдайда улы түтін тұзуге бейім келеді. Photoхимиялық тұмша алғаш рет 1930 жылдары Лос-Анджелес қаласы үстінде есепке алынған. Одан соң бұл құбылыс Нью-Йорк, Токио, Сеул, Афина т.б. қалаларда байқалғаны тарихқа мәлім.

8-кесте. Коршаған ортаның химиялық заттармен ластануын жіктеу[27-28]

Химиялық ластану түрлері	Табиғи ортаға тигізетін эсері.	Адамға тигізетін зардабы.
1. Ауыр металдар	Автокөліктен бөлінетін зиянды газдар	Улы газдар адам өмірін бірнеше жылға қысқартады.
2. Қышқыл жауындар	Көмір қышқылының кебеюі, оттегінің азаюы	Адам баласына зияны тиеді, сонымен катар өсімдіктер мен жануарлар зардап шегеді.
3. Радиация	Химиялық улы заттардың ауаға жиналуы.	Адам баласы сәуле ауруына үшірайды.
4. Биологиялық, бактериялық жолмен ластану	Биологиялық, кару сыналған жер Қазақстанда Арап тенізі	Адам биологиялық ластанудан оба, шума, алапес, т.б. ауруларға шалдығады.
5. Космосты игеруге байланысты коршаған ортаға келетін зияндар	Ракеталардың үшірылуы, атом каруларын сынау	Озон қабатының қаруына байланысты ультракүлгін сәулелер тіршілікті жояды.

Коршаған ортаның радиациялық ластануы. Радиациялық ластанудың басқа ластанудан айырмашылығы бар.

Радиациялық ластанудың негізгі көздері - альфа, гамма, бета сиякты радиоактивті сәулелер. Ионданған сәулелер жануар организмдерінде акуыз, фермент және басқа да заттардың өзгеруіне, яғни сауле ауруының дамуына әкеліп соғады. Сәуле ауруы сыртқы мөлшерінің закымдануынан және радиациялық ластаушылардың ішкі органдарға түсіүі нәтижесінде болады. Сәуле ауруының дәрежесі алынған сәуленің мөлшерінен байланысты балалар, карт адамдар мен ауру адамдар сәуле ауруын көтере алмайды. Адамдарда 50 рентген мөлшеріндегі сәуледен сәуле ауруы байқалмайды. Ал 100 рентгеннен бастап сәуле ауру дами бастайды.

Адамның іс-әрекеті нәтижесінде биосфераның радиациялық ластануы өте үлкен қауіп тудырып отыр. Қазіргі кезде радиоактивті заттар өте кен колданылуда. Осы элементтерді тасымалдауда болатын немкүрайлылықтың нәтижесінде өте күшті радиациялық ластану болады.

Мысалы, атом қаруын сынақтан өткізу биосфераның радиациялық ластануына әкеліп соғады.

Біздің республикамыздағы Семей ядролық сынақ аймагы жайында тоқталып кетейік. Мұнда 40 жылдан астам уақыт ішіндегарылыстар болып, жарылған заттардың қуаты Чернобыль апатыкезіндегі жарылғаш заттардың қуатынан бірнеше мың есе асыпкеткен. Осы жарылыстың 27-сі атмосферада, 113-і жер бетінде, алқалғаны жер астында үргізілген. Олардың радиоактивті қалдықтары жарты миллион адамға зиянын тигізетіні белгілі болып отыр. Семей полигонынан басқа Казахстан жерінде 27 әр түрлі термоядролық сынақтар өткізілетін әскери полигондар болғанын жасыруға болмайды.

Коршаған ортаның биологиялық ластануы. Табиги ортада химиялық және радиациялық ластанулардан басқа адамда әр түрлі ауру туғызатын биологиялық ластаушылар да кездеседі. Биологиялық ластаушыларға ауру туғызатын микроорганизмдер, вирустар, құрттар, қарапайымдылар жатады. Олар ауда, суда, топыракта, тірі организмдердің және адамның ағзасынде кездеседі.

Жер бетіндегі 1500000 жануарлардың 50000 жуығы паразиттік тіршілік етеді, соның ішінде 500-дей түрі адам паразиті болып есептеледі. Адам паразиттерінің көбісі ауру тудыратын жәндіктер. Иесінің денесінде тіршілік етуіне қарай паразиттер: уақытша және тұракты болып бөлінеді. Оларға: сұліктер, кенелер, масалар, бүргелер жатады. Ал тұракты паразиттердің иесі тек азық үшін ғана емес, тіршілік етегін ортасы. Оларға безек плазмоди, аскоридалар, қышыма қоздырғыштары жатады.

Тіршілік етуге бейімделген клеткаларға микроорганизмдердің жетуіне қарай жүқпалы аурулардың таралу жолдары бірнеше түрге бөлінеді.

Бірінші - ауадағы тамшылар көмегімен тарау, яғни жүқпалы аурулардың тыныс жолдары арқылы жүгүү, ал сыркат түкіргенде, жөтелгенде, сейлегенде ауру қоздырғыш микробтар шашырап, ауамен бірге өзі бейімделген тыныс жолдарының шырышты сілекей қабығына жетеді. Осылай тарайтын ауруларды - ауалы - тамшылы аурулар тобы деп атайды. Оларға тұмау, қызылша, шешек аурулары жатады.

Екінші - ауыз арқылы тарау, яғни микробтардың ішек-қарын жолдарына түсуі. Ал қоздырғаш микробтар болса коршаған ортага үлкен және кіші дәрет арқылы шығады. Бұл жолмен ішек-қарында болатын жүқпалы аурулар тарайды.

Ушінші - қан арқылы тарау, яғни микробтардың маса, бүрге, қандала, бит сиякты жәндіктер арқылы қанға түсуі. Бұл аурулар тобына: безек, бөртпе, оба, туляремия, энцефалиттер, т.б. жатады.

Төртінші - жүқпалы аурулар қоздырғышы мен закымдалған және закымдалмаған адамдардың терісі мен шырышты сілекей қабығының бір-біріне жанасып тиуі немесе сүйкесуі арқылы тарауы. Бұған жыныстың

жүқпалы аурулары / мерез, гонорея, СПИД/, құтыру, сірепспе, газды, гангrena т.б. жатады.

5.4 Атмосфераның ластануы



Жылу электорлық орталық(ЖЭО) шығарындыларының ауа алаптарына әсер етуі нәтижесінде олардың атмосфераға антропогендік әсері негізінде келесі түрде көрініс береді:



- «көшеттік әсер» пайда болуы ең бастысы көміртегі тотығымен;
- озон қабатының бұзылуы;
- қышқыл жаңбырлардың түзілуі.

«Көшеттік әсер» Жер бетінен күн сәулесінің етуі және бірмезгілде Жер бетінің шығаратын жылу сәулесін ұстап қалу нәтижесінде тәуелді. ЖЭО-ы шығарындылары арасынан осында құбылысты көміртегі тотығығана әсеривті жасай алады. Егер ЖЭО қалдықтарының 80%-ын көміртегі тотығы құрайтыны ескерсек, онда оның климат жылуындағы экожүйеге жағымсыз әсері өте үлкен. Қазіргі уақытта «көшеттік әсер» әсері нәтижесінен өткен XIX ғасырдың аяғымен салыстырғанда Солтүстік жартышарда ауа температурасы $1,2^{\circ}\text{C}$ көтерілген деп есептеледі. Бұл мұздықтардың қарқынды енуін және дүние жүзілік мұхит деңгейінен 0,5-1,5м-ге көтерілуіне алып келуі мүмкін, ол бұл өз кезегінде көптеген халактығыз орналасқан жағалаулық аудандардың су астында қалуына алып келеді. Сонымен қоса, ғаламдық жылу мен оның апаттық нәтижелеріне алып келетін көміртегі тотығы кальций көбейуінен басқа манызды роль аткаратын өзге де көзқарастар бар. Олар:

- жер айналу жылдамдығының периодтық өзгерістері;
- жер осінің тербелістері;
- жер қоры құрылымның өзгерістері мен басқа да құбылыстар.

Ауа алабының ластануы сол сиякты озон қабаты бұзылуы нәтижесі де жүреді, ол озонаның түзілу және ыдырау тетігін Чемпен ұсынған. Озон стратосфераның жоғарғы қабаттарында (35-45км биіктікте) және мезосфераның төменгі қабаттарында (20-25км биіктікте) келесі химиялық реакциялар нәтижесінде түзіледі:





Нәтижесінде: $O_3 + O \rightarrow 2O_2$

Осы реакциялардың барлығы озон қабатының бұзылуына алып келеді. 1980жылдан 1995 жылда озонның ғаламдық азауының орташа жылдамдығы 0,5-0,7% жыл құраганы аныкталды. Бұл мамандар пікірінше төрі, рак ауруларының көбеюіне алып келеді деп санайды.

Сонымен, жиынтық уыттылық (Γ_3) 42676001,7 t/m^3 (жыл.мг) жетеді, ол салыстырмалы уыттылық (Γ_2 , %) аэрополлютанттар түрі бойынша: шан-9,0; көміртегі тотығы-66,0; күкірт қос тотығы-10,0; азот тотығы-1,5 құраган. Қауіптілік деңгейінде (ρ' г/с·м) ластағыштар түрлері бойынша бағаланады: шанды 151,6-315,6 аралығында; көміртегі тотығы-17799,1-37081,4; күкірт қос тотығы-257,5-536,5; азот тотықтары -70,8-147,5 аралығында тербеледі.

9 - кестеде аэрополлютанттардың шығару көздерінен (құбыр) қашықтау шегі бойынша орташа концентрациясының (mg/m^3) өзгерістері көрсетілген. Күткендей аэрополлютант концентрациясы едәуір азаяды, бірақ оның концентрация өзгерісі максимум арқылы төмендейді. Ең жоғарғы ластағыш концентрациясы аймақтың 0,7км-де аккумуляцияланатыны, одан кейін едәуір азаятыны аныкталған. Мысалы, шығару өздерінен желді жағынан көміртегі тотығының орташа концентрациясы 0,35; 0,7; 1,0; 6,0; 8; 10 және 12км аракашықтығында, сәйкесінше 6,8; 7,7; 3,5; 2,3; 1,1; 0,7 және 0,3 mg/m^3 құрайды.

9 - кесте. Шығару көздерінен қашықтығы бойынша аэрополлютанттардың орташа концентрациясының өзгерістері.

Аэрополлютант түрлері	Қауіптілік класы	РШК _{мм} , mg/m^3	Желді аэрополлютанттарының жағынан орташа концентрациясы (mg/m^3) аракашықтық бойынша, км:							
			0,35	0,7	1,0	5,0	8	10	12	
Күкірт қос тотығы	3	0,5	3,5	4,5	2,3	1,8	0,5	0,3	0,1	
Көміртегі тотығы	2	5	6,8	7,7	3,5	2,3	1,1	0,7	0,3	
Азот тотығы	4	0,085	2,8	3,3	2,0	1,1	0,3	0,1	0,04	
Шан	3	0,3	4,3	5,6	3,8	2,0	0,8	0,5	0,1	

9 - кестеде ауа алабынан ЖЭО-ы аэрополлютанттары әсер еткендегі жағдайына баға беру келтірілген. Осы кестеден бірінші және екінші

*Формула [26,35] бойынша $V_M = 1,3 \times \frac{6,5 \times 1}{25} = 0,34 \text{ м/с}$ параметрін анықтаймыз.

* формула (7.6) [26,35] бойынша $f_e = 800 \times 0,34^3 = 31,44$ есептейміз.

* [26,35] формулалар бойынша түр параметрлерін есептейміз, шығарындылар өйткені қыздырылған;

$$m = \frac{1}{0,67 + 0,1 \times \sqrt{0,89} + 0,34 \times \sqrt[3]{0,89}} = 0,92,$$

- Шығарындылардың қажетті қуатын (83) формуласымен анықтаймыз:

$$M = \frac{c_M H^2}{AFmn\eta} \sqrt[3]{V_1 \Delta T} = \frac{0,23 \times 25^2}{140 \times 3 \times 0,92 \times 1,08 \times 1} \times \sqrt[3]{5,1 \times 76,3} = 2,51 \text{ г/с.}$$

Шығарындылардың қуатына 2,51 г/с қарап кремний қос totығының жерге жақын концентрациясының мәні қолайсыз жағдайда шығарынды 0,23 мг/м³ құрайды.

Мысалы.

Мәскеу облысындағы тегіс ашық ауданда орналасқан (құю цехының балқытатын бөлімшесі үшін) Н шығарынды көзінің биектігін анықтау, егер кремний қос totығының 0,23 мг/м³ максималды жерге жақын концентрациясын C_m алу керек болса.

Шығарынды сағасының диаметрі $D = 1 \text{ м}$ болатын мұржа арқылы таралады. Шығарынды температурасы 100°C . Мұржа сағасынан шыккан газды ауа қоспасының жылдамдығы $V_1 = 5,1 \text{ м}^3/\text{с}$. Мәскеу үшін коршаган ауа температурасы $T_b = 23,7^\circ\text{C}$. Шығарынды қуаты $M = 2,5 \text{ г/с}$. Газды ауа қоспасының тазалығы жасалмайды.

Шешім.

- $A = 140, F = 3, \eta = 1, \Delta T = 76,3^\circ\text{C}$ таңдаймыз.
- $W_0 = \frac{V_1 \times 4}{\pi \times D^2} = \frac{5,1 \times 4}{\pi \times 1^2} = 6,5 \text{ м/с.}$
- Формула (7.3) бойынша шығарындының қыздырылған екенін анықтаймыз.

Сондыктan, $f < 100$ және шығарынды сәйкесінше қыздырылған.

- Шығарынды көзінің биектігін берілген мәніне сәйкестігін C_m (68,84) бойынша анықтаймыз.

$$H = \left(\frac{AMFD\eta}{8V_1 c_M} \right)^{\frac{3}{4}} = \left(\frac{140 \times 2,5 \times 3 \times 1 \times 1}{8 \times 5,1 \times 0,23} \right)^{\frac{3}{4}} = 34 \text{ м.}$$

* Егер бұл шарт орындалса $H \leq \omega_0 \sqrt{\frac{10D}{\Delta T}}$, онда анықталған Н накты болып табылады $\omega_0 \sqrt{\frac{10D}{\Delta T}} = \sqrt{\frac{10 \times 1}{76,3}} = 0,36 < H$.

* Егер $H \leq \omega_0 \sqrt{\frac{10D}{\Delta T}}$ шарты орындалмаса, Н мәнінің алдын ала анықталуына (81) формула пайдаланылады:

- Н алынған мәні бойынша және (7.3)[26,35] формуламен шығарынды қыздырылғандығын анықтаймыз.

$$f = 1000 \times \frac{6,5^2 \times 1}{25^2 \times 76,3} = 0,89.$$

Сондыктan $f < 100$ және шығарынды сәйкесінше қыздырылған.

- Формула (7.4)[26,35] бойынша $V_M = 0,65 \times \sqrt[3]{\frac{5,1 \times 76,3}{25}} = 1,62 \text{ м/с}$ параметрін табамыз.

- Формула (7.5)[26,35] бойынша $V_M = 1,3 \times \frac{6,5 \times 1}{25} = 0,34 \text{ м/с}$ параметрін табамыз.

- Формула (7.6)[26,35] бойынша $f_e = 800 \times 0,34^3 = 31,44$ есептейміз, сонда, $f_e > f$ болады.

- Формула (7.7-7.8)[26,35] бойынша түр параметрлерін есептейміз; өйткені шығарынды қыздырылған.

$$m = \frac{1}{0,67 + 0,1 \times \sqrt{0,89} + 0,34 \times \sqrt[3]{0,89}} = 0,92,$$

өйткені $0,5 \leq V_M < 2, n = 0,532 \times 1,62^2 - 2,13 \times 1,62 + 3,13 = 1,08$.

- Арықарайғы мұржаның биектігін анықтауларды (88) мәні бойынша жүргіземіз.

$$H_{i+1} = H_i \sqrt{\frac{m_i n_i}{m_{i-1} n_{i-1}}} = 25 \times \sqrt{\frac{0,92 \times 1,08}{1 \times 1}} = 24,91 \text{ м.}$$

- Ары карай анықтауларды өткізудің мағынасы жок; өйткені аралық айырмашылығы мұржаның бастапқы биіктігінен 1м кем алған, Сондықтан, мұржаның биіктігі 25м тең.

Демек, тотықкан мұржаның биіктігі 25м тең болған максималды жерге жақын концентрациясының колайсыз жағдайда шыгарынды 0,23 мг/

7 Мұнайдың өндіруші өндірістердің атмосфераға шыгарылатын жалпы зиянды заттектердің әдістемелік есебі

7.1 Мұнайдың физика-химиялық қасиеттері

Мұнай мен газ. Мұнай мен газдың мол қоры Атырау, Манғыстау, Қызылорда, Ақтөбе және Батыс Қазакстан аймактарында шоғырланған. Мұнай елімізде бірінші рет 1899 жылы Қарашүңгілдегі Эмбі кен орнындағы мұнай ұнғысынан атқылады. Ал 1911 ж. Доссор, 1915 ж. Мақат кен орны пайдалануға берілді. Бұл кен орындарына алпысыншы жылдары Манғыстау тубегіндегі Өзен мен Жетібай қосылды. Кейінірек олардан да қуатты Қаражамбас пен Қаламқас, Теніз (Атырау облысы), Кенқияқ және Жанажол (Ақтөбе облысы), Қарашығанак (Батыс Қазакстан облысы) пен Құмқөл (Қызылорда облысы) кен орындары ашылды. Қазір Қазакстанда мұнай мен газ шоғырланған 14 алап және 207 кен орны бар. 1999 жылы Қазақстан қойнауынан алғашқы отандық мұнай алынғанына жүз жыл толғаны тойланды. Бұғандегі Республика жылына шамамен 45 млн. мұнай, 7,5 млрд м³ газ өндіреді. Шет елге 17 млн. т-дай өндөлмеген мұнай шығарылады [25-37].

Мұнай – құрамында газ тәрізді және қатты заттар еріген табиги дисперсті сұйық көмірсүтектер жүйесі. Мұнайды көмірсүтектермен катар, құрамында көміртек пен сутегіден басқа азот, күкірт, оттегі және басқа да элементтер бар гетероорганикалық гетероатомды қосылыстар кездеседі. Басқаша сөзбен айтканда, мұнай – бұл газ тәрізді, сұйық және қатты көмірсүтекті қосылыстардың кен кешенін білдіреді.

«Табиги мұнайдың» шығу тегін зерттеушілер алдында тұрған басты киындық, онын түзілуі туралы тұра және сенімді мәліметтердің жетіспеуі – онда бастапқы органикалық ұлпалардың болмауы. Зерттеуші әртүрлі болжамға аппаратын болжамдар мен жанама фактілерге ғана сүйенеді. Қөптеген геологтар тірі материядан мұнайдың түзілгендері туралы гипотезаны қолдайды. Мұнайдың бейорганикалық түзілу гипотезасын

коргайтын геологиялық және химиялық сипаттағы анық үғымдарды келтіруге болады.

Заманауи ғылымда мұнайдың шығуы туралы екі негізгі гипотезалар бар. Әркайсының жеке қарастырайық.

Биогенді (органикалық) теория мәні мынада. Барлық жанғыш көміртекті қазбалар (мұнай, газ, көмір, жанғыш тақта тастар) генетикалық туыс түзілімдер болып табылады. Олардың барлығы әртүрлі геологиялық сатыларда Жерде өмір сүрген тірі организмдердің шірік қалдықтарынан пайда болады. Мұнайдың түзілу көзі суаттар түбі мен су қабатында өсетін тікелей төмен сатылы өсімдіктердің (планктон, балдырлар және т.б.) органикалық қалдықтары болып табылады. Суаттардың коршаған органында әсерінен өлген организмдер ыдырайды. Нәтижесінде мұнайда бастапқы өсімдік материалынан мұрага қалған және одан әрі оның түрлену барысында алынатын қосылыстар болады.

Алғаш рет мұнайдың органикалық шығу тегі туралы гипотезаны М.В. Ломоносов 1763ж айткан. М.В. Ломоносовтың пікірінше, «мұнай тасты көмірлерге жер асты оттарының әсер етуінен» түзілді, нәтижесінде асфальттар, мұнайлар және «тасты майлар» пайда болды.

Кейіннен осы гипотезаны растайтын көптеген тәжірибелік жұмыстар жүргізілді. 1932 жылы И.М. Губкин мұнайдың биогендік шығу тегі туралы теорияны толық баяндағандай болды. Мұнайдың түзілуі үшін бастапқы зат ретінде *сапропелді* қарастырды. *Сапропель* – бұл тікелей төмен сатылы балдырлар мен суаттар микроорганизмдерінің шіріген қалдықтарынан тұратын органикалық тұнбалар (қайырлар). Органикалық қалдықтарға бай жер қабатына сапропелді қабат шеккен сайын ондағы қысым мен температура артады. Термокаталитикалық үрдістер нәтижесінде органикалық зат мұнайға айналады. Биогенді теориямен катар, мұнайдың шығуының *абиогенді (бейорганикалық) теориясы* дамыды.

Мұнайдың абиогенді шығу тегі туралы теорияны Д.И. Менделеев 1877ж айтты. Осы теория негізіне металдардың балқыған карбидтерінің сумен әрекеттесіп көмірсүтектердің түзілу мүмкіндігі жатыр:



Оқінішке орай, бұл теория бір кен орнында мұнай құрамының алуан түрлі болуын, сондай-ақ мұнайды құрамында тірі организмдер қалдықтары бар шөгінді жыныстардар табатындығын түсіндіре алмады. 1892 жылы В.Д. Соколов мұнайдың бейорганикалық шығу тегінің «гарыштық» теориясын ұсынды. Осы гипотезага сәйкес мұнай Жер мен Күн жүйесінің басқа да планеталары түзілу сатысында гарыштық материяның басқа түрлерімен Жерге түсіу мүмкін космостың біріншілік көмірсүтектерінен түзіледі. Бұған да негіз бар, өйткені кометалар көмірсүтекті газдар мен көміртек атомының бар екендігі анықталған, ал сутегі болса космоста кен тараган. 1960 жылы Н.А. Кудрявцев мұнайдың шығу тегінің «магматикалық» гипотезасын ұсынды. Бұл гипотезага сәйкес мұнай

магмада азғана мөлшерде түзіледі, ал сосын кеуек құмдақты толтыра отырып, сыйаттар мен жыраттар арқылы жоғары көтеріледі. Бұл үрдістер қазір де жалғасуда.

Тығыздығы. Бұл мұнай және мұнай өнімдерінің сапасының маңызы және кеңінен колданылатын көрсеткіштерінің бірі. Тығыздық белгілі бір температурада көлем бірлігі массасы ретінде анықталады және kg/m^3 , g/cm^3 немесе g/ml өлшенеді. Іс жүзінде көбінесе өлшемсіз шама – салыстырмалы тығыздық та бар. Мұнай немесе мұнай өнімінің салыстырмалы тығыздығы ($\rho_{t_1}^{20}$) деп анықтау температурасындағы олардың массасының ($t_{\text{анык}}$) сол көлемде алынған стандартты температурадағы таза су массасына ($t_{\text{ст}}$) катынасын айтады. Су мен мұнай өнімі үшін АҚШ пен Англияда стандартты температуралар ретінде $t_{\text{ст}} = 15,6^\circ\text{C}$ (60°F), баска елдерде, соның ішінде Ресейде стандартты температура $t_{\text{ст}} = 4^\circ\text{C}$, ал анықтау температурасы $t_{\text{анык}} = 20^\circ\text{C}$ қабылданған. Салыстырмалы тығыздық ρ_4^{20} белгіленеді. Құрамында салыстырмалы түрде азғана мөлшерде қатты парафиндер мен ароматты қемірсүтектер бар көптеген, әсіресе азғана температура аралығындағы мұнай мен мұнай өнімдері үшін тығыздықтың температуралық тәуелділігі сипатқа ие, яғни мына формуламен өрнектеледі:

$$\rho_2 = \rho_1 - \gamma \cdot (t_2 - t_1), \quad (90)$$

мұндағы t_1 - өлшеудің бастапқы температурасы, $^\circ\text{C}$; t_2 - өлшеудің соңғы температурасы, $^\circ\text{C}$; $\gamma = t_2 - t_1 = 1$ болғандағы 1°C -га тығыздықтың өзгеруінің температуралық түзетуі; ρ_1 мен ρ_2 – тиісінше t_1 және t_2 температурадағы заттардың тығыздығы.

Мұнай өнімдеріне арналған түзету мәндерін мына формуламен есептеуге болады[31-34]:

$$\gamma = 0,000903 - 0,00132(\rho_4^{20} - 0,7), \quad (91)$$

Егер анықтау t температурасында жүргізілсе, онда сол формуланы пайдаланып ρ_4^{20} есептеуге болады:

$$\rho_4^{20} = \rho'_4 + \gamma(t - 20), \quad (92)$$

мұндағы ρ'_4 – берілген температурадағы мұнай өнімінің тығыздығы, kg/m^3 ; ρ_4^{20} – стандартты температурадағы (20°C -тәгі) мұнай өнімінің тығыздығы, kg/m^3 ; $\gamma = t_2 - t_1 = 1$ болғандағы 1°C -га тығыздықтың өзгеруінің температуралық түзетуі; t – берілген температура, $^\circ\text{C}$.

Көмірсүтектердің салыстырмалы тығыздығы мына қатар бойынша атады:

алкандар < олефиндер < нафтентер < ароматты қемірсүтектер (арендер) Көптеген мұнайлардың тығыздығы бірден аз және $0,80$ мен $0,90 \text{ g/cm}^3$ аралығында болады. Жоғары тұтқырлы шайырлы мұнайлар тығыздығы бірге жақын. Керісінше, газ-конденсатты кен орнының мұнайлары ете жеңіл ($\rho_4^{20} = 0,75 - 0,77 \text{ g/cm}^3$). Мұнай тығыздығының шамасына кеп ықпаллар әсер етеді. Олардың бастысы – еріген газдар мен шайырлар мөлшері, фракциялық, ал дистилляттар үшін тағы да химиялық құрамы. **Дистилляттар** – белгілі бір температура аралығында қайнайтын және мұнайды айдағанда алынатын сұйық қемірсүтектер коспасы. Мұнай фракцияларының (дистилляттарының) тығыздығы олардың қайнауының температуралық аралығы артқан сайын еседі. Сұйыктықтар тығыздығын ареометрлер және пикнометрлер көмегімен аныктайды.

Стандартты жағдайдағы газ тығыздығы ρ_4 (kg/m^3) мына формуламен есептеуге болады:

$$\rho_4 = \frac{M}{22,4}, \quad (93)$$

мұндағы M – газдың молекулалық массасы, kg/кмоль ; 22,4 – стандартты жағдайдағы 1 кмоль газдың көлемі, nm^3 .

Газ тәрізді өнімдер үшін стандартты жағдай деп 0,101 МПа (760 mm.сын.бағ) және 273 K температура ($^\circ\text{C}$) қабылданған.

Сипаттаушы ықпал. Бұл шартты көрсеткіш мұнай өнімінің табигатын бейнелейтін орташа молярлық қайнау температурасы ($T_{\text{орт.мол}}$) мен тығыздығының функциясын білдіреді[34-35,37]:

$$K = 1,216 \frac{\sqrt{T_{\text{орт.мол}}}}{\rho_{15}^{15}}, \quad (94)$$

Мұндағы K – сипаттаушы ықпал; $T_{\text{орт.мол}}$ – мұнай өнімінің орташа молярлық қайнау температурасы, K ; ρ_{15}^{15} – 15°C температурадағы мұнай өнімі мен судың салыстырмалы тығыздығы.

Мұнай өнімінің орташа молярлық қайнау температурасы ($T_{\text{орт.мол}}$, K) деп фракцияның қайнауы басталған және аяқталу арасындағы орташа температуралық түзетуі.

Кейбір мұнай өнімдерінің сипаттаушы ықпалларының орташа мәні:

Парафинді мұнай өнімдері 12,5-13,0

Нафтенароматты 10,0-11,0

Ароматталған 10,0

Крекинг өнімдері 10,0-11,0

Сипаттаушы ықпал мәні (кейде Ватсонның парафинділік ықпалы деп аталағы) әдетте тар мұнай фракцияларының молекулалық массасын одан әрі есептеу үшін колданылады.

Молекулалық масса. Мұнай және мұнай өнімдері жеке көмірсүткөтер мен басқа да қосылыштардың қоспасын білдіреді, сондыктан да олар орташа молекулалық массамен сипатталады. Көптеген мұнайлардың орташа молекулалық массасы 250-300 кг/кмоль-ге тең. Сүйік көмірсүткөтердің бірінші екілі – пентан C_5H_{12} – молекулалық масасы 72 кг/кмоль. Молекулалық массасы жоғарылау мұнайдың гетероатомды қосылыштарының және оның жоғары тұтқырлы фракцияларының молекулалық массасы 1200-2000 кг/кмоль-ді құрайды. Негұрлым фракциялардың орташа қайнау температурасы жоғары болған сайын, согұрлым молекулалық массасы үлкен.

Қайнау аралықтары бірдей, бірақ әртүрлі мұнайлардан алынған фракциялардың молекулалық массалары өзара жақын. Сондыктан да көптеген жағдайларда 15 кестеде келтірілген эксперименттік мәндерді қолдануға немесе молекулалық массаны Б.П. Воинов формуласымен есептеп табуға болады [33-37]:

$$M_{opt} = 60 + 0,3T_{opt, mol} + 0,001T_{opt, mol}^2 \quad (95)$$

мұндағы M_{opt} – фракциялардың молекулалық массасы; $T_{opt, mol}$ – эксперимент жүзінде және арнайы графикпен анықталатын ашық тұсті мұнай дистилляттарының орташа молярлық қайнау температурасы, К. Дәлірек нәтижелерді сипаттаушы ықпал К ескеріп шығарылған Воинов-Эйгенсон формуласы береді:

$$M_{opt} = 7K - 21,5 + (0,76 - 0,04K)T_{opt, mol} + (0,0003K - 0,00245)T_{opt, mol}^2$$

мұндағы M_{opt} – фракциялардың молекулалық массасы; $T_{opt, mol}$ – мұнай дистилляттарының орташа молярлық қайнау температурасы, К; K – сипаттаушы ықпал.

15- кесте .Мұнай фракцияларының молекулалық массалары (фракциялау адымы 50°C)

Фракция	M_{opt}	Фракция	M_{opt}	Фракция	M_{opt}	Фракция	M_{opt}
50-100	90	200-250	155	350-400	260	500-550	412
100-150	110	250-300	187	400-450	305	550-600	480
150-200	130	300-350	220	450-500	350		

Тагы Крэг формуласымен өрнектелетін салыстырмалы тығыздықка молекулалық массаның тәуелділігі шығарылды:

$$M_{opt} = \frac{4,29\rho_{15}^{15}}{1,03 - \rho_{15}^{15}}$$

мұндағы ρ_{15}^{15} – 15°C температурадағы мұнай өнімі мен судың салыстырмалы тығыздығы.

Молекулалық массаны эксперимент жүзінде анықтағанда криоскопиялық және збулиоскопиялық әдістерді пайдаланамыз. Еріген заттың молекулалық массаны анықтаудың кристокиялық әдісі ерітіндін кату температурасының төмендеуін таза еріткіштің кату температурасымен салыстыруға негізделген. Таза еріткіш ретінде бензолды қолданамыз. Еріген заттың молекулалық массаны анықтаудың збулиоскопиялық әдісі таза еріткіштің қайнау нүктесі температурасымен салыстырғанда ерітіндін қайнау нүктесі температурасының артуына негізделген.

7.2 Тұтқырлық, тұтқыр-температуралық және мұнайдың оптикалық қасиеттері

Тұтқырлық қозғалтқыштар, машиналар мен механизмдерді пайдаланған жағдайда мұнай өнімдерінің қозғалғыштығын анықтайды, тасымалдағанда, сұзгілегендегі, араластырғанда энергия шығынына елеулі әсер етеді. Динамикалық (μ), кинематикалық (v) және шартты (ВУ) тұтқырлыққа белінеді.

Шартты тұтқырлық дегеніміз вискозиметрден сынақ температурасында 200 мл сыналатын мұнай өнімінің ағып өту уакытының 20°C-да 200 мл дистилденген судың ағып шығу уакытына қатынасын айтады. Шартты тұтқырлық – бұл салыстырмалы, өлшемсіз шама және шартты градуспен өрнектеледі.

Динамикалық тұтқырлық сүйіктіктың физикалық қасиеттеріне тәуелді. Мұнай өндеуде сан турінде мұнай өнімінің динамикалық тұтқырлығының оның тығыздығына қатынасына тең $v = \mu / \rho$ кинематикалық тұтқырлық кеңінен қолданылады. Динамикалық тұтқырлықтың өлшем бірлігі – Пуаз (П) немесе СИ - Па·с, мұндағы с – секунд туріндегі уакыт, Па – Паскаль (Па = Н/м², мұндағы Н – Ньютон, м² – прибор капиллярының кимасы). Олардың арасындағы қатынас: 1 П = 10⁻¹ Па·с. Кинематикалық тұтқырлықтың өлшем бірлігі – стокс (Ст) немесе СИ жүйесінде – м²/с. Олардың арасындағы қатынас: 1 Ст = 10⁻⁴ м²/с.

Шартты (ВУ) және кинематикалық тұтқырлық (v) шамалары арасында келесі эмпирикалық тәуелділік бар:
Кинематикалық тұтқырлық 1 ден 120 сСт болатындар үшін:

$$v_1 = 7,24VU_1 - \frac{6,25}{VU_1}, \quad (96)$$

ал кинематикалық тұтқырлық 120 сСт дан жоғары болатындар үшін:

$$v_1 = 7,24VU \text{ немесе } VU_1 = 0,135v_1$$

мұндағы ν – мұнай өнімдерін сыйнау температурасы, $^{\circ}\text{C}$; ν_1 – мұнай өнімдерін сыйнау температурасындағы кинематикалық тұтқырлық, сСт (1 сСт = 10^{-2} Ст).

Күрделі қоспалар болып келетін мұнай және мұнай өнімдері үшін тұтқырлық олардың химиялық құрамының, молекулалық массасының функциясы болып табылады, және молекулааралық әрекеттесу қүшімен анықталады. Мұнай фракцияларының кайнау температуралары негұрлым жоғары болатын болса, соғұрлым тұтқырлығы жоғары болады. Бензиндер үшін кинематикалық тұтқырлық 20°C температурада 0,6 сСт құрайды, ауыр майлар үшін 300-400 сСт арасында болады. Эртүрлі кен орындарынан алынған мұнайлар кинематикалық тұтқырлықтары 2 дең 300 сСт дейінгі аралықта болады, және көпшілік мұнайлар үшін 40-60 сСт аспайды.

Жоғары молекулалық көмірсүтектердің тұтқырлықтарын анықтау бойынша әртүрлі зерттеулер мәліметтерін талқылай отырып келесі қорытындыларды жасауға болады:

молекуланың бірдей құрылымдарында нафтенді сақиналардың болуы көпшілік жағдайда (және кейде едәуір шамада) ароматты сақиналармен салыстырғанда (μ_{50} – мұнай өнімдерін 50°C , сП [I сП = 10^{-2} П сыйнау температурасындағы динамикалық тұтқырлық] тұтқырлықты жоғарылатады;

молекуладагы циклдар саны жоғары болған сайын, тұтқырлық жоғары болады;

күрделі көмірсүтектердің молекулаларында бірдей сакина санында бүйірлік парафиндік тізбектер саны жоғары болған сайын тұтқырлық жоғары болады;

бүйірлік тізбектердің тармақталуы өз кезегінде тұтқырлықты арттырады.

Тұтқырлық температурага тәуелді болады, сондықтан әруакта температура көрсетіледі. Мұнай өнімдері үшін жасалған техникалық талаптарда тұтқырлық әдетте негізінен 50 және 100°C температураларда нормаланды.

Мұнай майларының тұтқырлықты-температураның қасиеттерін бағалау үшін тұтқырлық индексі ұсынылған: 500 және 100°C температуралардағы тұтқырлық қатынасы ($\frac{\nu_{50}}{\nu_{100}}$) және т.б. Тұтқырлық индексі (ТИ) – шартты көрсеткіш, ол сыйналушы май және эталондық май салыстырмалы сипаттамасы болып табылады. Тұтқырлық индексі мәні майлар ν_{50} және ν_{100} мәндері негізінде құрастырылған арнайы кесте бойынша есептеледі. Температура өзгерген сайын тұтқырлық мәні аз өзгеретін болса, соғұрлым оның ТИ жоғары болады. Тұтқырлық индексі майдың химиялық құрамына және көмірсүтектердің құрылымына байланысты екендігі анықталған. Тұтқырлық индексінің ең жоғары мәніне парафинді көмірсүтектер ие, ал тәменгі мәніне бүйірлік тізбектері қысқа полициклді ароматты көмірсүтектер ие.

Тұтқырлық аддитивті емес қасиет және мұнай дистиляттары қоспасы немесе майлар үшін экспериментальды немесе арнайы номограммалар бойынша анықталады.

Мұнайдың оптикалық қасиеттері. Мұнайдың физика-механикалық қасиеттерін анықтау үшін арналған талдаулардың химиялық әдістеріне косымша түсі, сыну көрсеткіші, оптикалық активтілігі сияқты оптикалық қасиеттерді пайдаланады. Бұл көрсеткіштер кейбір мұнай өнімдері үшін жасалған ГОСТ-ға енгізілген. Одан басқа, оптикалық көрсеткіштері бойынша мұнай өнімдерінің тазалану терендігі, мұнайдың жасы және табигаты туралы білуге болады.

Мұнайлардың түсі бір кен орны шегінде өзгереді. Жалпы таралған пікірлер бойынша мұнай үнемі қара түсті бола бермейді. Сонымен бірге «ак» және «қызыл» түсті мұнайлар болады. «Ак» мұнай – мәлдір, кіші тұтқырлықтағы түссіз сұйықтық және қағида бойынша газоконденсатты табигатты болып келеді. «Қызыл» мұнай тығыздығы $0,782 \text{ g/cm}^3$; ал 420 m терендікте «қызыл» мұнай, тығыздығы $0,810 \text{ g/cm}^3$; және одан да терендікте мұнайдың түсі қонырдан қараға дейін жетеді. Мұнай және мұнай өнімдеріне түсті олардың құрамындағы жоғары молекулалық заттар, яғни құрамында көміртегі, сутегі, оттегі, күкірт, азот және металдар бар заттар береді. Әдетте мұнай және мұнай өнімдері негұрлым ауыр болған сайын олардың құрамында жоғарыда аталған заттар көп және түсі қара болады.

Оптикалық активтілік. Мұнай және оның фракциялары оптикалық активті заттар болып табылады. Оптикалық активтілік дегеніміз заттардың олар арқылы жазық поляризацияланған жарықты өткізген кезде поляризация жазықтығының бұрылуын тудыруы болып табылады.

Сыну көрсеткіші ортасын оптикалық тығыздығын сипаттайтын және мұнай және мұнай өнімдерінің топтық көмірсүтектік құрамы туралы білуге, сонымен катар тығыздық және молекулалық массамен бірге алғанда – мұнай фракцияларының құрылымдық-топтық құрамын есептеуге мүмкіндік береді. Сыну көрсеткіші немесе рефракция коэффициенті, және тығыздық дербес заттардың манызды физикалық константасы болып табылады. Олардың көмегімен мұнайдан синтезделген немесе бөлінген заттар тазалығы анықталады. Сыну көрсеткішінің шамасы жарық екі ортасының шекарасына берілетін толқын ұзындығына және ортасын температурасына байланысты болады. Сондықтан сыну көрсеткішінің символында аталған екі көрсеткіш те көрсетілуі тиіс. Көпшілік жағдайда n_{D}^{20} : бұл 20°C температурада натрийдің сары сыйығы үшін арналған сыну көрсеткіші (толқын ұзындығы $\lambda_0=589 \text{ nm}$). Анықтау күн жарығында немесе шаммен жарығымен натрий буын арнайы приборларда қыздыру арқылы жүргізіледі, приборлар ретінде дәлдігі 0,0001 рефрактометрлер колданылады. Анықтау дәлдігі үлкен манызға ие, себебі әртүрлі

көмірсүтектердің сыну көрсеткіштері бір – біріне жақын шамада болып келеді (16-кесте).

16-кесте . Эр түрлі кластиң кейбір көмірсүтектерінің сыну көрсеткіштері

Молеку- ладағы көмірtek атомы саны	Алкандар		Алкендер		Цикландар		Ароматты	
	Көмір- сүтек	n_D^{20}	Көмір- сүтек	n_D^{20}	Көмір- сүтек	n_D^{20}	Көмір- сүтек	n_D^{20}
C ₅	пентан	1,3575	Пентен-1	1,3715	Цикло- пентан	1,4065	-	-
C ₆	гексан	1,3749	Гексен-1	1,3879	Цикло- гексан	1,4262	бензол	1,5011
C ₇	гептан	1,3876	Гептен-1	1,3998	Метил- цикло- гексан	1,4230	толуол	1,4969
C ₈	октан	1,3974	Октен-1	1,4087	Этил- цикло- гексан	1,4330	Этил- бензол	1,4959
C ₉	нонан	1,4054	Нонен-1	1,4157	Пропил- цикло- гексан	1,4371	Пропил- бензол	1,4920
C ₁₀	декан	1,4119	Декен-1	1,4217	Бутил- цикло- гексан	1,4408	Бутил- бензол	1,4898

Мұнайдың жылулық қасиеттері. Мұнай зауыты аппаратураларын есептеу үшін мұнай мен мұнай өнімдерінің жылулық қасиеттері колданылады.

Жылулық константаларды (тұрақтыларды) анықтау қын, сондыктан да іс жүзінде басқа онтайты көрсеткіштер бойынша константаларды табуға мүмкіндік беретін жалпылама есептеу тендеулері немесе графиктерін колданамыз.

Заттың массалық жылу сымдылығы – бұл 1 кг затты бір градусқа қыздыруға кажетті жылу мәлшері. Ол орташа ($C_{p,v,op}$) және нағыз ($C_{p,v}$) жылу сымдылық болып белінеді:

$$C_{p,v,op} = \frac{q}{t_2 - t_1}; \quad C_{p,v} = \frac{dq}{dt}, \quad (97)$$

мұндағы q – 1 кг затты қыздыруға жұмсалған жылу, кДж/(кг·К); t_1 және t_2 – заттың бастапқы және соңғы температуралары, К; $C_{p,v,op}$ және $C_{p,v}$ – тиісінше тұрақты қысым мен көлемдегі орташа және нағыз жылу сымдылық.

Негұрлым $\Delta t = t_2 - t_1$ температулар айырмасы аз болған сайын, соғұрлым орташа жылу сымдылық өз мәні жағынан нағыз жылу сымдылықта жақындей түседі.

Заттардың жылу сымдылығы сыртқы жағдайларға, яғни қысым мен көлемнің өзгеруіне тәуелді болады. Тұрақты қысымдағы жылу сымдылық (C_p) тұрақты көлемдегі жылу сымдылықтан (C_v) газды ұлғайту жұмысына кететін жылу мәлшеріне тең шамада улкен. Жылу сымдылық массалық Дж/(кг·К) немесе молдік бірлікпен Дж/(моль·К) өрнектелуі мүмкін. Заттың массалық жылу сымдылығы мен молекулалық массасын біле отырып оның молдік жылу сымдылығын мына тендеумен есептеуге болады:

$$C_p = M \cdot C_p^*, \quad (98)$$

мұндағы C_p мен C_p^* – тиісінше тұрақты қысымдағы заттың массалық және молдік жылу сымдылығы; M – заттың молекулалық массасы. Заттардың молдік жылу сымдылығы температура мен молекулалық массага тәуелді және олар артқан сайын жоғарылайды.

Сұйық мұнай өнімдерінің жылу сымдылығы мұнай өнімдерінің табигаты мен температурага тәуелді. Сұйық мұнай өнімінің тығыздығы артқан сайын оның жылу сымдылығы кемиді, ал температура артқан сайын - өседі. Қысым артса сұйық мұнай өнімдерінің орташа жылу сымдылығы аз өзгереді.

Мұнай булатының да жылу сымдылығы мұнай өнімдерінің табигаты мен температурага тәуелді. Дегенмен сұйық мұнай өнімдеріне қарағанда булаттың жылу сымдылығы қысым артқан сайын күшті өзгереді.

Жылу сымдылық – аддитивті шама, сондыктан да, мұнай өнімдері коспасының құрамын біле отырып жылу сымдылығы және ны құраушы компоненттердің массалық үлесі бойынша мұнай өнімінің жылу сымдылығын анықтауға болады[28-35]:

$$C_{p_{\text{мн}}}^* = C_{p_1}^* \cdot x_1^* + C_{p_2}^* \cdot x_2^* + C_{p_3}^* \cdot x_3^* + \dots + C_{p_n}^* \cdot x_n^*, \quad (99)$$

мұндағы $C_{p_{\text{мн}}}^*$ – заттардың (мұнай өнімінің) коспасының массалық жылу сымдылығы; $C_{p_1}^*, C_{p_2}^*, C_{p_3}^*, \dots, C_{p_n}^*$ – жеке заттардың жылу сымдылықтары; $x_1^*, x_2^*, x_3^*, \dots, x_n^*$ – жеке заттардың массалық концентрациялары.

Буланудың жасырын массалық жылуы – қайнау температурасында 1 кг сұйықтықты буға айналдыруға кажетті (немесе бу конденсацияланғанда болінетін) жылу. Кез келген табигаттағы мұнай фракцияларының буланудың жасырын жылуын мұнай фракцияларының буланудың жасырын жылуын олардың орташа қайнау температурасымен, мұнай фракцияларының молекулалық массасы және сипаттаушы ықпалмен байланыстыратын Трутон-Кистяковский тендеуі бойынша анықтауға болады:

$$\frac{Mq_{\text{бр}}^m}{T} = K$$

$$\text{және } K = 8,75 + 4,571 \cdot \lg T, \quad (100)$$

мұндағы $q_{\text{бр}}^m$ - заттың булануының массалық жылуы, кДж/кг; M - заттың молекулалық массасы, кг/кмоль; T - сұйықтықтың абсолютті кайнау температурасы, К; K - сипаттаушы ықпал (көптеген көмірсүтектер мен олардың коспасы үшін қалыпты қысымда 20÷22).

Балқудың жасырын массалық жылуы – балқу температурасындағы сұйық күйге өткендегі 1 кг катты дене сініретін жылу мөлшері (немесе қатқанда бөлінетін).

Технологиялық есептеулерде бензол, нафтилин, парафин және церезиннің балқуының жасырын жылуын пайдаланады.

17- кесте . Эртурлі көмірсүтектердің булануының жасырын жылуы

Көрсеткіштіктері	Көмірсүтектер									
	Пропан	Пен-тан	Гексан	Гептан	Октан	Циклон-пента	Метилциклогексан	Диметилциклогексан	Бензол	Толуол
Кайнау температурасы, °C	-44	36	68	98	125	69	98	118,5	-80,5	110,5
Буланудың жасырын жылуы, кДж/кг	410,2	353,2	332,7	310,1	297,9	365,8	317,2	300,4	397,6	360,3

Балқудың жасырын жылуы орта қысымы мен заттың балқу температурасына тәуелді.

18 кесте. Парафиндер мен церезиндердің балқуының жасырын жылуы

Көмірсүтектер	Балқу температурасы, °C	70°C-ғы тығыздығы, г/см³	Молекулалық масса, кг/кмоль	Балқу жылуы, кДж/кг
Парафиндер	52,2	0,7735	326	163,0
	57,3	0,7742	389	170,1
Церезиндер	60,9	0,7746	427	174,7
	65,4	0,7750	501	183,9

Сублимацияның жасырын массалық жылуы – сұйық күйге сокпай бу тәрізді күйге өткендегі 1 кг катты дене сініретін жылу мөлшері. Ол балқудың жасырын массалық жылуы мен буланудың жасырын массалық жылуының косындысына тең. Өндірісте сублимацияның жасырын

массалық жылуын нафтилинді майсыздандыру кондырғыларын есептеуде колданады.

Заттардың жылу өткізгіштігі жылу өткізгіштік коэффициентімен λ сипатталады және қабаттың екі жағындағы температурарап айырмасы бір градус болғандағы қалындығы 1 м, ауданы 1 м² материал қабаты арқылы 1 сағ ішінде өтетін жылу мөлшері ретінде аныкталады. Жылу өткізгіштік заттың табигаты мен температурага тәуелді. Газдар мен булар ең төмен жылу өткізгіштікке, қатты денелер мен металдар ең жоғары жылу өткізгіштікке ие. Орташа есеппен сұйық мұнай өнімдерінің жылу өткізгіштігі 0,377-0,503 кДж/(м·сағ·К) немесе 0,1047-0,1397 Вт/(м·К) құрайды.

Мұнайдың элементтік құрамы. Барлық жанғыш қазбалар бес негізгі элементтерден тұрады – көміртек, сутегі, азот, оттегі және құқірт. Дегенмен жанғыш қазбалардағы олардың мөлшері әр түрлі. Элементтік құрамындағы, ал демек, топтық құрамындағы айырмашылық бастанапқы есімдік материалына және мұнайдың түзілу жағдайларына байланысты. Мұнайдың барлық компоненттері тұратын негізгі элементтер – көміртек пен сутегі. Сутегі мөлшері жағынан мұнай жанғыш қазбалар ішінде аралық орынды иемденеді және мына катарага қарай артады:

Көмір < мұнай < табиғи газ.

Мұнайлардағы көміртек пен сутегі мөлшері анағұрлым тар аралықта тербеледі.

19- кесте .Мұнайдың орташа элементтік құрамы

Элемент	Мөлшері, %
Көміртек (С)	85 - 87
Сутегі (Н)	11 - 15
Құқірт (S)	0,1 - 7,0
Оттегі (O)	1 - 2
Азот (N)	< 0,5 - 0,6

Барлық дерлік мұнайларда көміртек пен сутегімен қатар құқірт, оттегі және азот кездеседі. Осы элементтер косындысы кейде 8 - 10% мас асады. Мұнайдагы азот 1,5% мас аспайды. Негізінен ол жоғары молекулалы, конденсацияланған (шайырлы) қосылыштар құрамына енеді. Сонымен қатар, жоғары шайырлы қосылыштар құрамына оттегі (0,1 - 2% мас) мен құқірттің біршама мөлшері енеді. Азот пен оттегіден айырмашылығы құқірттің басым мөлшері парафиндердің төмен молекулалы қосылыштарында шоғырланған. Эр түрлі кен орындарында өндірілген мұнайлардың элементтік құрамы әртурлі. Тұтасымен көміртек пен сутегіден тұратын мұнайлар (АҚШ-тағы Пенсильвания штаты; Өзбекстан) немесе жоғары құқіртті мұнайлар (Волга-Жайық мұнай-газды

облысы, Башкортстан мен Татарстандағы кен орындардың мұнайлары) бар. Уақытқа қарай мұнайдың элементтік құрамы да өзгереді. Мұнайдың жасы артқан сайын ондағы оттегі, азот және күкірт мөлшері азаяды, көміртек пен сутегі мөлшері артады. Гетероэлементтердің ыршып шығуы карапайым қосылыстар түрінде өтеді – CO_2 , H_2O , H_2S , NH_3 , S , N_2 . Жоғарыда аталған элементтерден басқа мұнайларда азғана мөлшерде өте көптеген элементтер, соның ішінде Ca , Mg , Fe , Al , Si , Ge , V , Ni , Na , Bi және басқалар кездеседі. Осы элементтердің мөлшері пайыздың азғана үлестерімен өрнектеледі. Мысалы, мұнай өнімдерінде германий 0,15-0,19 г/т мөлшерде анықталған. Барлығы мұнайларда 50 астам элементтер табылды. Тағы бір айта кететін жайт, ванадий мен никель жер қыртысында микроэлементтер болып табыла отырып, мұнайларда мөлшері жағынан металдар ішінде бірінші орынды иеленеді. Сонымен қатар, ванадий тек күкіртті және шайырлы мұнайларда кездеседі.

Мұнайдың гетероатомды қосылыстары. Гетероатомды қосылыстарға құрамына көміртек пен сутегіден басқа азды-көпті мөлшерде оттегі, күкірт және азоттің органикалық қосылыстар жатады. Соған қарамастан, элементтік талдауға сәйкес мұнайдагы гетероатомдардың қосынды мөлшері көп емес, сол гетероатомды қосылыстар шикі мұнайдың 20% мас. дейінді құрайды.

Оттегілі қосылыстар. Мұнайдагы оттегі келесі функционалды топтар және қосылыстар түрінде кездеседі: карбонил тобы (негізінен кетондар), жай эфирлер, күрделі эфирлер, фенолдар, спирттер, қышқылдар, шайырлы-асфальтенді заттар.

Оттегінің басым мөлшері мұнайда фенолдарда (әсіресе шайырлы мұнайларда), нафтенді және алифатты қышқылдарда болады. Алифатты қышқылдар мұнайларда калыпты және изомерлі құрылымда кездессе, ал нафтенді қышқылдар нафтенді көмірсу-тектер – циклопентан мен циклогексан туындылары болып табылады. Парафинді мұнайларда алифатты қышқылдар, ал нафтендіде – нафтенді қышқылдар басым болады. Нафтенді қышқылдарды мұнайдан шығарып тастауға тырысады, себебі, олар металдармен тұздар тұзеді де, аппарат пен құбырлардың бұзылуына апарып соғады. Сонымен қатар, сілтілік металдардың наftenаттары – бұл мұнай деэмультгаторлары және оларды оны сузыздандыру үшін қолданады.

Құрамында күкірті бар қосылыстар. Мұнайдагы күкіртті қосылыстар мөлшері кең ауқымды – ізінен бастап 7% мас. дейінгі аралықта кездеседі. Мұнайда табылған 200 астам әртүрлі күкіртті қосылыстарды атауға болады. Негізінен мұнайда күкірт келесі түрде кездеседі: элементтік күкірт, күкіртсүтек, меркаптандар, сульфидтер (тиоэфирлер) мен дисульфидтер (дитиоэфирлер), циклі қосылыстар мен олардың гомологтары. Күкірт карапайым зат және күкіртсүтек түрінде мұнайда еріген күйде болады. Мер-каптанды күкірт мөлшері жалпы мөлшерінің 7% мас. дейін жетеді. Меркаптандар бензинді фракцияларда да

көп шоғырланған. Сульфидтер бензинді және лигроин-керосинді фракцияларда көп тараған, олар барлық күкіртті қосылыстар жиынтығының 50-ден 80% мас. дейінді құрайды, ал дисульфидтер – керосин-газойлді фракцияларда болады. Оның үлесіне жалпы күкірттің 15% мас. дейін тиеді. Циклі қосылыстар – тиацикландар (циклі сульфидтер), тиофен пен оның гомологтары – керосинді және майлар фракцияларда шоғырланған. Олар жалпы күкіртті қосылыстардың тек бірнеше пайызын құрайды.

Шикі мұнайда күкірт меркаптандарда, сульфидтерде және дисульфидтерде басым, ал термиялық өндеуден соң ауыр өндеу өнімдері құрамына негізінен ароматты гетероциклді қосылыстарға енеді. Күкірт – мұнайдагы ең зиянды элемент, өйткені металды коррозияға ұшырататын және отындардың антидетонациялық қасиеттерін және мұнайды өндеудің екіншілік өнімдерінің (мұнай коксі) сапасын төмендететін өте агрессивті қосылыстарға (күкірт, күкіртсүтек пен меркаптандар) енеді.

Құрамында азоты бар қосылыстар. Азоттың басым белігі шайырлы заттарға шоғырланған, бірақ ароматты немесе алифатты амин топтары түрінде кездеседі. Мұнайдың азотты қосылыстары екі негізгі топка бөлінеді: азотты негіздер және «бейтарап» (әлсіз негізді) қосылыстар.

Азотты негіздер мұнай фракциялары бойынша бірқалыпты тараған және азотты қосылыстардың жалпы мөлшерінің 20-дан 40% мас. дейін мөлшерін құрайды. Мұнайдың қайнау тәмен фракцияларында алкил сипаттас, ал қайнауы жоғарысында – құрамында бірнеше конденсацияланған бензолды немесе нафтенді циклі молекулалары шоғырланған.

«Бейтарап» азотты қосылыстарға индол мен карбазол туындылары, циклі амидтер мен порфиридер жатады. Одан басқа, мұнайларда құрамында азоттан басқа күкірті бар гетероциклді қосылыстар (тиазолдар) да табылған.

Барлық құрамында азотты бар қосылыстар термиялық тұракты және мұнай өнімдерінің пайдалану қасиеттеріне елеулі әсер етпейді.

Шайырлы-асфальтенді заттар. Мұнайдың гетероатомды қосылыстары тобына шайырлы-асфальтенді заттарды жатқызады, оның құрамына мұнайдың келесі гетероатомдарының барлығы енеді: оттегі, азот және күкірт. Олардағы гетероатомдардың жиынтық мөлшері 14% мас. дейін жетеді. Мұнайдан ашық түсті фракциялары мен май дистилляттарын айдағаннан кейінгі алынған гудрон шайырлы-асфальтенді қосылыстардан тұрады. Молекулалық құрылымы жағынан бұл қосылыстар тек үзігі немесе көмір затына ұқсас. Осы қосылыстар құрамы шайырлар мен асфальтендерге бөлінеді.

Шайырлар – ұзын алифатты бүйірлік тізбектері бар конденсиленген циклі қосылыстар. Кошыл түсті қою тұтқыр заттар. Олардың тығыздығы судан көп (1,1 г/см³), молекулалық массасы 600-700 кг/моль.

Асфальтендер – кыска алифатты бүйірлік тізбектері бар поліциклді ароматты күшті конденсирленген жүйелер. Қара түсті катты балкуы қын омырылғыш заттар, алкандарда ерімейді. Молекулалық массасы 2000-3000 тең, ал кейде 6000 кг-кмоль-ден асады. Асфальтендер молекуласын шайырдың бірнеше молекуласының конденсациялану өнімі (қосылыс) ретінде қарастыруға болады. Асфальтендер молекуласы өз құрылсына қарай ассоциаттарға бірігүе қабілетті. Молекулалары өзара көмірсүтекті, гетероатомды тізбектермен немесе көршілес молекулалардың ароматты үзіктірінің арасындағы π-π-әрекеттесулермен жалғасқан. Мұнайды термиялық өндегендегі асфальтендер, дәлірек айтқанда ассоциаттар басты кокс түзушілер болып табылады.

Мұнайдың молекуладан сырт құрылымы. Мұнай – бұл дисперсті орта мен дисперсті фазаға ие коллоидты жүйе. *Дисперсті орта* – бұл әр түрлі ұсак аспалы бөлшектер болатын сыртқы орта (газ, сұйық), ал *дисперсті фаза* – бұл осы ортадағы аспалы бөлшектер. Мұнай жүйесінде дисперсті орта су мен сұйық төмен және орта молекулалық көмірсүтектер, ал дисперсті фаза – шайырлы-асфальтенді заттар болып табылады.

Молекулааралық әрекеттесу құштері әсерінен шайырлы-асфальтенді заттар ассоциаттар – конденсацияланған ароматты көмірсүтектер пакетін түзеді. Мұндай пакеттер сұйық көмірсүтекті фазада орналасқан және мұнай бөлшектерінің ядроларын түзеді. Ядроға жақын оны сольватты қабыршакпен коршаған шайырлар қабаты орналасады. Содан кейін орташа молекулалық массага ие көмірсүтектерден өтпелі қабат орналасқан. Бұл қабатта молекулаларды бір-біріне тартатын құштердің әсері жоқ. Молекулааралық әрекеттесулер әсерінен жинақталған мұндай жүйе термодинамикалық тұрақсыз және сактаушы ыдыстар немесе құбырлар қабырғасы болып табылатын бөгде заттар немесе бұйымдар қатысуымен тез бұзылады. Сондыктan да мұнайды тасымалдағанда оның құрамына тұрақтандырыш агенттер енгізу кажет.

Мұнай жүйесінің құрылымын зерттеу үшін оптикалық (рентгендік сәуле), электрондық (кондуктометрия) әдістерді және фракциялау әдістерін (бөлшектеп тұндыру, сатылы экстракция, гель-енуші хромотография) колданады. Осы әдістер арқылы дисперсті бөлшектер өлшемдерін және өлшеміне қарай олардың орналасу мәндерін білу технологиялық үрдістерге шикі затты іріктеуде, тауарлық өнімдерді дайындағанда, сакталғандағы, пайдаланғанда және өндегендегі мұнайдың дисперсті жүйелерінің беталысын болжауга кажет болады.

Мұнайдың фракциялық құрамы. Мұнай сапасының маңызды көрсеткіші фракциялық құрамы болып табылады. Оны біртіндеп буландыру әдісін колданып зертханада айдау арқылы анықтайды. Анықтау барысында біртіндеп көтерілетін температурада мұнайдан бір-бірінен кайнау шегімен ерекшеленетін беліктер – фракциялар айдалады. Әрбір фракция кайнаудың басталу және аяқталу температураларымен

сипатталады. Мұнайды өнеркәсіптік айдау бір ретті буландыру және одан әрі ректификаттау деп аталағын схемаларға негізделеді. 350°C дейін кайнайтын фракцияларды атмосфералықтан шамалы жоғары қысымда алады, олар ашық дистилляттар (фракциялар) деп аталаады. Фракцияларды оларды одан әрі қолдану бағытына қарай атайды. Негізінен атмосфералық айдауда келесі ашық түсті дистилляттарды алады: 140°C (кайнаудың басталуы) – бензиндік фракция, 140-180°C – лигроиндық фракция (ауыр нафта), 140-220°C (180-240°C) - керосиндік фракция, 180-350°C (220-350°C, 240-350°C) – дизелдік фракция (женіл немесе атмосфералық газойль, солярлы дистиллят). 350°C жоғарыда қайнайтын фракция ашық дистилляттарды алғаннан қалған қалдық болып табылады және мазут деп аталаады. Мазутты вакуумда айдайды және одан әрі мұнайды өндеу бағытына байланысты келесі фракцияларды алады: отындар алу үшін - 350-500°C вакуумды газойль (дистиллят), >500°C вакуумды қалдық (гудрон); майлар алу үшін - 300-400°C (350-420°C) женіл май фракциясы (трансформаторлық дистиллят), 400-450°C (420-490°C) орташа май фракциясы (машиналық дистиллят), 450-490°C ауыр май фракциясы (цилиндрлік дистиллят), >490°C гудрон. Мазут және одан алынған фракциялар – кара түсті.

Демек, фракциялау – бұл компонеттердің күрделі қоспасын қарапайым қоспаларға немесе жеке құраушыларға бөлу. Мұнайды біріншілік және екіншілік өндеуден алынған өнімдерді, егер олар 350°C дейін кайнайтын болса ашық түстілерге жатқызады, ал олардың кайнау температурасы 350°C және одан да жоғары болса, онда кара түстілерге жатады. Әр түрлі кен орындары мұнайларының фракциялық құрамы, ашық және кара түсті фракциялар мөлшері әртүрлі болады. Мұнай және мұнай өнімдеріне берілетін техникалық шарттарда мыналар нормаланады. Мұнайлар сыныптамасы: химиялық, өнеркәсіптік, технологиялық. Мұнайдың қасиеттері оны өндеу бағыттарын анықтайтын және мұнайдан алынатын өнімдерге әсер етеді, сондыктan да мұнайлардың химиялық табиғатын кескіндейтін және мүмкін өндеу бағыттарын анықтайтын сыныптаманын алуан түрлері бар.

Химиялық сыныптама мұнайлардың топтық құрамына негізделген. Осыған сәйкес келесі мұнайларға бөледі: метанды (парафинді); нафтанді; метан-нафтанді (парафин-нафтанді); ароматты; метан-нафтен-ароматты (парафин-нафтен-ароматты); нафтен-ароматты. Мысалы, парафинді мұнайларда алкандар мөлшері басым; парафин-нафтен-ароматты мұнайларда барлық үш класс көмірсүтектері бірдей мөлшерде кездеседі; нафтен-ароматты мұнайлар тікелей циклоалкандар мен арендер мөлшері болуымен сипатталады, әсіресе ауыр мұнайларда. Өнеркәсіптік сыныптама мұнай тығыздығына негізделеді. Бұл сыныптамада мұнайдың 3 типін бөледі: женіл, олардың тығыздығы 0,878 г/см³ төмен; ауырлау – 0,878-ден 0,884 г/см³ дейін; ауыры – 0,884 г/см³ жоғары.

Мұнайдың технологиялық сыныптамасы бойынша мұнайларды құқірт мәлшеріне қарай үш типке, 350°С дейін кайнайтын фракциялар шығымына қарай үш типке, базалық майлардың потенциалдық мәлшеріне қарай төрт типке, тұтқырлық индексіне қарай екі топшаға, катты парафин мәлшеріне қарай үш түрге бөледі.

Табиғи газ. Құрамы. Табиғи газдар табиғатта болуына байланысты келесі түрде бөлінеді: мұнайға ілесетін (ілеспе) және газ-кondенсатты кен орындарынан өндірілетін. Ілеспе газдар мөлшері үнемі мұнайдың 1 т-на келетін m^3 өрнектейтін газ ықпалымен анықталады. Табиғи газдың басты бөлігі метан болып табылады. Метаннан баска, табиғи газ құрамына оның туыс гомологтары: этан, пропан, бутан енеді. Әртүрлі кен орнының табиғи газының құрамы әртүрлі. Табиғи газдың орташа құрамы мынадай (%-көл. түрінде): метан – 80-97; этан – 0,5-4; пропан – 0,2-1,5; бутан – 0,1-1; пентан – 0-1. Ал қалған газдарға 2-ден 13 %. көлем тиеді. Газ-кondенсатты кен орындарының газдарының құрамында метанмен катар C_5 және одан да жоғары гомологтар мөлшері басым келеді. Бұл көмірсүтектер шығарда қысымды төмендеткенде газдарды конденсациялайды да, сүйық фаза түзеді. Осы kondенсатты алып тастаса құрамы табиғи газға жақын болады.

Көмірсүтектерден баска табиғи газ құрамында азот, оттегі, инерпті газдардың біршама мөлшері, көміртек дитотығы кездеседі. Мысалы, азот мөлшері 0-ден 30-50 %.көл, кейде басым бөлігін құрайды. Көміртек дитотығынің мөлшері 0-ден 10-15 %.көл. Құқіртсүтек тікелей іліспе мұнай газдарында болады: оның мөлшері оннан бір бөліктен бастап 6 %.көл дейін кездеседі. Гелий мен аргон мөлшері көп емес, 0,1 %.көл дейін. Метан мұнайда газ түрінде, ал оның гомологтары – ерітінді түрінде болады. Кен орнында қысым жоғары болса, онда газ іс жүзінде метаннан тұрады, қысым тәмендесе метан гомологтарының мөлшері артады. Соңдықтан да мұнайы бар көкжиекті пайдалану сонында мұнайдан сүйық көмірсүтектер мөлшері басым – газды бензин бар газ бөлінеді. Газды бензин мөлшеріне қарай құрғак және майлы табиғи газдарға бөлінеді. Құрғак газдарда газды бензин $100 \text{ г}/\text{м}^3$ -тен аспайды, ал 1 м^3 -та 100 г астам газды бензині барлар майлыштарға жатады.

Көмірсутекті газдарды өндөу туралы ұғым. Барлық көмірсутекті газдарды шығу тегіне қарай екі үлкен топқа бөлуге болады: біріншілік және екіншілік.

Біріншілік көмірсұтекті газдар – тікелей жер койнауынан өндірілетін газдар. Орналасу жағдайына қарай табиғи және ілеспе газдарға бөлінеді. Табиғига құрамы жағынан жеңіл газдар (метаннан бутанға дейін), сондай-ак газ-конденсаттың орын газдары жатады.

Ілеске газдар – мұнаймен бірге мұнай кен орнынан өндірілетін газдар.

Екіншілік көмірсүтекті газдар – мұнайды өндегендे термокаталитикалық түрлену есебінен түзілетін жеңіл көмірсүтектер. Оларға әдетте метаннан пентанға дейінгі көмірсүтектер кіреді әрі қаныққан және қанықпаған болып келеді.

Қаныққан екіншілік көмірсүтекті газдар – бұл құрамында тек мұнайды біріншілік дистилдегендеге және сутегі артық мәлшерінде атмосферада өтетін каталитикалық үрдістерде (гидрокрекинг, гидротазалау, изомерлеу, каталитикалық риформинг) түзілетін қаныққан көмірсүтектері бар газдар. Қанықпаган екіншілік көмірсүтекті газдар – бұл каталитикалық крекинг, термиялық крекинг, кокстейу, пиролиз сиякты сутегі жетіспейтін деструктивті үрдістерде түзілетін құрамында парафинді көмірсүтектері бар газдар.

Ректификаттау үрдістерінің физика-химиялық негіздері. Көп компонентті сұйықтықты фракцияларға немесе жеке заттарға бөлуді оны қыздыру және одан түзілген буларды алып кету арқылы жүзеге асыруға болады. Булар сұйықтың бетінде (буландыру) және тұтас көлемінде (қайнау) түзілуі мүмкін. Сыртқы қысым мен берілген температурадағы сұйық буының қысымы тенескен жағдайда қайнайды. Негұрлым сыртқы қысым тәмен болса, согұрлым тәменірек температурада сұйық қайнай бастайды. Егер көп компонентті сұйықты қайнағанша қыздырсақ, онда түзілген булар онымен тепе-тендікте болады. Енді осы булы-сұйық коспаны екі – тәменгі және жоғарғы штуцері бар бос цилиндрге (сепараторга) берейік. Сепараторда қоспа екі – булы және сұйық фазага болінеді. Булы фаза жоғарғы штуцер арқылы, ал сұйық тәменгі штуцер арқылы кетеді. Сонымен бірге булы фаза жenіл қайнайтын (қайнауы тәмен), ал сұйық – ауыр қайнайтын (қайнауы жоғары) компоненттермен байытылады. Мұндай үрдіс бір ретті булану деп аталады. Мұны қайнау температурасының сұйық фазаның кұрамына тәуелділігін білдіретін, балықша деп аталатын диаграммамен жаксы түсіндіруге болады. Тәменгі қисық сұйықтың қайнауының басталу температурасының қисығы болып табылады. Оның астында қайнамайтын сұйық, ал үстінде – сұйық пен қанықкан будын қатар өмір сүретін аумағы жатыр. Жоғарғы қисық үстінде аса қызған бу аумағы бар. Ең жоғарғы қисық – бұл булы фазаның конденсациялану қисығы.

Абсорбция, экстракция және адсорбция үрдістерінің физика-химиялық негіздері.

Абсорбция дегеніміз газ еріген сұйық сініргіштердің (абсорбенттердің) газдарды сініру процесі. Еріген газдардың еріткіштен белінуін білдіретін кері үрдіс *десорбция* деп аталады. Абсорбциялық үрдістерге газды және

сұйық фаза қатысады. Абсорбцияда заттар газды фазадан сұйыққа, ал десорбцияда керісінше – сұйыктан газға етеді.

